EGEMEN QAZAQSTAN

www.egemen.kz | E-mail: info@egemen.kz | №182 (29413) 26 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ 2018 ЖЫЛ | FACEBOOK.COM/EGEMENKZ | TWITTER.COM/EGEMENKZ

THE NEW YORK TIMES
ЕНДІГІ МЕЖЕ – ӨЗДІГІНЕН ҰШУ
3-бет

TÝRIZM
«ТУҒАН ЖЕРІН СҮЙЕ АЛМАҒАН, СҮЙЕ АЛАР МА ТУҒАН ЕЛІН?»
5-бет

ATAMEKEN
«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНЕ САЯХАТ» ЖОБАСЫ – ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕ
6-бет

DIDAR
ҚҰСБЕГІ ҚЫЗДАР
12-бет

Елбасының апталық кестесі

Президенттің баспасөз қызметі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өтетін алдағы іс-шаралар аңдатпасы туралы хабарлады.

28 қыркүйекте Қазақстан Президенті Душанбе қаласында өтетін ТМД елдері басшылары кеңесінің кезекті отырысына қатысады.

Басқосуда тараптар Достастық мемлекеттері ықпалдастығының келешегіне қатысты ой-пікір алмасып, ұйым жұмысының тиімділігін одан әрі арттыру мәселесін қарастырады.

Мемлекет басшысының саммитте бірқатар екіжақты кездесу өткізуі жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Түркістан облысына және Шымкент қаласына барады.

Жүрек донорының тапшылығы

ұлттық кардиохирургияда қалай шешімін тауып жатыр?

Еліміздегі Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығының трансплантация бойынша күту парағында кезекте тұрған науқастың саны – 100. Бірақ жүрек трансплантациясын қажет ететін науқастардың саны іс жүзінде 300-ге дейін жетуі мүмкін дейді мамандар.

Майгүл СҰЛТАН,
«Егемен Қазақстан»

Жаңа технология ашқан жол

Әлемдік статистика Еуропада шамамен 15 млн адам жүрек жеткіліксіздігіне шалдықса, оның 500 мыңға жуығы терминалды сатыдағы науқастар екенін алға тартады. Бұл әлемде жарты миллион адам жүрек трансплантациясына мұқтаж деген сөз.

Стэнфорд профессоры Норман Шамвейд жүрек трансплантациясы әдісін ойлап тапқаннан кейін, тұңғыш трансплантацияны шәкірті Кристиан Барнард 1967 жылы Кейптаун қаласында (Оңтүстік Африка) 55 жастағы науқасқа жасаған болатын. Деректерге сүйенсек, жыл сайын әлемде шамамен 3500 жүрек трансплантациясы жасалады, оның жартысынан көбі АҚШ-та жүзеге асады. Тек Американың өзінде күніне донорға үлгермеген 20 науқас қайтыс болса, күту парағына минут сайын бір адам кезекке жазылатын көрінеді. Елу жылдан астам уақыт ішінде осы әдіс қаншама науқастың көрер жарығын көбейтті.

«Жыл сайын донорын күте алмаған 30-40 пациент жарық дүниемен қоштасады. Дәл қазір ургентті 6 науқас бар. Донордың жоқтығынан биыл біз небәрі 8 жүрек трансплантациясын жасадық. Донор тапшылығы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде үлкен мәселе болып отыр. Сол үшін жүрек трансплантациясына жоғары технологиялар көмекке келуде», дейді «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Махаббат Бекбосынова.

Кардиологтің айтуынша, жүрек жеткіліксіздігінің терминалды сатысын емдейтін бұл клиникада жылына 200-ге дейін жүрек трансплантациясы жасалуы керек. «Жүрегін ауыстыруға мұқтаж пациенттердің саны жыл сайын артуда. Егер норманы орындасақ, жыл сайын 180-200 адамды құрауы тиіс. Елімізде кем дегенде 300 адам жүрек трансплантациясын қажет етеді деп ойлаймын. Өйткені науқастардың 70%-і тиісті ем қабылдамағандықтан қайтыс болады. Мұны әлемдік статистика да растап отыр. Біз де одан алысқа бармаймыз. Бізде бір жағынан донор тапшылығы бар болса, екінші жағынан бұл мәселенің моральдық-этикалық жағы бар. Донор болу үшін бір адамның қайтыс болып, өз жүрегін басқа адамға беруін күтетініміз рас. Осы тұрғыда өте үлкен этикалық проблема да жоқ емес», дейді ол.

(Соңы 9-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ



Іскер әйелдер

отбасын да, Отанын да өрге сүйреп жүр

Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының 40 процентін астамын нәзік жандылар басқарады. Ал жалпы жұмыс істейтін әйелдер үлесі бойынша Қазақстан әлемде Қытайдан кейінгі екінші орында екен. Яғни, еліміздегі еңбек күшінің едәуір бөлігі арулардың еншісінде деген сөз.

Динара БІТІК,
«Егемен Қазақстан»

Қазір әйелдер бизнесін дамыту мемлекеттік бағдарламалар арқылы да, халықаралық қаржы институттарының арнасы арқылы да іске асырылып жатыр. Статистикалық деректерге сүйенсек, «Бизнестің жол картасы-2020» аясында биыл әйелдер кәсіпкерлігіндегі 244 жобаға немесе жалпы жобалардың 34 процентіне субсидия беріліпті. Әйелдер кәсіпкерлігіне шағын несие беру бағдарламасын 2010 жылдан бері «Даму» қоры жүзеге асырып келеді. Бүгінге дейін 1,5 мыңнан астам заемшыға 14 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінген. Мұның бәрі осыдан 20 жыл бұрын Президент жанынан құрылған Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның ілкімді бастамаларымен жүзеге асқан жұмыстардың нәтижесі деуге болады. Бұл ретте «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі де ауқымды шаруа атқарып жүр.

«Негізінен әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуетін әлеуметтік маңызы бар салаларға бағыттау керек», дейді аталған Кеңестің төрайымы Лаззат Рамазанова. Өйткені БҰҰ деректеріне сәйкес, мемлекеттің тұрақтылығы әйелдердің экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтарына тікелей байланысты екен. Оған көптеген зерттеулер дәлел. Мәселен, Бостон Консалтинг групп зерттеуі көрсеткендей, әйелдер құрған компаниялар ер-азаматтар басқаратын компанияларға қарағанда, табысты көбірек табады екен. Өйткені кәсіпкерлікпен айналысу әр адамның жеке мүмкіндігі мен қарым-қабілетіне, көшбасшылық қасиетіне тікелей байланысты.

«Қазақстанда гендерлік теңгерімнің рөлі ең жоғары деңгейде бағаланған, нақты міндеттер мен көрсеткіштер Қазақстан дамуының 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында белгіленген. Аталған құжат бағыттарының бірі – кәсіпкерлік қызметке қажетті ресурстардың барлық түрлеріне ерлер мен әйелдердің бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл шаралар гендерлік аспектіде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігінің талдауы мен ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдау, әйелдер кәсіпкерлігіндегі әкімшілік кедергілерді қысқартуды қамтиды. Сондай-ақ «Атамекен» кеңес беруші органдардың арасынан бірінші болып өз алаңында Іскер әйелдер кеңесін құрды», деді Кеңес төрайымы.

(Соңы 7-бетте)

ТІРШІЛІК ТҮЙТКІЛДЕРІ

Студенттің мұңы – жатақхананың жыры

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуінде жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастарды жатақханамен қамтамасыз ету үшін 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырған болатын. Осы бастамаға орай Ақмола облысында барлығы 2870 орынды қамтитын 11 жатақхана салу жоспарлануда. Әйтсе де оған дейін жатақхананың жыры студенттердің айықпас мұңына айналып тұрған жайы бар.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Егемен Қазақстан»

Сарыала күз туа бауыр басып қалған, білім алып жатқан облыс орталығын сағынған студенттер қайтқан құстай жөңкіледі. Бірақ алдарында шешілер-шешілмесі белгісіз сойылдай мәселе тұр. Бұл сан жылдан бері қордаланып қалған жатақхана мәселесі. Шынын айту керек, қазір ақылы бөлімде білім алып жатқан студенттер былай тұрсын, мемлекеттік оқу грантын жеңіп алған, болашағынан үлкен үміт күттіретін жастарға да жатақхана жетісе бермейді. Біз осы тақырыпты әлімізше қаузап көріп едік. Жетіспеушіліктің сыры оқу орындары басшыларының уәжіне қарағанда, студенттер санының бұрынғыдан әлдеқайда көбеюінде екен.

Себеп осы болғанымен, салдары жан жүдетерлік. Дәл қазір Көкшетау қаласында жататын жер таба алмай жосып жүрген студенттерден көз сүрінеді.

– Пәтер жалдап тұратын болдық, – дейді Абай Мырзахметов атындағы университеттің студенті Қанат Қапаров, – ауылдағы әке-шешеміздің ахуалы белгілі. Тіпті жатақханасыз қалғанымызды оларға айтудың, жандарын жүдетудің реті де жоқ. Сондықтан демалыста елге қатынағанда халжайымызды сұраған ата-анамызға бәрі жақсы дей саламыз. Қазір Көкшетау қаласында бір бөлмелі үйді бір айға жалдаудың құны 50-60 мың теңге шамасында. Екі адам қосылған күннің өзінде ауыр. Сосын төрт-бесеуіміз бірігіп жалдаймыз.

Оқу жылы басталысымен қалта телефонымыз безілдеп қайта-қайта шырылдайды. Ел жақтан келген жастар ғой, әңгіменің ау-жайы баяғы жатақхана жайында.

– Таныстарыңыз көп қой, жатақханадан бір орын алып беруге көмектесіңізші.

Жалынып сұрап тұрған соң жанымыз ашып, осы мәселені шеше алады-ау дейтіндермен сөйлесіп көргенбіз. Олар да жалына қол тигізбейді. Жоққа жүйрік жетер ме?

(Соңы 7-бетте)



infomburo.kz

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: EUR/KZT 416.73 | USD/KZT 354.12 | RUB/KZT 5.37 | CNY/KZT 51.65

Түйткілді мәселелердің түйіні тарқайды

Қазір елімізде егін жинау науқаны қызған шақ. Алтын астықты дер шағында жинап алудың маңызы зор. Осыған байланысты Үкімет басшысы кешегі селекторлық отырыста Ауыл шаруашылығы министрлігіне жұмысты жеделдетіп, тиісті шараларды қолға алуды тапсырды. Сондай-ақ қант тапшылығына қатысты түйткілдің де түйінін тарқатуға тырысты. «Тәтті» төңірегіндегі ахуал Премьер-Министрге баяндалды. Ал жиында күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша жергілікті полиция қызметінің жұмысын жетілдіру, өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру жайы талқыланды.

Динара БІТІК,
«Егемен Қазақстан»

Жиын-терімді жеделдету керек

«Жауын-шашын егін жинау науқанына біраз кедергі келтіріп отыр. Соған қарамастан өңірлерде қарқынды жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда егістік алқаптарының 73 проценті бастырылып, 14 миллион тоннадан астам астық жиналды. Оның ішінде Қостанай облысы 85 проценттен асып, былтырғы деңгейге жақындап қалды. СҚО-да 70,8 процент астық бастырылды», деді Үкімет отырысында Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев. Оның айтуынша, егін бастыру жұмыстарында артта келе жатқан өңірлер де бар. Мәселен, Ақмола облысы астық алқабының – 60, Қарағанды облысы – 57, Павлодар облысы 58 процентін ғана бастырып үлгерген. «Алдыңғы аптаға ауа райының болжамы жақсы, осыны пайдаланып екі-үш облыстың әкімдері қосымша шараларды қолға алуы керек. Жалпы, шығымы жаман емес, түсімі гектарына 13 центнерден айналуда. Алда орылатын алқаптар түсімі жоғары болуы тиіс. Сондықтан көрсеткішті арттыруға мүмкіндік бар», деді Ө.Шөкеев.

Сондай-ақ ол еліміздің бірқатар астықты өңіріне қосымша 50 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінетінін мәлімдеді. «Өткенде әкімдіктер ауа райына байланысты мәселе көтерген болатын. Олар бидайдың ылғалдылығын төмендету үшін қосымша арзандатылған дизель отынын бөлуді сұрады. Жалпы, қазір кестеге сәйкес биылғы егін жинау науқанына 394,4 мың тонна дизель отыны бөлінген. Бағасы бір литріне – 164 теңге», деді Ө.Шөкеев. Айтуынша, аталған көлемнің 73 проценті зауыттардан жөнелтіліп, 89 процентінің қаражаты төленген. «Энергетика министрлігімен бірлесіп, келісе отырып, тағы да қосымша 50 мың тонна дизель бөлу мүмкіндігін тауып отырмыз. Оның ішінде Ақмола облысына – 14 мың, Шығыс Қазақстан облысына – 5 мың, Қарағанды облысына – 2 мың, Қостанай облысына – 13 мың, Павлодар облысына – 2 мың, Солтүстік Қазақстан облысына – 14 мың тонна беріледі. Бағасы 1 литріне – 191 теңге. Ол қазіргі нарықтағы бағадан 9 пайызға арзан», деді министр.

Жауапкершілік әкімдерге жүктелді

Ө.Шөкеев қант мәселесіне қатысты да біраз жайтты баяндады. Оның хабарлауынша, еліміздің барлық облыстары 10 мың тоннадан астам қант сатып алуға мүмкіндіктері бар. «Қант мәселесі бойынша Ресей, Беларусь, Қырғызстанның Еуразиялық экономикалық одақтағы қант өндірушілерімен министрлікте кездесу ұйымдастырдық. Оған біздің кондитерлік фабрикалардың, шырын өндіретін компаниялардың және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың өкілдері қатысты. Нәтижесінде, Еуразиялық экономикалық одақтағы қант өндірушілердің барлығы біздің талаптармен келісіп, қаншалықты сұраныс болса, соны қамтамасыз етуге келісті. Бағасы Ресейдің қазіргі нарықтағы бағасынан жоғары болмайды. Яғни, 1 килосы – 35 рубль. Оның сыртында ресейлік және басқа да өңірлердегі қант өндірушілер біздің кондитерлік фабрикаларға бағаны төмендету үшін тендер ұйымдастыруды ұсынды. Біздің ойымызша, ұйымдасқан тендер болатын болса, онда баға біраз төмендеуі мүмкін», деді министр.

Сонымен қатар ол алдағы уақытта қант тапшылығын болдырмау үшін қазірден бастап әкімдіктердегі тұрақтандыру қорларына аталған өнімді сатып алу қажеттігін баса айтты. «Егер келешекте қанттың бағасы өзгеретін болса, оған әкімдіктер төтеп беру үшін тұрақтандыру қорлары арқылы ықпал жасауға мүмкіндіктері болуы керек. Жалпы, келісім бойынша облыстардың 10878 тонна қант алуға мүмкіндіктері бар. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың мұндай көлемде қант алуға мүмкіндіктері, шоттарында тиісті қаражаты бар», деді Ө.Шөкеев.

Осы ретте Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев облыс әкімдеріне тұрақтандыру қорларына қанттың қажетті көлемін сатып алуды тапсырды. «Өңірлердегі әріптестер, өздеріңіздің қорларыңызға қажетті деңгейде ақшаларыңызды бөліп, қанттың қажетті көлемін жинап алуларыңызды сұраймын. Ертеңгі күні қант жоқ деген шу көтеріліп кетпесін. Қант жеткілікті, жұмыстың барлығы өздеріңізде», деді Үкімет басшысы.

Қылмыс қатары азайды

Елімізде қылмыс түрлерінің басым бөлігі бойынша көрсеткіштер төмендеген. Бұл жөнінде жиында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар мен жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы баяндаған Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов мәлімдеді.

«Аса ауыр, ауыр қылмыс түрлері, сондай-ақ орташа және аса ауыр емес қылмыстар саны азайды. Олардың ішінде: тонау, ұрлау, бұзақылық, зорлық-зомбылық және басқа да қылмыстар бар. Бұрын сотталғандардың, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандар қылмысының төмендеуі байқалды», деген Қ.Қасымов осы және басқа да жақсы өзгерістердің құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ІІМ-нің өңірлік әкімдіктермен бірлесе атқарған жұмыстарының нәтижесі екенін айтты. Жалпы саны 25 мың болатын жергілікті полицияға учаскелік полиция инспекторлары, жол-патрульдік, ювеналдық, табиғатты қорғау полициясы, сондай-ақ әкімшілік жауапкершілік бойынша ұсталған адамдарға белгілі тұрақты жері жоқ адамдарға арналған арнайы мекемелер біріктірілген. Негізінен Ұлт жоспарының 30-қадамын іске асыру мақсатында құрылған жергілікті полиция қызметі өз жұмысын 2016 жылғы 1 қаңтарда бастаған болатын. Ал биылғы жылдың 12 шілдесінде органдар қызметтерін жетілдіруге бағытталған заңдардың бірі қабылданды.

Қ.Қасымов жергілікті полиция құрылған кезден бастап оның материалдық базасы автокөлікпен, байланыс құралдарымен, компьютерлік техникамен айтарлықтай күшейтілгенін атап өтті. Сонымен қатар жол-патрульдік полицияның кадрлық жағдайын жақсарту үшін шаралар қабылдануда, сержанттық лауазымдарды офицерлік лауазымдарға ауыстыру шаралары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қазір үш мыңнан астам лауазым офицерлікке ауыстырылған. Бірақ бірқатар өңірлерде бұл жұмыстар толық атқарылмаған. Ішкі істер министрі өңірлер басшыларының назарын осы мәселеге аудара отырып, аталған мәселені шешу тек полиция қызметкерлерінің жалақысының өсуіне ғана ықпалын тигізіп қана қоймай, кадрлардың сапалық құрамын жақсартатынын атап өтті.

Тапсырмалар тиянақталды

Мәселені талқылау қорытындысында Премьер-Министр Б.Сағынтаев Ішкі істер министрі Қ.Қасымовтың назарын жүргізілген заңнамалық өзгерістерге аударды. Қоғам жуырда қабылданған заңнан көп нәрсе күтіп отырғанын айтып өтті. Премьер-Министр сонымен қатар кадрлық мәселелерді шешуге көңіл бөлді. Бұл учаскелік инспекторларға және жергілікті полиция қызметінің жеке құрамына, атап айтқанда, сержант қызметтерін офицерлік қызметтерге кезең-кезеңмен ауыстыруға қатысты. Сонымен қатар «мектептегі» инспекторлар тәжірибесін дамыту мәселесіне аса байыпты қарау қажет. Аталған бағытта Б.Сағынтаев инспекторлары бар және жоқ мектептер бойынша жасөспірімдер қылмысы статистикасын зерделеу қажеттігін атап өтті. Премьер-Министр әкімдерге өңірлерде орын алып жатқан мәселелерді қарай отырып, Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың арнайы отырыстарын өткізіп, қоғамдық қауіпсіздік деңгейін едәуір нығайтуға ықпал ететін шаралар қабылдауды тапсырды. Бұдан өзге, Ішкі істер министрлігінің ақпараттық тұрғыдан ашық болуы қажеттігіне назар аударды.

Өңірлік бағдарлама өзектендірілді

Қолданыстағы салалық бағдарламаларды оңтайландыру мақсатында 2014 жылы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бірыңғай бағдарламасы қабылданған болатын. Бірыңғай бағдарламаға «Аймақтарды дамыту», «Моноқалаларды дамыту», «Ақбұлақ», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту», «Қолжетімді баспана-2020», сондай-ақ шағын қалаларды дамыту бағдарламасының жобасы енгізілген еді. Кеше Үкімет отырысында осы бағдарламаны іске асыру мен өзектендіру барысы қаралды. Бұл ретте Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов бағдарламаның барлық мақсатты индикаторлары жүзеге асырылып жатқандығын хабарлады. Сондай-ақ министр қолданыстағы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі үкіметтік бағдарламасының міндеттерін, нысаналы индикаторларын, нәтижелер көрсеткіштерін және іс-шараларын өзектендірумен Мемлекеттік бағдарлама мәртебесінде бекіту бойынша жұмыстар жүргізілгенін айтты. Өзектендірілген Мемлекеттік бағдарлама аясында бағыттар тұрғысынан функционалдық қалалық аудандарды дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын дамыту міндеттерін шешу ұсынылған.

Жиында сондай-ақ өңірлерде іске асырылып жатқан жұмыстар туралы Павлодар облысының әкімі Б.Бақауов, Жамбыл облысының әкімі А.Мырзахметов және Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметов есеп берді. Талқылау қорытындысында Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жаңа жобасы мақұлданды.

Цифрландыру өнімді өсіреді

Жиында талқыланған тағы бір мәселе – агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру жайы. Бұл тақырыпта Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Арман Евниев егжей-тегжейлі баяндады. Түйіндей айтсақ, агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, жоспарланған іс-шаралар есебінен ішкі өнімнің жалпы өсімі 3 трлн-нан астам теңгені құрайды. Онда агроөнеркәсіп кешенін цифрландырудың әсері 30 процент немесе шамамен 1 трлн-нан теңге болмақ. Ал С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев өз кезегінде оқу орны АӨК-ті цифрландыру бойынша екі бағытта жұмыс жүргізіп жатқанын айтты. Біріншісі – жер ресурстарын пайдалануға мониторинг жасау, екіншісі – өндіріске дәлме-дәл егіншілік технологияларын енгізу. Сондай-ақ отырыс барысында Қостанай облысының әкімі А.Мұхамбетовтің, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қ.Ақсақаловтың баяндамалары тыңдалды.

Қорытындысында, Премьер-Министр Б.Сағынтаев Ауыл шаруашылығы министрлігіне дәлме-дәл егіншілік элементтерін енгізуді және мал шаруашылығы бойынша смарт-фермаларды енгізу жұмыстарын жылдамдатуды тапсырды.

«Болашақ» стипендиясы тағайындалды

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Жиынды ашқан Г.Әбдіқалықова Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Білім беру тәжірибесінен креативті ойлау дағдысын қалыптастыруға көшу, қажетті ақпаратты таба білу, оны ұтымды пайдалану ғаламдық дамудың маңызды мегатренді болып саналады» деген сөзінің мәніне тоқталды. Қарқынды технологиялық даму жағдайында мамандар өз кәсібін өзгертуге, сондай-ақ білімдерін өмір бойы жаңартып отыруға дайын болуы керектігін атап өтті. «Бүгінде «Болашақ» стипендиясы осындай бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың табысты платформасына айналып отыр», деді Мемлекеттік хатшы.

Комиссия жұмысының барысында «Болашақ» стипендиясы тағайындалатын үміткерлердің тізімі, сондай-ақ стипендияны іске асыруға қатысты бірқатар мәселе қарастырылды.

Комиссия шешімімен 142 үміткерге стипендия тағайындалды. Олар магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша әлемдегі жетекші ғылыми және өндірістік орталықтарға оқуға жіберілетін болады. Жалпы, 2018 жылға жалпы саны 555 стипендия бөлінді.

Басқосу қорытындысы бойынша Г.Әбдіқалықова «Болашақ» халықаралық стипендиясын одан әрі жүзеге асыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Рухы мықты отандастар елге оралды

«BLIND RACE ASTANA – PARIS» құрлықаралық веломарафонына қатысушылар Қазақстанға оралды. «Спортта шекара жоқ» деген ұранмен өткен бұл іс-шараға көзі мүлдем көрмейтін және нашар көретін спортшылар қатысты. Олар еріктілермен бірге Астанадан Парижге дейінгі 5 мың шақырым жолды велосипедпен жүріп өтті.

Жолдыбай БАЗАР,
«Егемен Қазақстан»

Бұл жобаның жүзеге асуына «Нұр Отан» партиясы қолдау көрсеткен еді. Соған орай кеше веломарафон қатысушылары партия Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевпен кездесті. Бес мың шақырым жол, 6 мемлекет және 30 қала. Осыншама қашықтықты бағындырған веломарафоншылар Қазақстан, Ресей, Беларусь, Польша, Германия, Франция елдерін басып өтті.

Бұл жоба өзінің қатысушыларымен ерекше. Себебі олар осындай батыл қадам арқылы

қоғамның мүмкіндігі шектеулі жандарға деген көзқарасын өзгертуді және өз бойларындағы күдік пен күмәнді жеңуді алдарына басты мақсат етіп қойған. Веломарафон барысында қатысушылар күніне 100-200 шақырым жол жүріп отырған. Заңғар жандар негізінен екікісілік велосипедте стокердің (артқы орындықта отырып жүргізетін велосипедші) міндетін атқарған. Ал пилоттың рөлін еріктілер атқарды. Соған байланысты оларға негізінен жолды бағдарлау, велосипедті басқару сияқты міндеттер жүктелсе, басты күш стокерлерге түскен. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі жандардың бұл әрекетін батылдыққа балауға толық негіз бар.

М.Әшімбаев спортшыларды марафонның сәтті аяқталуымен құттықтап, бұл бастама елімізді әлемге танытуға, Қазақстанда паралимпиадалық спорт түрлерінің дамуына және мүмкіндігі шектеулі жандар арасында саламатты өмір салтын насихаттауға үлкен үлесін қосатын игі іс екенін айтты.

– Қатарынан 3 жыл бойы өткізіліп келе жатқан веломарафонға биыл «Нұр Отан» партиясы да қолдау көрсетіп, оның табысты жүзеге асырылуына атсалысты. Соның нәтижесінде жоба құрлықаралық деңгейге көтеріліп, қатысушылар Еуропаның 6 мемлекеті мен 30 қаласын басып өтті. Осы жолдағы сіздердің қажыр-қайраттарыңыз, өмірге деген құштарлықтарыңыз бен жеңіске деген құлшыныстарыңыз, төзімділіктеріңіз бен табандылықтарыңыз және ерік-жігеріңіз – барша халыққа, әсіресе жастарға үлгі болатын өнегелі іс. Халық өздеріңіздей рухы мықты жандарды қашанда құрмет тұтып, мақтан етеді. Алдағы уақытта да партия осындай игі бастамаларға қолдау көрсету ісін жалғастыра береді, – деді М.Әшімбаев.

Сондай-ақ ол партия қызметін жаңғырту аясында қайта жанданған «Кедергісіз келешек» партиялық жобасына да тоқталып өтті.

– Бүгінде партия мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету мақсатында «Кедергісіз келешек» жобасын жүйелі жүзеге асырып келеді. Бұл жоба партия қызметін жаңғырту аясында жанданып, жаңаша қарқын алды. Соның нәтижесінде нақты басымдықтар анықталды. Яғни, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кедергісіз орта қалыптастыру, олардың инклюзивті білім алуларына ықпал ету, жұмысқа орналасуларына қолдау көрсету және осы салаға қатысты заңнамаларды одан әрі жетілдіруге айрықша көңіл бөліп отырмыз. Сондай-ақ партия еліміздегі саяси өмірге белсене араласып, мәслихат, Мәжіліс сайлауларына қатысқысы келетін мүмкіндігі шектеулі жандарға да қолдау көрсетуге дайын, – деді «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары.

Веломарафонның ұйымдастырушысы, «Спортта шекара жоқ» жобасының жетекшісі Бақтияр Базарбековтің айтуынша, бұл шараның мақсаты – саламатты өмір салтын және табиғи таза көлік түрі саналатын велосипедті насихаттау, сондай-ақ экотуризмді дамытып, мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау.

Осы ретте бұл – аталған топтың үшінші ірі велошеруі екенін атап өткен жөн. Алғашқы екеуі Алматы – Астана және Алматы – Ыстықкөл бағыттары бойынша өткен еді. Веломарафон кезінде команда құрамы 17 адамнан тұрды. Оның ішінде 6 стокер (көзі мүлдем көрмейтін және нашар көретін жандар), 6 пилот (велотандемде жол нұсқаушы еріктілер) және 5 ерікті (оператор, жүргізуші, аспаз, медицина қызметкері) болды. Олар 5 екі кісілік және 2 бір кісілік велосипедпен жүріп отырды.

Елбасы бастамасына – ерекше назар

БҰҰ Бас Ассамблеясының 73-сессиясы аясында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің арнайы кездесуі өтті, деп хабарлады СІМ-нің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Қытай Халық Республикасынан (2014-2018 жж.) Тәжікстан Республикасына (2018-2020 жж.) АӨСШК төрағалығын тапсыру рәсімі өтті. Хабиболла Мирзоев Хатшылықтың жаңа Атқарушы директоры болып тағайындалды. Оның кандидатурасын барлық АӨСШК-ге мүше 27 мемлекет бірауыздан қолдады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Қытай Халық Республикасына және АӨСШК үдерісінің дамуына қосқан үлесі үшін миссиясын аяқтаған Атқарушы директор Гун Цзяньвэйге алғысын білдірді. Ол Қытай төрағалығы кезінде Азиядағы тұрақты қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған кеңесті дамытудың жаңа және маңызды кезеңі басталғанын еске салды. АӨСШК Жастар және іскерлік кеңестері құрылды, АӨСШК-нің қауіпсіздік тұжырымдамасын кеңінен талқылау және таратуға арналған жаңа арна болған Үкіметтік емес форум өз қызметін бастады. СІМ басшысы Қытайдың төрағалығы кезінде Кеңестің құрамына 27-ші мүше-мемлекет ретінде Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының кіруі арқылы (2018 жылғы 20 маусым) АӨСШК-ні кеңейту мәселесіне арнайы тоқталып өтті.

Министр кездесуге қатысушылардың Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Кеңестің негізінде Азиядағы қауіпсіздік және даму ұйымын құру туралы бастамасына ерекше назар аударды және бұл мәселені сараптамалық деңгейде әрі қарай талқылауға шақырды.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 73-сессиясының шеңберінде Қазақстан Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов оңтүстік-африкалық күрескер Нельсон Манделаның 100 жылдығына арналған «Бейбітшілік саммиті» атты жоғары деңгейдегі іс-шараға қатысты.

«Біз Н.Манделаның өмірінен шабыт аламыз. Оның өмірі өзара құрметке, мейірімділікке және әлемді бөлетін қақтығыстарға қарсы күресудің зорлықсыз әдістеріне негізделген. Этностық, діни, аумақтық және басқа факторлар, туындаған қақтығыстардың күрт өсуі бүкіл дүние жүзін қатерлі гуманитарлық дағдарыстарға алып келеді. Бейбітшілікті үстем ету үшін тек қана қақтығыстардың емес, терроризм, экстремизм, ұйымдасқан қылмыс, адам саудасы тәрізді себептерді жою қажет. Біз сондай-ақ барлық қақтығыстарды күшейтетін кедейлікті, азық-түлік, су мен энергия тапшылығын, климаттың өзгеру қаупін және жаппай қырып-жоятын қаружарақтарды жоюға тиіспіз», делінген министрдің сөзінде.

Қазақстан Нельсон Манделаның құндылықтарын растайтын саммиттің Саяси декларациясын қабылдауды құптады. Қазақстанның пікірінше, бұл құжат бүкіл халықаралық қоғамдастыққа диалог пен татуласу арқылы адамның ар-намысы, әділдігі мен бейбітшілігінің маңыздылығы туралы ескерту болады. Қазақстанның бейбітшілікке деген ұмтылысы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың соғысқа қарсы «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде және 2017 жылғы қаңтар айындағы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне «Қауіпсіз, әділ және гүлденген әлем құру үшін жаһандық әріптестікті нығайтуға қазақстандық тұжырымдамалық көзқарас» атты Саяси жолдауы негізінде жүзеге асырылуда.

Нью-Йоркке сапары аясында Қазақстан Сыртқы істер министрі Таяу Шығысқа қатысты 13-ші министрлік кездесуінде сөз сөйлеп, БҰҰ кітапханасында қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың 90 жылдығына арналған көрменің ашылуына қатысты. Сондай-ақ Куба, Норвегия, Әзербайжан сыртқы істер министрлерімен, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Воронковпен екіжақты кездесулер өткізді.

The New York Times | International Weekly

© авторлық құқық сақталған

ТАҢДАУЛЫ МАТЕРИАЛДАР ТОПТАМАСЫ

Ендігі меже – өздігінен ұшу

Сан-Францисконың (АҚШ) шығысындағы шағын әуежайда қызыл ала тікұшақ аспанға көтеріліп, перронның үстінен санаулы метр биікте қалықтап тұрды. Оның басқа тікұшақтардан айырмашылығы аз, алайда тұмсық тұсынан пішіні төртбұрышты зат қарауытады.

КЭЙД МЕТЦ, «НЬЮ-ЙОРК ТАЙМС»

Ресми билік өкілдері бұл әуе кемесін сынақтан өткізіп жатыр. Қаңтардан бастап тікұшақ жедел жәрдем қызметіне пайдаланылады. Жоғарыда айтылған қара шаршы жолаушы тасымалдайтын шағын әуе кемесінің өздігінен ұшуы үшін қажет.

Бұл жолы тікұшақты тәжірибелі ұшқыштар басқарып отыр. Алайда жаңа жедел жәрдем қызметі SkyRyse тарапынан жүзеге асырылады. «Кремний алқабынан» басталған бұл стартаптың жоспары – шағын тікұшақтар мен басқа да жолаушы тасымалдайтын әуе кемелерін өздігінен ұшыруға қажетті компьютерлік бағдарламалар мен құрылғылар орнату. Өздігінен жүретін көліктерде пайдаланылатын технологияға негізделген құрылғылардың қатарында әуе кемесінің тұмсығында орналастырылатын 360 градустық камералар мен радарлық сенсорлар бар.

«Ұшқышсыз әуе кемелері арқылы адам тасу үшін әлі де атқаратын шаруалар шаш-етектен. Бірақ біз технологияны дамыта отырып, сол күнге де жетеміз», дейді SkyRyse компаниясының негізін қалаушының бірі әрі компания төрағасы Марк Гроден.

Lockheed Martin-нің қорғаныс жөніндегі қосалқы мердігері Sikorsky және Xwing компаниялары осыған ұқсас технология жасауға талпынып жатыр. Боингке тиесілі Aurora секілді басқа компаниялар «ұшатын такси қызметін» жүзеге асыруды көздеп, электрден қуат алатын әуе кемесінің жаңа түрін құрастырып, өздігінен ұшуды зерттеп жүр. Uber-дің әуе такси қызметі әуелден ұшқышсыз болмақ. Компания оны алдағы 5-10 жылдың көлемінде жүзеге асырудан үмітті.

Мұндай қадамға не себеп? Ұшқыштар әзірлеу және олардың жалақысы – өте қымбат. Сондай-ақ олар рейстен келгеннен кейін демалуы қажет. Ұшқышсыз аппараттар жолаушылар қызметіне серпін беріп, тіпті, қазіргі әуе тасымалын біржола өзгертуі мүмкін. Кәсіпкерлер қазір қолданыстағы әуе кемелерін қайта жарақтап шығуға болатынына сенімді. Бірақ кез келген жобаға біраз уақыт кететіні белгілі.

«Мәселе өздігінен ұшатын көлік жасау туралы ғана емес, оның ең қауіпсіз тасымал екеніне көз жеткізу», дейді Vecna роботтық компаниясының төрағасы Дэн Патт. Ол бұған дейін АҚШ қорғаныс министрлігінің зерттеу бөлігі Darpa-да дербес ұшу бойынша жұмыс істеген.

Кішкентай дрондар әлдеқашан дербес ұшудың мүмкіншіліктерін көрсетіп берген. Гугл компаниясының бұрынғы инженері негізін салған, Кремний алқабында басталған стартап Skydio орманда жүргенде де ізден қалмайтын 2500 долларлық дрон сатады.

Компьютерлер ұшақты және тікұшақты басқару мәселесін толық шеше алады, алайда аспанға көтерілу және қону кезінде кездесетін кедергілер, күтпеген жерден тап болатын оқиғалар сәтінде басқару қиынға соғуы ықтимал.

Сондай-ақ жолаушылар тасымалы да әбден бір ізге түскен. Сондықтан қауіпсіз әрі сенімді өздігінен ұшатын жүйе жасалған күннің өзінде, ондай технологияны қоғамдық әуе қызметіне енгізу барысында түрлі кедергілер кездесуі мүмкін.

Сондықтан 25 миллион долларға қаржыландырылған SkyRyse Трейси қаласында тәжірибе жасап жүр. Трейси жедел жәрдем қызметі қазіргі федеральдық ережелерге сай қызмет көрсетеді.

Тікұшақта дербес бағдарлауға қажетті сенсор орнатылған. Радар – жүргізушісіз көліктердегі лазерлік сенсорларға ұқсас. Ол тіпті ауа райының құбылмалы шағында да айналадағы кескінді анық көрсетеді. Бірақ қазір бұл сенсорларды ұшқыштар бақылап отыр. Патт мырза мұндай әрекет билік өкілдеріне пилотсыз ұшудың сенімді екеніне көз жеткізуге көмектеседі деп есептейді.

Сенсорлар тікұшақ тап болған жағдайлар мен басқарып отырған ұшқыштың әрекеті туралы ақпаратты жинап отырады. Осы деректер арқылы SkyRyse инженерлері виртуалды әлемде ұшу жағдайын қайта жасап, бағдарлауға мүмкіндік беретін жүйені жетілдіру үстінде.

«Біз желдің соғуын, қозғалтқыштың істен шығуын, тіпті ротордың ішіне кіріп кеткен құстың симуляциясын жасай аламыз», дейді Гроден.

Бірақ мұндай тәсілді жедел жәрдем қызметіне енгізу жылдарды қажет етеді. Ал ұшатын такси қызметіне көшу одан да ұзаққа созылуы мүмкін. SkyRyse қолданған төрт орынды Robinson R44 тікұшақтары халқы көп қалаларда тиімсіз болуы ықтимал. Сондықтан Aurora секілді компаниялар мен Kitty Hawk секілді стартаптар әуе кемесінің жаңа түрін құрастырып жатыр.

Әйтсе де, жауапты мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен халықты өздігінен ұшудың қауіпсіз екеніне сендіру ең қиын мәселеге айналатын сынайлы.

«Мұндай стартаппен айналысып жатқандар көп. Кейбірі қандай қауіптің кездесетініне жете мән бере бермейді», дейді Sikorsky компаниясындағы өздігінен ұшу бағдарламасының директоры Игорь Черепинский.

ДЖЕЙСОН ХЕНРИ, «НЬЮ-ЙОРК ТАЙМС»

Марк Гроденнің компаниясы SkyRyse шағын әуе кемелерін өздігінен ұшыруға талпынуда.

СУРЕТТІ ТҮСІРГЕН ГЛЕНН ХАРВИ

Технология һәм туристердің көбею қаупі

Әр жаз сайын Еуропадағы ең танымал мекендер селфи таяқшасын ұстаған туристерге толып, олардың саны жергілікті халықтан бірнеше есе асып түседі.

ФАРХАД МАНЖУ, «НЬЮ-ЙОРК ТАЙМС»

Кейінгі кезде Еуропа туристердің шектен тыс көбеюінен қауіптене бастады. Сыншылар Airbnb, Uber секілді интернет желілері арқылы саяхатты жеңілдететін технологияларды кінәлай бастады.

Жаһандық деңгейдегі әл-ауқаттың жақсаруы нәтижесінде шетелге сапарға шығу қарқындай түскені белгілі. БҰҰ әлемдік туризм ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, халықаралық саяхатшылар көлемі 6 процентке артып, сарапшылардың күткен деңгейінен асып түскен.

Мұндай өсім бастапқыда жақсы жаңалық секілді көрінген-тұғын. Бірақ әлемдегі танымал жерлердің мұншалықты адамдар нөпірін қабылдауда біршама қиындықтарға тап болатыны анық. Туризмді реттеуді қолдаушылар келушілердің көптігі тарихи мекендердің болмысын өзгертіп, сапарды қиындатып жібереді деп есептейді.

«Туризмнің осындай деңгейге жетуі жергілікті халық үшін қолайсыздық тудырып, сонымен қатар жиһанкездердің өздеріне де жағымсыз әсерін тигізіп отыр. Өйткені жүздеген адамның тиісті орындарда кезек күтіп тұруы сол мекеннің шынайы келбетін тамашалауға мүмкіндік бермейді», дейді Responsible Travel туристік компаниясының төрағасы Джастин Франкис.

Кейінгі онжылдықта авиация саласындағы инновация, яғни, тиімді ұшақтар мен құны арзан әуе компанияларының көбеюі билет бағасын төмендетті. Үлкен круиздік кемелер жағалаулардағы порттарға жиі зәкір тастайтын болды. Бұдан бөлек, интернеттің дамуы арқылы онлайн броньдау, картаны смартфон арқылы шолу, көлікті жалға алу, бірлесіп үй жалдау секілді жеңілдіктер көбейе түсті. Ең бастысы, әлеуметтік желінің де туризмнің қанат жаюына әсері зор.

«Туристер нөпірі жөнінде айтқанда Instagram мен Facebook-ке тоқталмау мүмкін емес. Меніңше, жиһангездердің көбеюіне басты себеп солар. 75 жыл бұрын туризм жақсы сезімді бастан өткеру, әлеммен танысу болатын. Қазір бұл фотолар, әлеуметтік желілерді қолдану арқылы жеке брендті қалыптастыру құралына айналды. Сондықтан көптеген адам үшін сапар барысында түскен сурет әсер алудан маңызды», дейді Франкис мырза.

Туристік мекендерді басқару табиғи байлықты пайдалану секілді. Келушілердің лайықты деңгейде болуы жергілікті экономикаға тиімді, алайда олардың көбеюінің өзіндік зардаптары болмай қоймайды.

Еуропалық заңгерлер Airbnb-ді туристердің шектен тыс артуына басты себепкерлердің бірі ретінде атап көрсетеді. Мәселен, Амстердамда жергілікті билік тұрғындардың үйлерін жалға беру мерзімін 60 күннен 30 күнге азайтуға күш салып жатыр. Бұдан бөлек Лондон, Барселона секілді қалаларда үйді бірлесіп жалға алу мәселесі ерекше назарға алынып отыр.

Мұның бәрі Airbnb компаниясының даму қарқынынан байқалады. Бірнеше жылдың ішінде компания көптеген қалалардағы туризмнен түсетін пайданың басты қозғаушы күшіне айналды. Компания деректеріне сүйенсек, Амстердамдағы 2017 жылы жалға берілген пәтерлердің 12 проценті Airbnb арқылы жүзеге асқан екен. Барселонада бұл көрсеткіш 18 процентке жетті. Жапонияның Киото шаһарында 22 проценттен асып түскен.

Бірақ Airbnb компаниясы – Uber секілді әлем бойынша көрсетілетін қызметті реттеуге атсалысып жүргендердің бірі. Олар өздерінің туристердің шектен тыс артуына себеп болғанын жоққа шығарып, аталған түйткілдің шешімі табылатынын алға тартады.

Airbnb өкілдерінің айтуынша, компания кез келген қаланың бүкіл бөлігінде қызмет көрсететіндіктен, туристерді реттеуге ықпал етеді.

«Біздің қонақтарымыз қалада қонақ үйге келетіндерге қарағанда ұзағырақ тұрақтайды және сондағы экономикаға көбірек пайда түсіреді», дейді Airbnb компаниясының қоғаммен байланыс жөніндегі вице-президенті Крис Леан.

Дегенмен, жоғарыда айтылған түйткілдер ұзаққа созылмайтыны белгілі. Өйткені мәселеге айналған технологиялар әрдайым өзгеріп отырады. Тағы бір қиындық – пәтерін жалға беретіндердің кәсібілігі арта түскен. Нәтижесінде пәтерді жалға беру үшін ғана сатып алатын олар Airbnb секілді сайттарды толтырып, жергілікті ережені жиі бұзады.

«Ақырында мұндай жағдай мәселені ұлғайта түседі», дейді туризмді орнықты дамыту жөніндегі мемлекеттік емес ұйым – Sustainable Stewardship орталығының негізін қалаушы Джонатан Туртелу. Ол 1960 жылы, реактивті ұшақтар дәуірі басталғанда халықаралық саяхатқа шығатындар саны 25 миллион адамға жеткен. Былтыр бұл көрсеткіш 1,3 миллиард болды.

Ал туристер көп келетін ең танымал мекендердегі жағдай ше? «Олардың көлемі 1959 жылғы жағдаймен бірдей, болашақта да өзгермейді», дейді Дж.Туртелу. Иә, селфи мен әлеуметтік желі шынайылықты алмастырады.

Гендік өзгеріске ұшыраған бактериялар ауруды емдейді

Таяуда жүргізілген сынақ барысында бір топ еріктіге бактериямен байытылған сусын берілді. Оның құрамындағы гендік өзгертілген микроденелер қан құрамында табиғи жолмен пайда болатын қышқылдарды жояды.

КАРЛ ЗИММЕР, «НЬЮ-ЙОРК ТАЙМС»

Әдетте бұл өздігінен жүретін процесс. Бірақ кейбір адамдардың ағзасы мұндай қабілетке ие емес. Солар үшін бактериямен байытылған сусын таптырмас дәріге айналуы мүмкін.

Бұл сынақ – синтетикалық биология деп аталатын ғылым саласының жаңа белесі. Жиырма жыл бұрын инженерлер электроникаға ден қойғаны секілді, ғалымдар қазір тірі ағзалармен айналыса бастады.

Ағзада жасушалар жеке-дара әрекет етпейді. Керісінше, бірлесе жұмыс істеп, бір-бірін белсендіріп немесе жойып отырады. Синтетикалық биологтар осы ерекшелікті ұтымды пайдаланып, оларға гендік өзгеріс енгізуге талпынып жатыр.

Қазіргі таңда мұндай тәсіл өнеркәсіпте кеңінен қолданысқа ие. Көптеген компаниялар өзгертілген бактерияларды кішігірім зауыт секілді қолданып, антибиотиктер мен күрделі қоспаларды киім тігуде пайдаланып келеді. Ендігі меже – синтетикалық биология арқылы бактерияларды ішкі ағзаны емдеуге қолдану.

Жоғарыда айтып өткен, еріктілер ішкен сусын құрамындағы бактерияларға гендік өзгерістер жасалып, фенилкетонурия деп аталатын сирек кездесетін ауруды емдеуге арналған. Мұндай науқасқа шалдыққандар ет пен ірімшік секілді протеині мол тамақтар іше алмайды. Өйткені олардың ағзасы фенилаланин деп аталатын амин қышқылы секілді жанама өнімдерді жоюға қабілетсіз.

Қан құрамында фенилаланин пайда болса, ондай қышқылдар мидағы нейрондарға зиян тигізіп, дамудың тежелуіне, ақыл-ой кемістігі мен психологияның бұзылуына әкеліп соғады. Фенилкетонуриядан емделудің жолы – протеині аз тамақ жеп, тағамдық қоспалары бар коктейль ішу.

Тышқандар мен маймылдарға тәжірибе жасаған Synlogic компаниясы өзгертілген бактериялар арқылы фенилкетонуриямен ауыратын науқастарды емдеуге болатынын көрсетті. Биылғы 4 қыркүйекте компания зерттеушілері дені сау еріктілерге жүргізілген сынақ қорытындысы оң нәтиже бергенін мәлімдеді. Енді олар фенилкетонуриямен ауыратындарға тәжірибе жасап көрмекші.

Synlogic-тың негізін салушылардың бірі, Массачусетс технологиялық институтының синтетикалық биологы Джеймс Дж.Коллинс пен оның әріптестері ішек таяқшаларын өзгертіп, белгілі химикаттарды жоятындай етіп қайта жасап шыққан. «Бұл – гендердің шамын жаққан секілді әрекет», дейді Доктор Коллинс.

Бұған дейін ғалымдар бейімделген бактерияларды тағы бір мақсатта қолдануды жоспарлаған. Сол жобаға сәйкес, өзгертілген бактериялар ауаға тараған биологиялық шабуылды анықтап, оған жауап ретінде химиялық реакция беруі тиіс-тұғын. Бірақ кейіннен микробиома саласы пайда болды.

2000-жылдардың ортасында микробиологтар сау адамның ішкі ағзасында көптеген ағза түрлері, миллиондаған микробтар өмір сүретінін байқады. Микробиома деп аталатын осындай ортада тұрақты түрде химиялық реакциялар жасалып, адам ағзасына керекті процестер жүзеге асады. Ғалымдар мұндай әрекеттің адам ағзасын түрлі аурудан қорғайтынын анықтады.

Осыдан бастап синтетикалық биологтар өзгертілген бактерияларды ағзадағы ауруды анықтайтын құрал ретінде қаншалықты қолдануға болатынын зерттеуге кірісіп кетті.

«Микробиома жұмысының әсерін бағаламау мүмкін емес», дейді доктор Коллинстің бұрынғы студенті, Сан-Диего штатындағы Калифорния университетінде өз зертханасын ашқан Джефф Хасти. «Қысқасы, бұл жаңалық бәрін өзгертті», дейді ол.

Қазіргі таңда ғалымдар бактерияны ісікпен күресуге бейімдеп жатыр. Жоба сәтті шыққан жағдайда, олар иммундық жасушалардың молекулаларын тазалап, қатерлі ісікті жоюға болатынынан үміттенеді. Колумбия университетінің синтетикалық биологы Тал Данино: «Адам ағзасындағы бактерияларды өзгертіп, басқа мақсатта пайдалануға мүмкіндік бар екеніне сенемін», дейді.

Бұлар – бізді іштен емдеуге бейімделген микробтар.

СПЕНСЕР ГРАНТ, SCIENCE SOURCE

Ғалымдар сирек кездесетін фенилкетонурия қан ауруынан емдеуі мүмкін бактерия жасап шығарды. Суретте нәрестеде аурудың бар-жоғын тексеріп жатыр.

Мақалаларды аударған **Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,** «Егемен Қазақстан»

Үздіктердің үздігі: қазақстандық газ операторы озықтар рейтингісінен ойып орын алды

Ресейдің беделді Neftegaz.RU мұнай-газ ақпарат агенттігі ТМД елдерінің газ саласындағы компаниялар рейтингісін жариялады. Сарапшылар газ компанияларын өзара салыстыра келе, қазақстандық «ҚазТрансГаз» компаниясын үздіктер қатарында екінші сатыға жайғастырды. Бірінші орын ресейлік «Газпром» еншісінде.

Арнұр АСҚАР,
«Егемен Қазақстан»

Агенттік жазғандай, ТМД елдерінің газ нарығы алуан түрлі дамып келеді. Кейбір елдерде бұл салада соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілеушілік байқалады. Яғни, көгілдір отынның әлемдік экономикадағы рөлі артқан сайын газ өндіру, тасымалдау, өңдеу және сатумен айналысатын компаниялардың да үлес салмағы арта түсуде.

Осы орайда Neftegaz.RU агенттігі ТМД-дағы ірі газ тасымалдаушы компаниялардың рейтингісін ұсынып отыр. Мақалада жазылғандай, сараптама компаниялардың нарықтағы даму серпініне, газ тасымалдау желілерінің (ГТЖ) және қызмет көрсетілетін магистральдық құбырлардың жағдайына, тасымалданған табиғи газ көлеміне және компанияның аймақтық және әлемдік газ нарығына тигізер әсеріне негізделген. Рейтингке 9 компания енгізілген. Біз атқарған қызметін сараптай отырып, агенттік таңдаған үздік 3 компания туралы жазуды жөн деп таптық.

1. «Газпром» (Ресей)

«Газпром» – газ кен орындарына геологиялық барлау жүргізу, өндіру, тасымалдау, сақтау, өңдеу және өткізу, газды мотор отыны, тағы басқа түрінде өткізумен айналысатын ресейлік алпауыт энергетикалық компания. Компания табиғи газ қоры, оны өндіру және халықаралық нарыққа шығару бойынша әлемдік көшбасшы. «Газпромның» иелігіндегі газбен жабдықтау желілері ауқымы және техникалық тұрғыдан жабдықталуы жағынан әлемдегі ең ірі жүйе. Одан бөлек, «Газпромның» қаржылық ахуалы да мықты – компанияның 2017 жылғы пайдасы 7%-ке өсіп, 6,546 трлн рубльге жетті. Компанияның газ тасымалдау бағытындағы әлеуетті жобалары ретінде бүгінде «Бованенково-Ухта – 2»; «Северный поток – 2»; «Сила Сибири»; «Турецкий поток» және «Ухта – Торжок - 2» жобаларын ерекше атауға болады. 2017 жыл – «Газпром» тарихында ең көп көлемде газ тасымалданған жыл болды. Оның жылдық көлемі 194,4 млрд м3 құрады.

2. «ҚазТрансГаз» (Қазақстан)

Қазақстан Республикасының ұлттық газ операторы – даму серпіні бойынша ТМД елдері ішінде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Сарапшылардың пікірінше, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда компанияның қаржылық көрсеткіштері 88%-ке өсті.

Компания тауарлық газды магистральдық және таратушы желілер арқылы тасымалдайды, газдың халықаралық транзитін қамтамасыз етіп, экспортқа шығарады, ішкі нарықты толықтай газбен қамтамасыз етеді. Компания еншісіндегі газ тасымалдау желілері – Орталық Азиядағы ең ірісі (40 мың км астам газ тарату желілері, 19 мың км астам магистральдық құбырлар), ішкі нарықты газбен жабдықтайтын желілер де «ҚазТрансГазға» тиесілі. Соңғы жылдары «ҚазТрансГаз» да, жалпы, Қазақстанның бүкіл газ саласы да қарқынды дамып келеді. Бұл көгілдір отынның ішкі нарықта тұтыну көрсеткіштерінің артуы, Қытайға экспорт және өзге де себептерге байланысты.

2017 жылы «ҚазТрансГаз» газ тасымалдауды 12,7 млрд м^3 көбейтіп, жалпы көрсеткішті 100,9 млрд м^3 жеткізді. «Қазақстан жаңа магистральдық газ құбырларын, заманауи компрессорлық стансалар, газ айдайтын қуатты қондырғыларды салу және басқа да озық технологияларды пайдалана отырып, «Қазақстан-Қытай» тасымалдау дәлізін іске қосып, өзінің тасымалдау әлеуетін барынша тиімді пайдалана білгенін мойындау керек» деп атап өтеді сарапшылар.

3. SOCAR (Әзербайжан)

Ел аумағындағы (құрлық пен теңізде) мұнайгаз кен орындарын іздеу, барлау және өндіру, сондай-ақ мұнай, газ және газ конденсатын шығаратын, өңдеумен айналысатын және тасымалдайтын Әзербайжанның мемлекеттік компаниясы. SOCAR газды 4 магистральдық газ құбыры арқылы Грузия мен Түркияға (Шах-Дениз кен орны) және Иран мен Ресейге тасымалдайды. Қолданыстағы газ тасымалдау желілері мен магистралдық газ құбырларының ахуалы өте жоғары деңгейде. Одан бөлек компания жаңа бағыттарды игеру үшін құрылыс жұмыстарын жүргізуде: мемлекет үшін әлеуеті жоғары деп Трансанадолы газ құбыры (TANAP), Трансадриатика газ құбыры (TAP) және AGRI газ құбырын біріктірген TAP-TANAP ГТЖ саналады. Дегенмен Әзірбайжан ішкі нарықтағы газ тапшылығына байланысты импорт көлемін арттыруға мәжбүр.

Аталған компаниялардан өзге, Neftegaz.RU агенттігі жариялаған рейтингте ТМД-ның өзге де газ компаниялары орналасқан:

4. Газпром Трансгаз Беларусь (Беларусь Республикасы)

5.Түрікменгаз (Түрікменстан)

6. Узтрансгаз (Өзбекстан)

7. Газпром Қырғызстан (Қырғыз Республикасы)

8. Газпром Армения (Армения)

9. Молдовагаз (Молдова Республикасы)

ИНДУСТРИЯЛ ИГІЛІГІ

Машина жасаушылар аллеясы ашылды

Елордамыздағы ботаникалық саябақта Машина жасаушылар аллеясы ашылды. «Қала көркі – тал» демекші, бұл игі бастаманы Қазақстан машина жасаушылар одағы көтеріп, оған одаққа кіретін екі жүзден астам кәсіпорын қолдау көрсетіп, нәтижесінде, қасиетті жұма күні арқаны қарып өтер асау желдің ұйытқып соққанына қарамастан Астанада өткен Машина жасаушылардың VI форумына қатысушылар 30 қайың және 30 шетен екті.

Ізгілікті шараға Инвестициялар және даму вице-министрі Роман Скляр, Қазақстан Машина жасаушылар одағының басқарма төрағасы, Мәжіліс депутаты Мейрам Пішембаев қатысты. «Бүгін біз елордамыз – әсем қала Астананың 20 жылдығы құрметіне Машина жасаушылар аллеясын тарту етіп отырмыз. Қазақта «Бір тал кессең, он тал ек» деген аталы сөз бар. Бүгінгі игі бастамаға одақ құрамына кіретін барлық кәсіпорын қуана қолдау көрсетті. Біздің бұл бастамамыз алдағы жылдарда жалғасын табатынына және өзгелерге үлгі болатынына сенімдіміз. Елімізді көгалдандырып, қоршаған ортаны ластанудан сақтап, экологияны қорғау Қазақстанның әрбір азаматының парызы, міндеті деп білемін! Аллеямыздағы ағаштар жайқалып өсіп, халыққа сая болсын», деп жүрекжарды лебізін білдірді басқарма төрағасы. Ал вице-министр Роман Скляр машина жасаушылардың екі күндік форумы мазмұнды өткенін атап өтті.

«Биыл Қазақстан машина жасаушылар форумы алтыншы рет өтіп отыр. Екі күнде секциялық жиындар өтіп, отандық машина жасауды әрі қарай дамытудың практикалық ұйғарымдары шығарылды, саланы дамытудағы ең өткір және өзекті мәселелер талқыланды. Міне, 2019-2030 жылдар аралығында Қазақстандағы машина жасау саласын дамытудың кешенді жоспарының жобасы таныстырылды. Әрине бұл нобайлы жоспар. Бірақ біз бірігіп, оның кемшін тұстарын толықтырып, жеткізіп, қабылдап жүзеге асыратын боламыз. Ал Астанада машина жасаушылар аллеясының ашылуы, бұл осы салада түрлі өндірістің тізгінін ұстаған кәсіпорындар мен одақ арасында ынтымақтастықтың, ауызбірліктің, ұйымшылдықтың бар екенінің жарқын көрінісі», деп атап өтті Роман Скляр.

Қазақстан машина жасаушылар одағының атқарушы дирекциясы директорының орынбасары Айбек Қажкеновтің айтуынша, бұдан былай одақ өз аллеясын өз қамқорлығына алып, оның абаттандырылуын, тазалығын, суарылуын бақылап отырмақ. Келер жылдың көктемінде еншілеп алған 20 сотық жерге тағы да түрлі ағаш көшеттерін отырғызып, бұл аллеяны шағын саябаққа айналдыру жоспарда бар екен. Тіпті машина жасаушы кәсіпорындар өз қызметтерімен байланыстырып, мәселен, темір жол өндірісіндегілер вагонға ұқсатып, автокөлік жасаушылар автомобильге ұқсатып арт-нысандар орнату жағын да ойластырмақ. Айтуларынша, күзде қайың, шетен ағаштарын отырғызған қолайлы, өйткені олар суыққа төзімді келеді екен.

Атап өтерлігі, аллея ағымдағы жылдың 20-21 күндері Астанада өткен Машина жасаушылардың VI форумы аясында ашылды. Әлемнің 20 елінен 1200-ден астам адам қатысқан форумды Үкіметтің қолдауымен Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан машина жасаушылар одағы және бас серіктес «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырып отыр. Сонымен қатар форум шеңберінде студенттер үшін бос орындар жәрмеңкесі өтті. Пленарлық жиындарға Қарағанды, Павлодар, Астананың техникалық жоғары оқу орындарының жетекшілері қатысып, олар машина жасау саласына қандай кадрлар қажет және де қазіргі заманауи талаптарды ескере отырып, түлектерді қалай тәрбиелеу керектігі туралы маңызды мағлұматтар алды.

Сұлугүл БАКЕСОВА

БӘСЕКЕЛЕСТІК БӘСІ

Таяуда Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаевтың төрағалығымен былғары кәсіпорындарын қолдауға арналған ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Алқалы жиында комиссия мүшелері сыртқы сауда саясатындағы мәселелерді, халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу жайын, өңделмеген ірі қара малдың терісін экспорттауға тыйым салу тетіктерін қарастырды.

Тері экспортына шектеу қойылады

Арнұр АСҚАР,
«Егемен Қазақстан»

Қазақстандағы былғары кәсіпорындарына шикізат жетіспейтіндігі бұған дейін жиі айтылып жүрген жайттардың бірі екені белгілі. Мал терісінен жартылай фабрикат және дайын өнім шығаратын кәсіпорындарды қажетті шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында Инвестициялар және даму министрлігі 2016 жылдың қарашасынан 2017 жылдың сәуір айына дейін Қазақстан Республикасынан тысқары жерге өңделмеген ірі қара мал терісін шығармау жөніндегі бұйрық та шығарған болатын. Министрліктің мәліметіне сенсек, бұл шара нақты кәсіпорындардың жұмысын жақсартып, өнімділігін арттыруға оң ықпалын тигізіпті. Осылайша 2015 жылмен салыстырғанда дайын былғары өндірісінің көлемі 4,1 есеге ұлғайып, 2017 жылы 15,5 млн шаршы дециметрді құраған.

Мұндай оң динамика экспортта да байқалып отыр. Атап айтар болсақ, 2017 жылы иленген тері экспортының көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 91 процентке артып, 164,9 мың тоннадан (506,7 мың доллар) 315,8 тоннаға (803,3 мың доллар) дейін өсті. Иленген терілердің орташа экспорттық бағасы жартылай фабрикаттар бағасынан 4 есе жоғары екенін де айта кеткен жөн.

Қазақта «тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген сөз бар. Жеңіл өнеркәсіпте ең жиі қолданылатыны сиырдың терісі десек, бір сиырдан алынған тері шамамен 20 килоға дейін тартады екен. Тері қабылдайтын орындарда оның әр килосы үшін 300 теңге төлейтінін ескерсек, 6 мың теңгедей пайда түседі деген сөз. Өкінішке қарай, өзіміздің фабрикаларымызға шикізат жетпей жатқан тұста сойылған малдардың терілерінің басым көпшілігі шетел асып кетеді. Түркия, Қытай, Ресей сынды көршілес елдерде оны тереңдетіп өңдеп, түрлі тауар әзірлеп, кейін Қазақстан нарығына ондаған есе қымбат бағаға қайта сатады. Елімізде жыл сайын 7 миллионнан астам мал сойылып, алынған терілерінің 98 проценті шетелге шығарылады. Өз елімізде өңделетін терінің үлесі 2 процент шамасында ғана. Ендігі уақытта ірі қара мал терісін экспорттауды шектеу осы олқылықтың орнын толтыруға тиіс.

Жалпы, Қазақстанда өңделген терінің негізгі тұтынушылары – отандық аяқ киім, тігін фабрикалары, ателье, былғары-галантерея, ер-тұрман цехтары. Ресей мен Түркияның аяқ киім фабрикалары да біздің өнімді тұтынады. Ал жартылай фабрикаттар негізінен Италия, Түркия, Үндістан, Қытай, Ресей, Испания, Португалия елдерінің нарығына шығарылады екен.

Соңғы жылдары елімізде жеңіл өнеркәсіпті дамытуға мемлекет тарапынан қолдау жасалып жатқаны белгілі. Мал терісін экспорттауға қатысты шектеу осы аталған саланың жүгін жеңілдетуге септігін тигізері сөзсіз. Киім, аяқ киім, галантерея өнімдерін өндіру үшін шағын және орта бизнес кәсіпорындарын отандық шикізатпен толық қамтамасыз ету қажет екені түсінікті. Сонда ғана өнімдер импорттық өнімдермен бәсекелесе алады.

ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ

«Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін?»

Туризм – таусылмайтын тақырып. Оның қазіргі жай-күйі, шешімін күткен түйткілдері мен саланы дамытудың жолдары дүйсенбі күні Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында жан-жақты талқыланды.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
Мәжіліс депутаты



Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

Бұл мақалада біз туризмді дамыту үшін міндетті түрде қажет етілетін жайларды – саланы субсидиялауды шешу, қомақты инвестиция құю, тиісті салықтық жеңілдіктер енгізу, туризм инфрақұрылымын жасау, туристік нысандарға апаратын жолдарды жөндеу, жергілікті атқарушы органдар үшін туризм бойынша тиісті нысаналы индикаторларды орнықтыру, жолаушы билеттерінің, қонақүйлердің бағасын төмендету мүмкіндігін қарастыру, білікті мамандар дайындау, сервисті жақсарту, байланысты жолға қою, туризм жарнамасын жетілдіру... сияқты қаптаған мәселелерді қозғамақ емеспіз. Олар қазір Үкімет жасап жатқан Қазақстан Республикасында сырттан келу және ішкі туризмді дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қамтыларына, ол бағдарлама қабылданған соң нақты іс басталарына сенім артамыз.

«Құшағың жетпейтінді құшақтай алмайсың». Сондықтан мәселенің бір ғана қырына тоқталуға тура келеді. Мәселенің ол қыры – ішкі туризм.

Әлемнің қай еліне барсаңыз да негізгі туристік нысандарды тамашалаушылардың дені сол елдің өз азаматтары екенін көресіз. Қай елдің адамдары да әлемді тамашалауды алдымен өз елін аралаудан бастайды. Елімізде ішкі туризмді дамытуда ілгерілеушілік байқалмайды емес, байқалады. Мысалы, 2017 жылы өз азаматтарымыздың елді аралауы 2016 жылмен салыстырғанда 19,74 процентке артып, туристік нысандарға бару саны 5,6 миллионға жеткен. Әрине, бұл бәрінен бұрын бізде өткен жылы тамаша ұйымдастырылған ЭКСПО-2017 көрмесінің игі ықпалы. Көрме күндерінде халқымыздың елдің қиыр-қиырынан Астанаға қалай ағылғаны әлі күнге көз алдымызда. Сондықтан 2016 жыл мен 2017 жылдың арасындағы елеулі айырмашылықты елдегі туризм саласының бөлекше бұлқынысындай бағалай салу мәселенің байыбына бармау болып шықпақ. ЭКСПО демекші, Үкімет сағатының қарсаңында бізге жеткен тағы бір жақсы жаңалық – Астананың 2019 жылы Қала туризмі бойынша жаһандық саммитті өткізу құқын жеңіп алуы да сол көрменің жаңғырығы екендігі талассыз. Бұл жайында Қала туризмі бойынша Сеул қаласында өткен VII жаһандық саммитте жария етілді. Оған 57 елден қатысқан мыңнан астам адамның дауыс беруі барысында елордамыздың Бүкіләлемдік туристік ұйымның барлық талаптарына жауап береді деп танылғаны, сөйтіп мұндай саммитті бұрын өткізген, туризм жөніндегі тәжірибесі бай Ыстанбұл, Мәскеу, Барселона, Марракеш, Луксор, Куала-Лумпур, Сеул сияқты қалалардың қатарына қосылғаны қуанарлық жай. Мұның өзі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ел туризмінің мәселелеріне тұрақты, ал кейінгі жылдар ішінде ерекше көңіл бөлуінің арқасы. Елбасымыздың биылғы жаздың өзінде Алакөлде, Бурабайда, Ақтауда арнайы болып, кеңестер өткізуі, нақты тапсырмалар беруі бұл іске бөлекше серпіліс қосып отыр. Туризмді дамыту бойынша алдымызға 2023 жылға дейін саланың елдің ішкі жалпы өніміндегі алар үлесін 8 процентке жеткізу міндеті қойылды. Қазіргі таңда туризмнің ІЖӨ-дегі үлесі небәрі 1 процент екенін ескерсек, мұның қандайлық қиын меже екенін көреміз. Бұл істе туризмді дамытудың ішкі ресурстарын іске қосудың маңызы ерекше.

Туризмнің ІЖӨ-дегі үлесі 1 процент деуін дедік-ау. Бірақ осы ресми мәліметтің күмән туғызатын тұстары да байқалатындай. Саланың статистикасын жүргізуде кемшіліктер бар деп шамалаймыз. Нақты мысал келтірейік. Үкімет сағатын дайындайтын жұмыс тобының жетекшісі бола жүріп, біз мынандай жайды анықтадық. Өткен, 2017 жылы елімізде 13,3 миллион адам туристік қызметті пайдаланушы ретінде тіркелген екен. Солардың орналасқан орындарында тіркелгендері 5,3 миллион адам. Қалған 8 миллиондай адамды қонақүйлердегі тізімнен таба алмайсыз. Рас, Интернеттегі хабарландырулар бойынша жеке пәтерлер тауып, орналасатын туристер де болады, олар – төмен бағаны іздейтіндер. Сонда да жеке пәтерде тұрған туристердің саны бір жылда 8 миллиондай адамға жетеді дегенге сене қою қиын. Бұл арада қонақүй бизнесінің көлеңкелі тұстары көлбеңдейтіндей көрінеді.

Ішкі туризмде өзіміздің халықтық қымбат қасиеттеріміздің, дарқан дәстүрлеріміздің мүмкіндіктері толық есепке алынып отырмаған сияқты. Соның бірі – ағайынның, туысқанның, дос-жарандардың аралас-құраластығы, алыс-берісі, барыс-келісі. Жұмысымыз жүріп, тұрмысымыз түзелгелі бері қазақтың тойы да көбейіп, сол тойларға алыс-жақыннан қонақ шақыру қалыпты жайға айналып барады. Құдалыққа сонау Атыраудан Алтайға жиырмашақты адамның аттануына да тым таңданып жатпаймыз қазір. Осы арада қарапайым жайларды еске салуға тура келеді. Негізінде «тур» деген сөз бір жерге барып-қайтуды ғана білдіреді. «Туризм» деп адамның күнделікті тұратын орнынан басқа жерге баруын айтады. Анықтама тілімен жазар болсақ, «Изменение места: перемещение в место, находящееся за пределами ежедневной среды обитания». Қазақтың ұлан-ғайыр даласында арлы-берлі ағылып жүрген ағайынның бәрінде де белгілі бір дәрежеде туристік сипат бар. Олар ішкі туристер: жолға шығады, ұшаққа, пойызға, автобусқа билет алады, қонақүйге орналасады, асханаларда, кафе, ресторандарда тамақтанады, барған жерінен базарлық алып қайтады, ел көріп, жер көріп, өзінің жанын байытады. Шын мәнінде бұл кәдімгі каучсёрфингтің (гостевой туризм) дәл өзі. Бірақ, қазірше осы жүрістерден сервиске, көлік логистикасына түсімдер, олардан төленіп жатқан салықтар туризмнің есеп-қисабында атымен қамтылып отырған жоқ. Бұл да ойланатын жай. Әрине, қыдырғанның бәрін туризмге жатқыза беруге болмайтыны рас. Бірақ, сол жүрістерінде адамдар тек қонақтықпен шектелмей, өңірдегі тарихи-мәдени мұрамен танысса, табиғат ескерткіштерін көрсе, неге олардың туризмге атымен қатысы жоқ деп қаралуға тиіс? Жалпы, каучсёрфингтің мүмкіндігі мол. Көзін тауып ұйымдастыра білсек, ол ауылдық жердегі ағайынның қосымша табыс көзіне айналар еді. Қала тұрғындарына өз үйлерінен орын беріп демалдыру, көлік жетер жердегі табиғатты тамашалату, ескерткіштерді көрсету арқылы екі жақ та пайда табады. Үй иесінің олжасы белгілі. Қонақтың да өз олжасы өзінде. Таза ауада жүріп, таза тамақ ішіп, денсаулығын түзеуі бір олжа болса, қалада қазақша сөйлете алмай жүрген балаларын тілдік ортаға салып жіберіп, ана тіліне бейімдеуі, бойына қазақы тәрбие, қазақы мінез сіңіруі бір олжа. Айналып келгенде ұлт ұтысқа шығады.

Әрине осы айтылғаннан қонақтық туризм ішкі туризмнің басты бір көзі екен деген түсінік тумауға тиіс. Қонақтық туризм оның шағын бөлігі ғана бола алады. Сөздің реті келіп тұрғанда мынандай бір ойымызды да ортаға сала кетейік. Қазақ – бауырмал халық. Ағайыншылмыз, туысқаншылмыз. Араласқұраластығымыз басқалардан әлі де анағұрлым артық. Бірақ біздің салт-санамызға да сынақ салатын сәттер көбейіңкіреп барады. Мына зырылдаған заманда баяғыдай ағайынды аңсағанда атқа қонып, алысқа аттанып жүре беретін мүмкіндік жоғы рас, сөйтсе де жаңағы айтқан алыс-беріс, барыс-келістің бәрі дерлік негізінен екі жағдайда – торқалы той мен топырақты өлімде болуға айналып тұрғанын несіне жасырайық. Нағыз бауырмалдылық, шын сыйластық бір-біріңді ұзақ көрмей кетсең іздеп тұратын, сағынатын көңілден, соқталдай себеп таппай-ақ табысудан танылуға тиіс. Сондықтан ағайын-туғанның, құдалардың, дос-жаранның жиі-жиі шақырысуы, бір-бірінің елін, жерін көруге құмар болуы, қадірлі қонақты барған бетінен қайтқанша астатөк дастарқаннан, шаштатөк тойдан бас көтертпей қоймай, қолдан келгенінше, шама жеткенінше туған өлкенің тамаша табиғатымен, тағылымды тарихымен таныстыруға ұмтылу бірте-бірте бойымызға сіңе берсе дейміз. Мейлі, туризмге тікелей жатқызылмаса да мұның өзі біздің өмір салтымызға бірте-бірте әсер етпей қоймайтыны анық.

Ішкі туризмді дамытудың бір жолы, көп қаржыны қажет етпейтін, сенімді жолы – жалпы туризм туралы қалың жұртшылықта қалыптасқан түсінікті түзету. Туризмді тек шетке шығу деп, туристерді тек шеттен келгендер деп қарайтын қарапайым, нақты айтсақ – қарабайыр ұғымды өзгерте алсақ та біз талай нәрсеге қол жеткізер едік. Бізде тіпті «Турист болған немді алған?» деп ойлайтындар табылса да таңданудың жөні жоқ. Ежелден еңсемізді езіп келе жатқан енжарлықты еңсере білсек, ел көруге, жер көруге деген құштарлықты оята алсақ, ішкі туризмді көбейтудің кілті табылып кетуі әбден мүмкін. Амал не, жағдайы келмейтіндердің жөні басқа, қаржылық мүмкіндігі болып тұрғандардың да туған елінің қиыр-қиырын қызықтауға мойыны жар бере бермейтіні бар.

Біздегі толып жатқан турфирманың бар арман-аңсары – азаматтарымызды амалын тауып алыс елдерге асырып жіберу. Онда не болып, не қоятынын ойлап басы қатпайды, ешқандай шығыны шықпайды, о жақпен хабарласып, бұ жақтан адам тауып берсе болды, арасындағы айырма ақшаның арқасында алшаңдап жүре береді. Бұл жердегі түйін қазақстандықтардың тапқан-таянғанын шет елдерге тастап келіп жүргенінде ғана емес. Ағайындарымыздың біразы сол елдерге кейде бару үшін, басқалардан қалмау үшін баратынында, «онда біз де болғанбыз» деу үшін де баратынында ғана емес.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – қатпар-қатпарлы терең туынды. Осы бірегей бағдарлама аясындағы тапсырма бойынша Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы жасалды. Сондағы ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері, археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар, діни және ғибадат орындары, тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар, саяси, тарихи оқиғаларға қатысты қасиетті орындар қадірін білген адамға ғажайып байлық. Қазығұрт тауы, Әулиетау, Бектау ата тауы, Жылаған ата бұлағы, Ақмешіт үңгірі, Қоңыр Әулие үңгірі, Мұзтау, Хан Тәңірі, Отпан тау, Шарын шатқалы, Жаманшың кратері, Тамшыбұлақ сияқты табиғи мұра ескерткіштері, Торғай геоглифтері, Таңбалы тас, Ботай қонысы, Отырар, Тараз, Ақыртас, Сарайшық, Сауран сияқты археологиялық ескерткіштер, Қорқыт Ата кешені, Бегім ана мұнарасы, Әзірет Сұлтан кешені, Бекет ата мешіті, Жошы хан кесенесі, Алаша хан кесенесі, Жаркент мешіті сияқты діни орындар, арғы-бергідегі тарихымызда жарқын ізін қалдырған ұлыларға қатысты қасиетті жерлер, басқа да санап шығып біте алмайтын асылдарымыз халқымыздың ұлқызының көруіне, қызықтауына, бағалауына, мақтан тұтуына әбден лайықты. Тек баруға уақыт табу керек, өз еліңді танып-білуге деген ынта-ықылас керек. Жергілікті орындар халықтың сол орындарды тамашалауына тиісті жағдай жасауға тиісті.

Еліміздің табиғаты қандай ғажайып! Жер бедері тіпті бөлекше. Қазақ жерінде мұхиттан басқаның бәрі бар. Бір өзінен әлемнің табиғат ландшафтының бәрі табылады. Сегіз мың метрлік шың да бізде, мұхит деңгейінен төмен қия да бізде, шалқыған көл де бізде, тусыраған шөл де бізде, асқақтаған тау да бізде, жайқалған бау да бізде, бетпақ дала да бізде, көрікті қала да бізде, бәрі бізде! Қазақ жерінде климаттың барлық түрі бар. Жазы – жаз. Күзі – күз. Қысы – қыс. Көктемі – көктем. Әр маусымы өзінше әдемі. Қызылорданың қайнаған күнінің өз қызығы бар, Арқаның арқыраған ақ боранының өз қызығы бар. Бәрі өзіңнің туған жеріңнің табиғаты. Осындағы ескерткіштердің бәрін біздің ата-бабаларымыз тұрғызған. Әрқайсысында қолдарының таңбасы бар. Алайда, біздің ағайын оларды көруге асыға қоймайды. Ақыр аяғы Алматыда тұрып Шымбұлаққа бір шығып қайтуға уақыт таппайтын шаруабастығымызға не айтарсыз? Сондаймыз. Біздің қазақ қазірше табиғатты тамашалауға бой үйретпей-ақ келеді. Аң-құстың қызығын да, балықтың қызығын да, саңырауқұлақтың қызығын да, жеміс-жидектің қызығын да, тауға шығудың қызығын да, шаңғы тебудің қызығын да көріп жатқан өзіміздің басқа ағайындар. Жақсы әдеттен үйренуге асығар емеспіз.

Елбасымыздың өзінің бастамашылығымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында қазақ жерінің небір тамаша ескерткіштері жаңартылды, жөнделді, амал не, оларға барар жолды, басқа жердегілер былай тұрсын, сол өңірлердегі жұртшылықтың өзі біле қоймайды. Осыдан кейін сыртқы туризмнің жолы ашылмай жатқанына қалай таңданарсыз?! Өзіміз көрмейтінді өзгелер көрер деудің, өзіміз бармайтынға өзгелер барар деудің жөні бар ма? Жоқ. Сондықтан алдымен ішкі туризмді жандандыру арқылы ғана сыртқы туризмге қозғау сала аламыз. Аты барда желіп жүріп жер танитын қазақы қалыпты жаңа заманда ел аралауға, жер қызықтауға құмарлыққа ұластыруға ұмтылу жөн. Ол үшін туризмнің қадірқасиетін жылдар бойы жалықпай жазып, жарқырата көрсетіп, жалаулата жарнамалайтын жүйелі жұмыс керек.

Отаншылдық деген Отаныңды білуден басталады, ал білу деген көруден басталады. «Адамның мейірі екі көзінде» дейді қазақ. «Жақсы көру» деген сөз тегіннен тегін шықпаған. Көрген нәрсеңді ғана жақсы біле аласың, жақсы білген нәрсеңді ғана жақсы көре аласың. «Мың естігеннен бір көрген артық» – дәл осы туризмге бұрып айтуға болатын сөз. Сондықтан жергілікті атқару органдары, ең алдымен әкімдіктер, ішкі туризмді дамытуға қазынаға қомақты қаржы түсіретін табысты сала, болашағы мол бағыт ретінде ғана емес, Елбасымыздың рухани жаңғыру жөніндегі тапсырмасын нақты жүзеге асырудың тетігі ретінде де қараса деген тілегімізді жеткіздік Үкімет сағатында сөйлеген сөзімізде. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдерінің рейтингін анықтайтын өлшемдер қатарына туризмді дамыту жөніндегі жұмыс көрсеткіштері қосылса, мұның өзі осы істі жандандырудың бір тетігіне айналып, туризмнен түсетін табысты көбейту үшін жауапкершілікті арттыруға септесер еді. Әрине, бұл арада әр өңірдің туристік мүмкіндігі нақты сараланып қаралғаны орынды болады.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өз мақаласында: «Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс» деп атап айтқанын тағы еске салғымыз келеді. Халық мұрасы – отаншылдықтың бастаубұлағы. Біз халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ұлы даламыздың ұл-қызының туған жерді қадірлеуі, қастерлеуі, елдің барлық өңірлерін бірдей білуі, әр жердің жәдігерліктерін жанына жақын тұтып өсуі ұлт бірлігін бекіте түсетінін естен екі елі шығармағанымыз жөн.

Тау туризмі табысты болады

Аустриялық Master Concept компаниясы Алматы облысының аумағында тау туризмін дамытуға бағытталған жобаға қатысуға ынталы. Бұл жайында облыс әкімі Амандық Баталовтың инвесторлармен кездесуі барысында мәлім болды.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Дүние жүзі нарығында 18 жылдан бері жобалаумен және жоспарлаумен айналысатын Master Concept компаниясы негізінен туристік нысандарды инвестициялайды. Компанияның Ресейдегі жұмыс тәжірбиесі 10 жыл болса, Қазақстанда 6 жылдан бері қызмет көрсетіп келеді. Компания өкілі, сәулетші Гернот Ляйтнердің айтуынша, Master Concept Талғар ауданы аумағындағы «Лесная сказка» курортын отбасылық-спорттық демалыс орны ретінде дамытуға кіріспек. Қазір компания Алматы өңіріндегі тау туризмі жоспарына қажетті зерттеу жұмыстарын бастаған. Бұл орайда екі модель қарастырылып отыр. Біріншісі, бұрыннан бар, жұмыс істеп тұрған курорттарды одан әрі дамытудың әлеуетін зерделеу, екіншісі қай жерлерде туристік бағыттарды дамытуға болатынын білу үшін таулы жерлерді зерттеу болмақ.

Сондай-ақ екіжақты кездесуге қатысқан Алматы өңірінің туристік кластері қауымдастығының құрылтайшысы Райымбек Баталов тау туризмінің дамуы шағын және орта бизнестің дамуына, қызмет көрсету саласына тың серпін беретінін айтады.

– Тау туризмі дегенде тек Алматы маңынан өзге, Шарын шатқалын, Лепсі өңіріндегі, Райымбек ауданындағы таулы өңірлерді де толық қамтуға тиіспіз. Таулы аймақтардың мүмкіндіктерін бүге-шігесіне дейін зерттеп, тани алатын мамандардың білімі мен білігін пайдалана білуіміз керек. Жалпы табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты Алматы өңіріндегі тау туризмінде қалаға қарағанда Алматы облысының үлесі әлдеқайда басым. Сондықтан қыста ғана емес, жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін тау курорттарын дамытудың жоспарлары да жасалуы тиіс, техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеуге қанша қаражат қажет екенін де есептеуіміз қажет. Одан әрі бұл жобаның операторы нақты қай мекеме болатынын да анықтауымыз керек, – дейді облыс басшысы А.Баталов.

Алматы облысы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Ұлы Дала еліне саяхат» жобасы – Жамбыл өңірінде

Осыдан біраз уақыт бұрын еліміздің Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің тапсырысы бойынша «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясының ұйымдастыруымен Қазақстан аймақтарына жасалатын ең ірі экспедиция ретінде «Ұлы Дала еліне саяхат» жобасы қолға алынған болатын. Жаңа туристік бағыттарды жасау үшін табиғи, тарихи, киелі мекендерді зерттеу, ішкі туризм мен инфрақұрылымды дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Жаңа Жібек жолы» экспедициясының бағытын «QazaqGeography» республикалық қоғамдық бірлестігі жүзеге асыруда.

Хамит ЕСАМАН,
«Егемен Қазақстан»

Саяхат сапары 17 қыркүйек күні Алматы өңірінде басталып, мұнда экспедиция мүшелері сол өңірдің тарихи құндылықтарымен танысқан еді. Енді «Ұлы Дала еліне саяхат» жобасы шеңберінде өтіп жатқан «Жаңа Жібек жолы» бағыты бойынша экспедиция енді міне, тарихи Тараз қаласына келіп жетті.

Алматы қаласынан шыққан экспедиция әуелі Тараз қаласынан қырық шақырым қашықтықтағы «Ақыртас» қалашығында болды. Ортасы үш шаршы шақырымды құрайтын ортағасырлық көне сарай келушілердің қызығушылығын туғызды. Бұдан бөлек экспедиция мүшелері екі мың жылдық тарихы бар көне Тараз шаһарының тарихымен танысты. Ежелгі заманнан бері Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қаланың қолөнершілер мен көпестердің мекені болғаны белгілі. Мұнда сол кезде Еуропа мен Азияның сауда жолдары да тоғысқан. Тарихтан белгілі болғандай, әртүрлі басқыншылық кезінде шаһар бірнеше рет бұзылып, қайтадан қалпына келтірілген. Мәселен, Қарахан, Айша бибі, Дәуітбек, Бабаджа хатун, Тектұрмас кесенелері мен Ақыртас қалашығы, Қали Жүніс моншасы сияқты тарихи орындар ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне енген. Тараз тарихымен танысқан экспедиция мүшелері бұдан соң облыс орталығындағы «Көне Тараз» тарихи-мәдени кешеніне

келіп, республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында аталған экспедицияның жетекшісі Нұржан Алғашов Тараз топырағынан алған әсерімен бөлісті. Қазақ тарихы үшін Тараз қаласының орны ерекше екеніне тоқталды. Сонымен қатар Алматы өңірінен бастау алған жалпы экспедиция жайын әңгімеледі. Экспедиция мүшелері Алматы жеріндегі Қазақстан-Қытай шекарасында болып, Қорғас бекетіне барар жолда Жаркент қаласындағы ерекше мешітке соққанын, бұл мешіттің ешқандай шегесіз, Тянь-Шань шыршасынан салынғанын айтты. Ал өз сөзінде экспедиция дәрігері Әлия Құмарғалина бұл азаматтардың Көлсайда болып, Қайыңды көлін тамашалағанын, одан ары Ақтауға, Айғайқұмға, Шоқан Уәлиханов бұлағына және Талхиз қалашығына барғанын әңгімеледі. Әңгіме барысында еліміздің барлық өңірінің тарихи шежіреге толы екенін, оның ішінде Тараз топырағының ерекше екенін атап өтті. Әулиеата өңіріндегі «Ақыртас» қалашығына алғаш рет келіп, әсерленген экспедиция мүшесі Айжан Жұматаева бұл аймақты туристік орталыққа айналдыру керек деп есептейтінін жеткізді.

Саяхатшыларды бастап жүрген Нұржан Алғашов, сонымен қатар еліміз бойынша ең ірі экспедиция ағымдағы жылы 18 шілдеден бастап 29 қыркүйекке дейін 6 бағыт бойынша 6 маңызды кластерді қамти отырып, еліміздегі маңызды табиғи нысандарға бару арқылы жүргізілетінін де айтты. Экспедиция нәтижесінде еліміздің табиғи нысандары бойынша жаңа туристік бағыттар, сапалы фото және видеобанктер құрылатындығы сөз болды.

Тараз қаласына келіп, оның тарихымен танысқан экспедиция мүшелері бұдан соң Жамбыл және Түркістан облыстарының шекарасында орналасқан Ақсу-Жабағылы қорығына бет алды. Екі аптаға жоспарланған саяхат барысының соңғы нүктесі Түркістан облысы болмақ. Тәжірибелі саяхатшылардан, туроператор өкілдері мен шетелдік және қазақстандық тревел-блогерлерден, сонымен қатар «National Geographic Россия» командасынан құралған экспедиция мүшелері Түркістан облысының аумағында орналасқан Отырар, Сауран қалалары мен Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенелері сияқты көне тарихи орындармен танысатын болады.

Жамбыл облысы

Қасиетті мекенге қастерлі сезім

Өмір ЕСҚАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Кіндік кесіп, топырағына аунап өскен туған жеріне қамқорлық жасауды қалыпты және шынайы патриоттық борышқа айналдырған, кәдуілгі міндетті іс санайтын азаматтар Қызылжар өңірінде аз емес. Аққайың ауданында орналасқан «Дайындық» және «Полтавка» агроқұрылымдарының басшылары Біржан Шаймерденов пен Елтай Зікірин атамекенін түлетіп, мәдениеті мен салт-дәстүрінің жаңғыруына,тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға белсене атсалысып келеді. Бұл екі азаматтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында да атқарған істері қыруар. Солардың бірі 28 миллион теңге қаражат бөліп, Жансүгір батырға арнап биіктігі 15 метрге жетеғабыл зәулім кесене тұрғызуы дер едік. Саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаз Молдахмет Сұрағанов көз майын тауысып Қожаберген, Бөгенбай батырлардың жасағы құрамында қалмақтарға қарсы жорықтарға қатысып, мыңбасы болған, ержүректілімен, шешендігімен көзге түскен Жансүгір Баубекұлы жайлы көптеген деректер жинаған екен. Көзі тірісінде зиратын түзеп, көрнекті белгі орнату ойында болғанымен ол арманына жете алмай кеткен. Ауыл ақсақалының аманатын жүзеге асыруға Біржан және Елтай белсене кірісіп, Аралағаш ауылына тақау тұста Астана-Петропавл күре жолының бойына алыстан менмұндалап көрінетін аппақ кесенені бас-аяғы төрт айдың ішінде тұрғызып берді. Мәрмар тастар да, құрыш қолды шеберлер де Ақтаудан арнайы алдыртылды.

Нысанның ашылу салтанатында аудан әкімі Дәурен Байтөлешов, облыстың өкіл имамы Кенжетай қажы Байкемелұлы, ауданның құрметті азаматы Әбу Әбілмәжінов, келелі шараны ұйымдастырушылардың бірі Сансызбай Жұмабеков, тағы басқалары сөйлеген сөздеріне «Бір адамның батылдығы мың адамға жол салған, Бір адамның батырлығы тұтас халықтың атын шығарған» деген тарихи мағынасы терең пайымды алға тарта отырып жаугершілік заманда ел қорғаны бола білген, алыс-жақын ағайынның татулығын ойлаған тұлғаның жұртшылық біле бермейтін ел басқару, билік айтқан қасиеттері жайлы тебірене әңгімеледі. Қызыл империяның солақай саясаты кезінің өзінде Сексен, Ескендір секілді ақсақалдар үлкен обаның басына белгі орнатқан. Парламент Мәжілісінің депутаты Абай Тасболатов құрастырған «Есімдері ел есінде» жинақта да Жансүгір батырдың есімі ерекше аталады.

Бабамыздың рухына Құран бағышталып, ас берілді. Бәйге, палуандар белдесуі ұйымдастырылды.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Аққайың ауданы

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

Ақан сері ескерткішін көшірудің қажеті бар ма?

Серінің ауылына табан іліктіргенімізде жұрт жиналып қалған екен. Бозала таңнан аттанған біз Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданына қарасты Мәдениет ауылының жанындағы Ақан серінің бейітіне барып Құран оқып, мінәжат еткенбіз. Ендігі сорап – Айыртау ауданындағы Ақан сері ауылы.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Егемен Қазақстан»

Арқаның жұмалап жауатын ақ жауыны төпеп тұр. Ақан сері ескерткішінің жанына жиналған жұрт қоңыр күздің еттен өтіп, сүйекке жететін ызғарын да, жетім тоқтының ұйысқан жабағы жүніндей қара бұлт қаптаған аспанын да, тынымсыз жауған жауынын да елейтін емес. Олай болатыны, Алаштың ән өнеріне өлмес-өшпес мол рухани мұра қалдырған Ақан сері Қорамсаұлының туғанына 175 жыл толуын атап өткелі жатыр. Ауыл болып, ел болып ұйысып. Ел ішіндегі бас көтерер азаматтар жиналып, өз орталарынан қаржы жинап аталарының аруағына көрсеткен қошеметі мен құрметі.

Алдымен ескерткіш көзге түскен. Алдына қылқұйрықты салмаған ерен жүйрік – Құлагер. Арқырай аспанға шапшыған ат үстінде қолындағы домбырасын бауырына қыса-қымтай ұстаған ән өнерінің мәңгі сөнбес жарық жұлдызы – Ақан сері! Құлагердің бауырында, оң жақ қапталында қасқырды қынадай қырған әйгілі қазақы төбет – Басарала. Тұғыр үстіндегі құс біткеннің қыраны, шын қыраны, Ақан серінің әйгілі «Қараторғай» әніне арқау болған, Зілғараның Әлібегі сыйлаған қыран бүркіті – Қараторғай! Бұл жер тұтас кешен. Аумағы ат шаптырым. Ұйыса өскен аққайыңды орманның қойнауында. Бір кезде Ақан ән салған осы далада жайқалып өскен қалың орман сыбдырлай сыбырлап, ақтаңгердің әнін үздіге шырқап тұрғандай. Ескерткішке жалғас ашық аспан астындағы ауқымы әжептәуір далалық сахна. Сахнаның қарсы алдында көрермендер жайғасатын кең орын. Жел мен жаңбырдан ептеп сыры қашып, кейбір тақтайлары ескіргені болмаса, сол қалпы. Осы арада мынадай ой келген. Жадыраған жаз айларында Ақан әндерінің бері қойғанда, облыстық байқауын тамаша табиғаттың аясында өткізуге болмас па еді. Шынын айтқанда, қапылып ештеңе дайындаудың қажеті жоқ, бәрі бар, орнында. Исі қазақтың дәстүрлі әншілері жиналып, ел еңсесін бір көтеріп тастар еді. Іргедегі Құлагердің құдығынан дәм татар еді. Өз заманында жалпақ жұртқа аты шыққан, рухани байлығының нәрімен сусындатқан Ақан серінің мөпмөлдір ғашықтық әндерін тыңдаған дала да, адам да қорғасындай балқымас па?! Көптің көкірегіне жып-жылы, мөлдір шуақ құйылмай ма? Мына дала, көгілдір кеңістік мәңгі өлмес мұра құдіретімен айшықталса, іргедегі шоқ жұлдыздай шағын ауылға да шарапаты тиер еді ғой. Ауыл жайы өз алдына, жеке бір тақырып. Ауылды өтпелі кезеңнің өкпек желі тоздырған екен. Бір кезде көрген жанның көзін сүйсіндіретін, жұмыртқадай жұтынған коттеджердің көбі қаңырап бос тұр. Бала саны жетпегесін, зәулім мектеп үйі жабылған. Қаншама қаусап, қираудың алдында тұрған есіл ғимараттар. Осы орайда көңілге түйгенімізді қаузай айтып кетпекпіз. Ақан серінің 150 жылдық тойы қарсаңында осы жерге жаңадан ауыл салынған. Басты себеп, ақынның кіндік қаны тамған топырақ осы жерде. Сол уақытта көз көрмек түгілі, түсіңе де енбейтін 42 коттедж салынған. Зәулім, 200 орындық мектеп, мәдениет үйі, медициналық пункт, орталық жылу жүйесі қазандығы. Толып жатыр.

– 1993 жылы жаңа ауылға асфальт жамылғымен қапталған, сапалы жол тарттық, – дейді сол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Болат Көшімбаев, – ал мына коттеджді қараңызшы, бір-біріне ұқсамайтын сол дәуірдегі архитектураның ең үздік үлгілері. Барлық нысан жылу орталығына қосылды. Әрбір коттеджге орталықтандырылған су жүйесі тартылды. Ақан серінің тойына табаны күректей он жыл бойы дайындалдық. Кешегі кеңес заманында қазақтың төл өнерін, сол өнерді сомдаған асыл азаматтарымызды кім керек қылды дейсіз? Алдымен Ақан серінің жамбасы жерге тиген жерді іздеп таптық. Басына орнатқан ағаш зират жермен жексен болған екен. Сол жерге күмбез орнаттық. Әрине қазіргі салып жатқан күмбездердей керемет еңселі болмаса да, өз дәуіріндегі озық үлгімен салынды. Үстімнен қаншама арыз жазылды. Қудаландым. Бірақ өкінгенім жоқ, өйткені біз болашақ үшін жұмыс істедік. Жаңадан ауыл тұрғыздық, еңселі ескерткішін салдық.

Айтпақшы, ескерткіштің басы дауға қалып тұр екен. Оқырманға түсінікті болуы үшін таратып айта кетелік. Ақан сері ауылы Көкшетау – Қостанай бағытындағы күре жолдың қамшылар жақ қапталында, Комаровка ауылынан үш шақырым жерден ірге тепкен. Үлкен жолдан бар болғаны 4-5 шақырым жерде. Енді келіп Саумалкөл селосындағы ел ағалары Ақан серінің кешенін түпорнымен қопарып, бұзып апарып Саумалкөлдің кіре берісіне қойсақ деген ұсыныс айтады. Уәжі жол үстіндегі жұрт көрмек. Ал Ақан ауылы жақын да болса бұрылыс. Оған ешкім де ат ізін сала қоймайды.

– Неге салмасын?! – дейді ел ағасы Қадыржан Әубәкіров, – үш шақырым деген соншалықты алыс жер емес қой. Ақан серінің әнін тыңдаған, таңғы шықтай мөлдіреген әуенге ғашық болған ел бар емес пе? Салса, жаңасын салмай ма?! Бүгінгі күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында талай маңызды мәселелер айтылып жатыр ғой. Көнені жаңартпақпыз, уақыт табы көлеңкелеген асылдарымызды тіршіліктің тозаңынан аршып алып жатырмыз. Ал бар нәрсені қиратуға неге әуеспіз. Біз осы ауылды, ескерткішті салғанда қаншама еңбек сіңірдік. Енді оның зая болғанын көру оңай деймісіз.

Дәл қазір жиырма отбасы түтін түтетіп отырған ауылда көшіп келемін дейтін адамдар болса ешбір жөндеусіз қоныстануға болатын оннан астам коттедж саңғырап тұр екен. Өзге коттеджді де жөндеп алуға болады. Осы арада оңтүстіктен ескен жылы леп солтүстікке жан беріп жатқандығын еске алған дұрыс. Сол көштің табан тірейтін жері осы емес пе? Табиғаты қандай тамаша, топырағы қандай құнарлы. Жайылым дейсіз бе, иен тегін. Су дейсіз бе, Қоскөлі жатыр көлкіп!..

– Мен осы Ақан сері ауылының тумасымын, – дейді ел ақсақалы Құрман Нұрсейітов, – қазақ «жақсы әке балаға қырық жыл азық» дейді емес пе, Ақан атамыз кейінгі ұрпағына 175 жыл азық болып отыр. Ауыл ортасындағы 200 оқушыға арналған екі қабатты мектеп бос тұр. Дәл іргеміздегі бір шақырым жердегі Комаровка селосының 70 оқушысы мектеп жоқ болғандықтан қолайсыз екі бөлмелі пәтерде білім алуда. Әуел баста тұрғын үй есебінде салынғандықтан ол жерде спорт залы да жоқ. Тығырықтан шығар төте жол, өз ауылымыздың балаларына қосып мектебі жоқ көрші ауылдың баласын бірге оқытса, білім ошағының бағы жанар еді. Ал мектеп ауылды сақтап қалудың төте жолы. Болашақ сонда емес пе?..

Болашақ демекші, ел жастары қамсыз отырған жоқ, қолдарынан келгенінше кәсіппен айналысуда. «Оразалинов» шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 30 сауын сиыр алып, малды өз төлі есебінен көбейтуде. «Шыңғыс» шаруа қожалығы мал өсірмек болып бизнес жоспарын дайындап жатыр. Алақандай ауылдың ажарын кіргізуге талпынып отырған «Нұрсан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2304 гектар жерге дәнді дақылдар егуде. Осындай тіршілік бар жерде Сері ауылының іргесі сөгіліп, сетінеп кетеді деуге себеп те жоқ. Оңтүстіктен үдере көшкен ел бетін осы жаққа бұрса, ит тұмсығы өтпейтін қалың орманның жып-жылы қойнауындағы жайлы қонысқа күмп ете түспекші.

Алақандай ауыл азаматтары Ақан серінің туғанына 175 жыл толуын шамашарқынша атап өтті. Салмақты пікір, сәулелі әндер айтылды. Құлагер шапқан қырда ат жарыс өткізілді. Біз болсақ, тамаша тойдан жабырқап аттандық. Ел жайын ойлайды дейтін ел ағалары ауылды қалай аман алып қаламыз деп емес, жалғыз ескерткішті қиратып бұзып аламыз деп күпініп жүр.

– Ақан серінің ескерткішін Саумалкөл ауылының кіреберісіне қою туралы идея көңілге қонбайды. Қойса, ауылдың нақ ортасына қою керек. Ал кіреберіс оншалықты ыңғайлы емес. Ол жерге қойса ара-тұра ат ізін салатын жоғары мәртебелі меймандарды қарсы алуға шыққан аудан әкімінің көмекшісі тәрізді болып көрінбей ме?! – дейді ел ақсақалы Ермек Балбергенов. – Біз Ақан серінің ұрпағы болғандықтан, осы ауылдан табан аудармай отырмыз. Ерлері бар жерде елдің де еңсесі биіктейтініне бек сенімдіміз.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы

ТІРШІЛІК ТҮЙТКІЛДЕРІ

Студенттің мұңы – жатақхананың жыры

(Соңы. Басы 1-бетте)

Күрмеуі қиын мәселені шешудің жалғыз жолы – жеткілікті жатақхана салу. Осы мақсатта облыста 11 жатақхананың құрылысы салынады деп жоспарланып отыр. Облыстық білім басқармасының мәлімдеуінше, Жанайдар Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжінің оқушыларына арналған 320 орындық жатақхана құрылысы қолға алынбақшы. Жоғары техникалық колледж 600 орындық тоғыз қабатты екі корпусты жатақхана салуды межелеп отыр. Ал Біржан сал атындағы музыкалық және Ақан сері атындағы мәдениет колледждері 230 және 300 орындық 9 және 5 қабатты жатақхана тұрғызуды межелеген. Оған қоса, жоғары екі оқу орнында 2870 орындық жатақхана салу қажеттілігі туындап отыр. Көкшетау қалалық әкімдігі жатақханалардың құрылысына қажетті 4,6 гектар жер телімін белгілеп, бөліп те қойған.

ydu.kz

Өңірде жоғары және орта арнаулы білім алып жатқан студенттер мен білім алушылардың саны 25 мыңнан астам. Олардың 7500-і жоғары оқу орындарында оқиды. Ал олардың ішінде күндізгі бөлімде білім алатын студенттердің саны – 5446. Оған сырттай оқитын 2065 жасты қосыңыз. Облыстағы әр алуан мамандар даярлайтын колледждерде үстіміздегі жылы 17555 білім алушы оқып жатыр. Осы арада қажеттіліктің қаншалықты екендігін оқырман көз алдына елестете алуы үшін мынадай деректер келтіре кетуге болады. Дәл қазір жоғары оқу орындары студенттерінің 1500-і жатақханаға зәру болып отыр. Колледждердегі жағдай да осындай. Айталық, 38 колледждің 24 жатақханасы ғана бар.

Көкшетаудағы студенттерінің саны көп жоғары оқу орындарының бірі – Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Бұл оқу орнының күндізгі бөлімінде төрт мыңға жуық студент білім алуда. Олардың екі мыңға жуығы өзге өңірден келген жастар.

– Жатақханаға қолымыз жетпеген соң туыстардың үйін сағалағанбыз. Бірақ мына заманда кімді-кім асырағандай, – дейді аты-жөнін айтпауды өтінген бір студент, – ұялғанымыздан кетіп қалдық. Қазір бір мекеменің түнгі күзетіне орналастым. Әрі күзетшімін, әрі жататын жерім бар. Бірақ жұрттың бәріне мұндай «майшелпек» табыла бере ме?

Университет жаңа оқу жылында 1331 студентті жатақханамен қамтамасыз еткен екен. Әйтсе де, 750 студент қыркүйектің суығына тоңып, дірдектеп далада жүр. Университетте бес бірдей күрделі жөндеуден өткізілген жатақхана бар. Оған қолы жеткендердің айы оңынан туғанмен бірдей. Өйткені жылына бар болғаны 31500 теңге төлейді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы жас кеудедегі үміт отын лаулата жағып тұр. Университет жанындағы Смағұл Сәдуақасов атындағы ауыл шаруашылығы институтының 2,24 гектар жер теліміне 500 орындық жатақхана салынбақшы. Әзірге тығырықтан шығу үшін орталықтағы «Көкшетау» қонақ үйінен 100 орынды жалға алу мәселесі бойынша келіссөз жүргізілуде. Бұл оқу орнында «Серпін» бағдарламасымен 1250 студент оқиды. Үлкен мән беріліп отырған жобаны жүзеге асыру қажет.

– Жатақханамен алғашқы кезекте шалғайдан келгендер, жетім балалар, көп балалы отбасылардың түлектері және мүгедектер қамтамасыз етіледі, – дейді аталған университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Аманай Сейітқасымов.

Ер балалар тырбанып тіршілік етер-ақ, жатақханаға қолы жетпей мұңға батып жүргендердің ішінде қаншадай қыздар да аз емес. Жеті қараңғы түнде түнеп шығатын жер іздеп жүрген бойжеткендердің жайын ойлағанда иманың қасым болады. Тезірек жатақхана салынса екен деп тіледік. Бей уақытта қыз баласын далада қараусыз қалдырмайтын ел емес пе едік?!

Ақмола облысы

Qurmanáli QALMAHAN,
«Egemen Qazaqstan»

Jańa mamandyq jaıy

«Erinbe. Eńbek et, mal tap» degen sózdi Abaıdan keıin ata-analarymyz jii aıtatyn. Alaıda áleýmettanýshylar eńbek etý men tabysty bolýdyń mazmuny men shynaılyǵy ózgerdi degendi alǵa tartady. Al eńbektiń formýlasy jumys isteý, kásip ashyp, tabys tabý ekeni belgili.

Buryndary tikeleı óndiriske qatysty mamandyqtar barynsha suranysqa ıe tuǵyn. Odan qaldy, sharýashylyq isterimen shuǵyldanatyndar tabyskerler qatarynda edi. Sondyqtan, zaýyt, fabrıkada jumys isteıtinder – eń turaqty, eń tabysty mamandar bolatyn. Aýyl sharýashylyǵynda júrgender de tabystan qur alaqan qalmady. Al memlekettik – ákimshilik qyzmettegiler qarjy-qarajattan qysylmaıtyndar sanatynda eńbek etti.

Alaıda bul formýlanyń zańdylyqtary qazir ózgergen. Jańa qyzmet kórsetý túrleri paıda boldy. Búginde bir ıdeıany oılap taýyp, birlesip iske asyryp júrgen kásipkerler toptary belsendi. Odan bólek, IT-maman, bloger, moderator, ıýtýber jáne SMM syndy mamandyqtar alǵa shyǵa bastady. Jańa mamandyqtardyń sıpatyna sál úńilip qarasańyz, tehnıkalyq mashyqty talap etetin salalar damyp kele jatqanyn baıqaısyz. Áleýmettanýshylar eńbek naryǵyndaǵy básekelestikke qatysty ne deıdi? Qandaı tujyrym usynady? Dúnıejúzilik eńbek naryǵyndaǵy básekelestikti baǵamdaıtyn ortalyqtardyń málimetinshe, ınjener, sáýletshi, bızneс qurylymdary men IT-mamandaryna suranystyń artqany, artqan. Endi, bul salalardyń ózi ishinara bólinip, tarmaqtala túsetinin aıtady. Sıfrlandyrýdyń arqasynda jumys berýshiler eńbek ónimdiligin arttyrý úshin 3D-prınterler men robottarǵa arqa súıeıtin kórinedi. Árıne, eńbekke tózimdi, quqyǵyn talap etpeıtin robottar jumys berýshi úshin taptyrmas eńbek «áskeri» ekeni anyq. Eń bastysy, sapaly, arzan jumys kúshi. Kompıýterlik júıeleýdiń arqasynda da tehnologıalyq damýdyń jańa túrleri paıda bolady. Jalpy jazyp – syzý men aqyl – oı, logıkaǵa tikeleı táýeldi mamandyqtardyń ózi joıylady ne túbegeıli ózgerýi múmkin. Biraq, tirshilik barda, ómir bar. Áreket etip, ómirdiń qajettiligin der kezinde anyqtap, tamyryn dóp bassańyz, jerde qalmasyńyz anyq.

Óz ózin jetildirip, únemi izdenis ústinde júretinder mundaı problemadan aınalyp ótetini anyq. Osydan birneshe jyl buryn baǵdarlamalyq ákimshi – IT salasyndaǵylar kompıýterlik máselelerdi keshendi sheshetin edi. Qazir, álgi baǵdarlamalyq ákimshiniń ózi birneshe túrge bólinedi. Bir baǵdarlamashy saıtty tehnıkalyq baptap, kompıýterdi de qaraıtyn bolsa, qazir ekeýi eki bólek mamannyń jumysyna aınaldy. Androidty baptaıtyndar IOS jasaı almaıdy. IOS jasaıtyndardyń Androidqa tisi batpaıdy. Sondyqtan, oqý bitire sala tolyq maman boldym deý jetkiliksiz. Únemi óz ózińizdi jetildirip, tehnıkalyq-shyǵarmashylyq qabiletińizdi arttyrýǵa májbúrsiz. Áıtpese, kóshtiń sońynda qalýyńyz múmkin. Al eńbekke jaramdy egde jastaǵylar qaıtpek? Damyǵan elder qazirdiń ózinde memlekettik-áleýmettik qoldaýlardyń jańa júıesin (standarttaryn) qarastyryp qoıǵan. Eńbek ónimdiligi men júktemeniń ortaq shamasyn anyqtaı otyryp, memlekettik qoldaýdy júzege asyrady. Kúnderdiń-kúninde bul júıe eńbek naryǵymyzǵa enýi múmkin.

Eńbek naryǵy kóp salaly. Sondyqtan qala turǵyndary men aýylda turatyndar úshin naryqta ájeptáýir alshaqtyq bar. Ásirese, iri megapolıste senimdilik, qajyrlylyq pen qaısar minez, aqyly toǵysqan adamdar bir sátte baıyp shyǵa kelýi múmkin. Istiń utyryn taýyp, kásip ashsańyz bolǵany. Iaǵnı, qalalyqtardyń jańa mamandyqtardy jyldam ıgerýge múmkindigi jetedi. Qazir bızneski meńgergender ınternet arqyly qyzmet kórsetýdiń jańa kezeńine ótti. Máselen, ashanańyzdyń sý qubyry jarylsa, santehnık izdeısiz. Biraq, ony buryńǵydaı gazetten emes, ınternetten qarap, arnaıy qyzmet kórsetýshi kompanıalardy shertip júrip tańdaýyńyzǵa bolady. Internetke bala baǵýshy, úı tazalaýshydan bastap, kez kelgen tapsyrysyńyzdy oryndaıtyn arnaıy ortalyq júıesi engizilgen. Al bul júıeni engizýshiler ózimizdiń kásipkerler. Syrttaı qaraǵanda, memlekettik jumyspen qamtý ortalyǵyndaı kórinedi. Ol jerde de jaýapkershilik bar, belgili bir quqyqtar men mindetter jazylǵan qujattardy toltyrasyz. Al aýyldaǵy aǵaıyn úshin aýyl sharýashylyǵy ónimderimen aınalysý barynsha tıimdi. Osy salanyń aıasynda eńbek naryǵyndaǵy suranysty qanaǵattandyryp otyr.

Zertteýshiler mamandyqqa qatysty suranystyń ózgerýi adam psıhıkasyna keri áser etip, qoǵamdaǵy moraldyq – etıkalyq qundylyqtar buzylýy múmkin degen tujyrymdy alǵa tartady. Alaıda eńbek naryǵynyń qubylmaly ózgeristerge ushyraýyn turaqsyzdyq ne áleýmettik daǵdarys retinde qarastyrýǵa bolmaıdy. Eń bastysy, bos ýaqytyńyzdy qur ótkizbeı, oń jambasqa keletin, bolmysyńyzǵa jaqyn kásip túrin tańdaǵanyńyz abzal. Oqý men ǵylymǵa qatysty kózqarasyńyz durys bolsa, kedergilerden súrinbeı ótesiz. Ǵylym demekshi, ǵalymdar myń jerden robot jumsap, aqsha únemdeımin deseńiz de, adamda bolatyn «emosıalyq ıntellektini» eshkim de satyp ala almaıtynyn dáleldedi. Qysqasy, adam áleýetiniń múmkindigi zor ekenin eshkim joqqa shyǵara almaıdy.

Kez kelgen jan turaqty jumys, tabysty eńbek etkisi keledi. Alaıda ómir atty báıge jarysynda talaıdyń jeńip, talaıdyń meseli qaıtýy zańdylyq. Eń bastysy, maman retinde ǵana emes, adam retinde suranysqa ıe bolsańyz, bolǵany. Sonda ǵana ómirge kelgendegi mıssıańyz shúbásiz durys oryndaldy deı berińiz.

МӘССАҒАН!

Жақында ғана газетімізде облыстың қысқа дайындығы, көмірдің әлеуметтік нысандарға қалай жеткізіліп жатқандығы жайында жазған едік. Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Мұрат Мұсатаевпен сөйлескенімізде бұл тарапта ешқандай мәселе жоқтығын, өңірдегі мектептер көмірмен 95 процентке қамтылғанын айтып: «Жыл сайын өңірде жылу 15 қазаннан бастап қосылады.

Басқарма басшысы неге өтірік айтады?

Азамат ҚАСЫМ,
«Егемен Қазақстан»

Дегенмен де, біз 1 қазанда 100 процент дайын болуға тиіспіз. Білім, денсаулық нысандарында көмір жеткілікті. Қаражат бөлінген. Әкімдіктер қадағалап отыр. Суық түссе, кез келген уақытта жылуды қосуға даярмыз», деген еді. Алайда бұл мәліметтердің шындыққа жанаспайтыны «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының Саяси кеңес бюросында белгілі болды. Ең алдымен, баяндама жасаған басқарма басшысы сөзін жапжақсы деректермен тұздықтап, өңірдің жылу жүйелері қыс маусымына 95,6, сумен қамту және арық жүйелері 94, ал бюджеттік саладағы мекемелер 97 процент дайын екендігін (денсаулық сақтау нысандары – 96,1, білім нысандары – 96, әлеуметтік нысандар – 100 %) жеткізген.

Алайда одан кейін баяндама жасаған облыс әкімінің орынбасары Серік Ақтановтың аймақтың жылу маусымына дайындығына байланысты есебі өзгеше болып шықты. Өңір басшысының коммуналдық шаруашылыққа жауапты орынбасары 5 қыркүйектегі жағдай бойынша Риддер қаласы мен Бородулиха және Ұлан аудандарындағы білім нысандарына көмір жеткізілмегенін, Тарбағатай ауданын көмірмен қамту көрсеткіші небәрі 13 процентті құрағанын, сол уақытта Семей қаласы мен Глубокое ауданының денсаулық нысандары – 37, Көкпекті ауданы қатты отынмен 44 процент қамтылғанын, ал халыққа көмір жеткізу Күршім мен Зайсан аудандарында – 30, Семейде 31 процеттен аспай отырғанын мәлімдеді. Және бұған облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы мен кейбір қала-аудан әкімдерінің өз жұмысына салғырттық танытқаны себеп болғандығын да жасырмай айтты.

Облыс әкімі орынбасарының келтірген деректерін Бесқарағай ауданының әкімі Дәулет Батырбаев та шегелей түсіп, аудандағы білім нысандары көмірмен бар болғаны 25 процентке қамтылғанын тілге тиек етті. Бұл олқылықты жиынды жүргізіп отырған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Даниал Ахметов қатты сынға алды. «Энергетика басқармасы мен әкімдердің деректері бір-біріне сәйкес келмейді. Бұл басқарманың бізге жалған мәліметтер беріп отырғандығын көрсетеді», деген облыс әкімі энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Мұрат Мұсатаевқа партиялық қатаң сөгіс жарияланатынын жеткізді.

ӨСКЕМЕН

КӨКЕЙКЕСТІ

Іскер әйелдер

отбасын да, Отанын да өрге сүйреп жүр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екі жыл ішінде Іскер әйелдер кеңесі қанатын кеңге жайып, 16 өңірлік кеңес және 170 аудан орталығында кеңестер құрылған. Оларды қазір белсенді қыз-келіншектер басқарып отыр.

«Қазақстанның барлық өңіріндегі белсенді әрі табысты іскер әйелдердің басын қостық деп сеніммен айтуға болады. «Атамекен» кәсіпке енді аяқ басқан және белсенді жұмыс істеп жатқан кәсіпкер әйелдерге Іскер әйелдер кеңесі арқылы түрлі қолдау көрсетуде. Биыл 3 стратегиялық бағытты қамтыған дамудың жаңа деңгейін белгіледік», дейді Л.Рамазанова. Оның бірінші бағыты – қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз ету. Екінші бағыт – әйелдер кәсіпкерлігінің білім беру бағдарламаларын іске қосу және шағын несие беру арқылы жүзеге асырылатын бизнес жобаларды қолдау. Үшінші бағыт – әйелдердің кооперациялық кәсіпкерлігін дамыту. Бұл ұзақмерзімді әрі стратегиялық бағыт. Осылайша, елімізде әйелдер әлеуетін бизнес ортаға тартуға күш салынбақ.

Жалпы мәліметке сүйенсек, Қазақстанда қазір 34 әйел – Парламент депутаты. Яғни «халық қалаулыларының» жалпы санының 22 процентін «қыздар қауымы» құрайды. Сондай-ақ корпоративтік секторда басшы әйелдердің өкілеттігі 34 процентке жуық. Іскер әйелдер қатары да қарқынды көбейіп келеді. Мәселен, биылдың өзінде 1,2 млн жеке кәсіпкер тіркелсе, оның 560,9 мыңына әйелдер жетекшілік ететіні анықталған.

Ерікеннен еңбектеніп жүрген жоқ

Жоғарыда атап өткеніміздей, кейбір деректер бойынша Қазақстанда жұмыс істейтін әйелдердің үлесі жағынан әлемде Қытайдан кейінгі екінші орында тұр. Әрине, мұндай көрсеткіш гендерлік саясат тұрғысынан алғанда мақтануға болатындай жетістік шығар. Алайда «таяқтың екі ұшы болатынын» да естен шығара алмаймыз. Себебі еңбек нарығындағы ауыртпалықты аруларға артып қоюға әсте болмайтыны тағы бар. Онсыз да отбасындағы шаруа, бала тәрбиесі, тұрмыстағы күйбең тіршіліктің бел ортасында жүретін әйелдер қауымына Қазақстан экономикасын қарыштату миссиясын міндеттей алмаспыз. Тек, теңдікті тіке ұстап, қоғамнан қағажу көрмей, ерлерден ерекшеленбей, еңбекке араласса деген ниет. Ендеше, жұмыс істейтін әйелдердің үлесі жөнінен әлемде алдыңғы орында тұрғанымыздың өзі бір жағынан жақсылыққа баланса, енді бір жағынан бұл қаншалықты орынды деген де ой туғызады. Еңбек етіп жүрген әйелдің еркін де ескерген жөн. Қазір ешкім еріккеннен жұмыс істемейтіні анық. Көпшілігінде – кірістің аздығы, күнкөрістің қамы. Әсіресе, елімізде әйелдер үшін декреттік демалыс үш жылға созылғанымен, балаға төленетін әлеуметтік төлем бір жылға ғана жалғасатынын білеміз. Ал бұл ретте, амал жоқ, бала бір жасқа толысымен-ақ әйелдер жұмысқа шығуға «асығады».

Бұрын, сондай-ақ әйел жұмыссыз болса, декреттік демалысты күйеуіне рәсімдеуге мүмкіндігі бар болатын, қазір оның да мүмкіндігі шектелген. Егер күйеуіне рәсімделсе, ол да жұмыстан босатылып үйде отыруы керек. Бұл отбасы бюджеті үшін тиімсіз болғандықтан, жас баласы бар аналардың өзі жұмысқа ұмтылады.

Оған қоса, еңбек өтілі аз, жұмыс тәжірибесі жоқ мамандарға жұмыс табу қиын. Сол себептен де әйелдер қауымы балашағасының «шаруасына» шырмалып жүрсе де, жұмыстан қол үзбеуге мәжбүр.

Бұған соңғы жылдары әйелдердің зейнетке шығу жасының да ұлғайып келе жатқанын қосыңыз. Ендеше, «таяқтың екі ұшы» деп отырғанымыз осы. «Жұмыс істейтін әйелдер қатары көбейді» дегенді желеу еткеннен гөрі, олардың қандай іспен, қанша жалақыға, қандай жағдайда жұмыс істеп жүргендерін де есепке алған жөн.

Олай болса, көп айтылатын гендерлік саясаттың да бір міндеті сол – әйелдердің түйткілді мәселелерін шешіп, тұрмыстық ауыртпалығын азайтуға ықпал ету. Әйтпесе, әйел теңдігі оның қаншасының еңбекке араласуымен ғана өлшенбесе керек. Іскерлік пен жұмысбастылықты шатастыруға болмайды.

Әйгілі Наполеон «Өркениетті әрі білімді ұрпақтың қалыптасқанын қаласаңыздар, бірінші аналарға білім беріңдер» деген екен. Ал қазіргі заманда білім өмірлік тәжірибемен, қоғамдағы белсенділікпен де келетінін ескерсек, ешкімнің қоғам дамуынан қалыс қалуына болмайды. М.Әуезовтің «ұлт болам десең бесігіңді түзе» дегені де, сол бесікті тербететін әйелдер рөлімен тікелей байланысты. Ендеше, қай қоғамда да әйелдің арқалаған жүгі жеңіл емес. Бұл тұрғыда әйелдер іскерлігін ілгерілетудің, ханымдарды кәсіпкерлікке бейімдеудің жөні бөлек екені рас. Оған әрдайым қолдау қажет.

Маман дайындау мәселесі өзекті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Экономиканың нақты секторы үшін мамандар дайындаудағы университет пен жұмыс берушілердің серіктестігі» атты республикалық форум өтті.

Шараға Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Виктор Божко, «Қазақстанның ет-сүт одағы» басқарма төрағасы Иван Сауэр, «Атамекен-Агро» АҚ агрохолдингінің басқарма төрағасы Кинталь Исламов және 150-ге жуық отандық, шетелдік агробизнес өкілдері қатысты. Форум барысында бәсекеге қабілетті, білікті маман дайындау мақсатын көздейтін жаңа бағдарламалар талқыланып, ауылға барған жас маманға жағдай жасау мәселесі көтерілді.

«Бүгінгі біз ұйымдастырып отырған форумның агроөнеркәсіп саласын дамыту жолындағы алар орны ерекше. Ұсынысымызды қабыл алып, басқосуға келгендеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Бұл саладағы мәселелердің шешім табуы үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілері мен кәсіпкерлер арасында тығыз байланыс орнауы қажет. Мемлекеттік білім беру гранттарының бағасын көтеру, кадрларды тек мамандандырылған оқу орындарында дайындау және олардың 3 жыл ауылда еңбек етуін міндеттеу мәселелері қолға алынуы керек», деді университет ректоры Ақылбек Күрішбаев.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары В.Божко өз сөзінде агротехникалық мамандықта білім алған жастардың еңбек ету үшін ауылға баратындарының саны тым аз екендігін айтты. Ал «Атамекен-Агро» агрохолдингінің басқарма төрағасы Кинталь Исламов пен «Картоп өсіру және көкөніс дақылдары одағы» президенті Қайрат Бистаев алдағы уақытта студенттерді одақпен бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Форум қатысушылары мен қонақтар студенттердің теориялық білімін тәжірибе жүзінде шыңдауына мүмкіндік беретін өндіріс алаңдарын аралап, студенттер дайындаған сүт, ет, нан өнімдерінен дәм татты.

Қарлығаш ҚҰРАМЫС

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

Ұлттық рейтинг жоғары оқу орындарын ұшпаққа шығарады

Астанада Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттіктің ұйымдастыруымен тұңғыш рет оқу ісіне арналған халықаралық форум өтті. «Болашаққа бет бұру: жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудегі үрдістер, проблемалар мен болашағы» тақырыбымен екі күнге жалғасқан Еуразиялық форумда әлемдегі білім сапасын аккредиттеу агенттіктерінің озық үлгілері көрсетіліп, шетелдік жоғары оқу орындарының білім беру жүйесі таныстырылды. Сондай-ақ жиынға келген халықаралық және ұлттық сарапшылар еліміздегі ЖОО-ға қатысты негізгі проблемаларды талқылады.

Майгүл СҰЛТАН,
«Егемен Қазақстан»

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» дей келіп, жоғары оқу орындары оқу бағдарламаларын жаңартып, білім мен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналуы керектігін айтқан болатын. ТМД елдерінің ішінде тәуелсіз аккредиттеуді тұңғыш рет елімізге енгізген Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі 2008 жылдан бастап Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингін жариялап келеді. Үздіктер қатарынан көріну үшін жоғары оқу орындарының білім бағдарламасы әлемдік стандартқа сәйкес келуі шарт. Бүгінде елімізде жаңа жүйеге көшіп, шетелдің білім ошақтарымен иық тірестіретін ЖОО аз емес. Аталған агенттік 10 жыл ішінде 1833 білім беру бағдарламасын аккредиттеуден өткізген. Сынақтан сүрінбей өткен бағдарламалардың 1047-сі бакалавриат, 558-і магистратура, 136-сы докторантура, ал 30-ы резидентура бойынша болған.

«Әлемнің озық аккредиттеу агенттіктерінен аккредиттеуден өткен біздің бағдарламаларымызды Еуропа деңгейінде танылды деп айтуға болады. Осындай жағдайда біздің жоғары оқу орындарының жастарға сапалы білім беру жауапкершілігі одан әрі арта түсетіні сөзсіз. Президент Нұрсұлтан Назарбаев әр уақытта біздің түлектеріміз әлемнің кез келген жерінде жұмыс істей алатындай білім алуы керек деген ойларын жоғары оқу орындарының алдына міндет ретінде қойып жүр. Елбасы талаптарына жету үшін бізге осындай озық үлгідегі тәжірибе ерекше қажет. Дуйсбург-Эссен университетінің ішкі сапаны басқару жүйесінің тәжірибесін, Нидерланды және Фландрия аккредиттеу агенттігінің сапаны бағалаудағы методологиясын осы жерде көріп жатырмыз. Екінші жағынан, бұл бағытта оқу орнының ішінде білім сапасын бағалау мен арттыруға көп көңіл бөлетіндігімізді айтқымыз келеді. Оның ішінде бақылау және сабақ берудің сапасын жоғары деңгейге жеткізу үшін сапа менеджменті жүйесін енгізіп отырмыз», деді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Балықбаев.

Қазақстан 2010 жылы Болон үрдісіне тұңғыш рет қол қойған болатын. Ұйымдастырушылардың айтуынша, аккредитация – Болон үрдісінің бір құралы. «Еліміздің Болон үрдісіне қосылуы ЖОО мен студенттерге мол мүмкіндіктер берді. Сондықтан білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз аккредиттеу өте қажетті құрал. Аккредиттеу жұмысына жыл сайын халықаралық эксперттерді шақырып, Еуропадағы дамыған тәжірибені Қазақстанның білім кеңістігіне енгізуге тырысып отырмыз. Соның бірі – студентке орталықтандырылған оқыту. Бұл елімізге кеңінен енгізілген жоқ. Кеңес педагогикасында тұлғаға бағытталған оқыту деген ұғым болған, ол әлі де бар. Ал жоғарыдағы жаңа жүйе студентті жай объект емес, белсенді субъект ретінде қарастырады. Яғни студент оқу жоспарын жасауға тікелей ықпал ете алады. Оларға пән мен мұғалімді таңдау еркіндігі де беріледі», деді БСҚА жобалар бойынша жетекшісі, профессор Ғайнелғазы Әділғазинов.

Форумда Еуропалық жоғары білім берудің сапасын қамтамасыздандыру ассоциациясы (ENQA) өкілдері, Еуропа, Ресей, Орталық Азия мен Кавказ және БСҚА – IQAA ұлттық сарапшылары, Білім және ғылым министрлігінің мамандары «ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі», «университеттерді басқару», «студенттерге орталықтандырылған оқытуды бағалау» және «түлектерді жұмыспен қамту», сондай-ақ «университеттер мен инновациялар» сияқты тақырыптарды тереңнен талқылады. Назарбаев Университет толықтай жүзеге асырып келе жатқан «автономды университет» бағдарламасын таныстырған Аида Сағынтаева ұстаздар тек дәрісханада сабақ берумен және ғылыми жұмыстармен айналысып қоймай, басқару ісіне белсенді қатысу арқылы оқу орнының дамуына өз үлесін қосуы керек деген ойын ортаға салды.

«Білім беріп жатқан да, ғылыми зерттеумен айналысатын да – профессорлар. Бірақ олардың үні басшылыққа қалай жетуі керек? Олардың Университетті басқаруға мүмкіндіктері бар ма? Назарбаев Университет пен Пенсильвания университеті бірігіп, 10 жыл бойы үлкен ғылыми зерттеу өткіздік. Ол – Қазақстанда автономды университетті басқару. Бұл жүйе бойынша университетте қабылданатын қандайда бір шешім профессорлардың қатысуымен қабылданады. Басқару, бюджет жоспарлау, сатып алулар және кәсіптік талаптарды бекіту сияқты кез келген мәселе профессорлармен кеңесу арқылы шешіледі. Яғни, басшылық барлық басқаруды профессорлармен ақылдасу арқылы жүргізеді. Өйткені сапалы білім беру үшін не керек екенін тек қана аудиторияда тұрған профессор біледі. Осы арқылы ұстаздардың рөлін басқаша қарастырып, оларды университеттің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береміз», деді Назарбаев Университет жоғары білім беру мектебінің деканы А.Сағынтаева.

Жиында еліміздегі жоғары оқу орындары мен білім бағдарламалары жайлы мәлімет «Еуропаның жоғары оқуды бағалау органының» базасында жарияланатыны да сөз болды. Осы арқылы шетелдік студенттер біздегі білім беру мекемелеріндегі ақпарат, деректермен таныса алады.

Басқосудың соңғы күнінде 2018 жылы Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингісінің нәтижелері бойынша сертификаттар табыстау салтанатты рәсімі өтті. Сертификаттар «Үздік көп салалы ЖОО», «Үздік техникалық ЖОО», «Үздік гуманитарлық-экономикалық ЖОО», «Үздік медициналық ЖОО», «Үздік өнер ЖОО», «Үздік педагогикалық ЖОО» сияқты бағыттар бойынша берілді. Айта кетейік, Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының биылғы ұлттық рейтингі осыған дейін газетімізде (№111, 15 маусым 2018 жылы) жарияланған болатын.

Оқушыларды ағылшын тіліне баулиды

Бақытгүл БАБАШ,
«Егемен Қазақстан»

Қазір балалардың жан-жақты дамуына толық мүмкіндік бар. Мектеп оқушыларының ғылым-білімнің қыр-сырын ерте жастан меңгерулеріне «Нұр Отан» партиясы да ерекше мән беріп, жақсы бастамаларға ұйытқы болып келеді. Жаңа оқу жылында Атырауда осы бағыттағы жұмыстар жандана бастады. Айталық «Жас Отан» ЖҚ мен «Болашақ» қауымдастығы қолға алған «English for Jastar» атты жоба жоғарыдағы сөзімізге айқын дәлел. Ауыл балаларына ағылшын тілін үйрету мақсатында қолға алынған жоба бойынша Исатай, Индер, Махамбет, Мақат, Жылыой аудандарында 12 ерікті жұмыс істеп жатыр. Оларға барлық жағдай жасалып, баспана, тамақтану, тасымал мәселелері де шешілген. – «English for Jastar» партиялық жобасы екі айға есептелген. Еріктілер 20 қыркүйек пен 20 қараша аралығында ауыл балаларымен жұмыс істеп, аудан жастарының ағылшын тілінде сөйлеу машығын дамытады. Жоба аясында 500-ден астам баланы қамту жоспарланып отыр, – дейді «Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалының баспасөз хатшысы Эльмира Түнғатарова.

Сондай-ақ партия бастамасымен балаларға арналған IT-сыныптар ашылды. Британдық «Love to code» бағдарламасының халықаралық білім франшизасы пайдаланылған бұл жоба бойынша арнайы сыныпта 8-16 жас аралығындағы оқушылар білім алады. Оқушылар орталығының басшысы Айзада Түсіпқалиева жоба аясында алты топ ашылғанын, балалардың аталған салаға қызығушылықтары жоғары екенін айтады. Жалпы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы негізінде облыста 10 IT-сынып балалар игілігіне жұмыс істеуде.

Одан бөлек – Атырау қаласында алғаш рет мектеп жанынан балалар коворкинг орталығы пайдалануға берілді. №2 мектептегі жаңадан ашылған орталықта балалардың бос уақыттарын тиімді өткізулеріне барлық жағдайлар қарастырылған. Енді оқушылар мен ата-аналарға арналған түрлі тренингтер, интеллектуалдық сайыстар, сабақтар осы жерде өтеді. «Қазақстан кітапханалары – Білім орталықтары» партиялық жобасы аясында Атыраудағы 10 кітапхана жанынан коворкинг орталықтары ашылған еді. Ал жаңа орталыққа Атырау қалалық мәслихатының депутаты Әлібек Семғалиев демеуші болды.

Балалардың қарым-қабілеттерін дамыту мақсатында облыста жүзеге асып жатқан игі жобалар баршылық. Осындай жұмыстардың нәтижесінде биыл қосымша білім берумен қамту көрсеткіші 8,6 процеттен 22,4-ке көтерілді.

АТЫРАУ

Әріп танымайтын баладан Африканы сұраған...

Таяуда «Қазақстан» ұлттық арнасының «Қарекет» бағдарламасынан қазіргі қазақ тілі оқулығы жайлы хабар берілді. Өз балаларымыз азамат болып кеткен соң, мектептегі оқыту жағдайынан бейхабар екенбіз. Студияға шақырылған жұртшылық пен Білім және ғылым министрлігі өкілдері арасындағы диалогты естіп, жағамызды ұстадық. Қазіргі қазақ тілі оқулығындағы шалалық пен қайшылықты көріп, басынан кешіріп жатқан ұрпақ үшін шырылдап білек сыбана пікірталасқа түскен жандарды көріп қолымызға еріксіз қалам алдық. Хабарға қатысқан ата-аналар мен олардың жанайқайына шала-шарпы, күлдібадам жауап берген министрлік өкілдерінің шарасыздығына ішіміз күйді.

Ең бастысы, қазіргі оқулықта өткен ғасыр бастауындағы ұлт зиялылары Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Құдайберген Жұбанов, Ғабдрахим Әбуханов және басқалары негіздеген қазақ тілін оқытудың базалық жүйесінен айрылып қалыппыз. Жаңарған оқулық дейтін бағдарламаны қуаттаушылар қазақ тілінің заңдылықтары туралы ережені оқушыларға үйретіп, уақыт шығындаудың қажеті жоқ деп санайды. Сол себепті жаңа оқулықта мәтінді оқыту арқылы тілді дамыту мәселесіне басымдық берілген. «Апырмай сонда, тілдің заңдылықтарын, зат есім, сын есім, есімдік, синтаксис пен грамматикаларды, орфография мен орфоэпия ережелерін білмей тұрып, тіл ұстарту дегеніңізге жол болсын?!» дейді қарсы жақ. Қазақтың бірнеше ұрпағы оқып, сауатын ашқан тілдің ғылыми негіздемесін оқулыққа енгізбей, әлдебір космополиттік бағдарламаны оқулық негізі етіп отырған министрліктегілердің парықсыздығына ашындық. Тіпті ішінде сол оқулықты жасауға (хабарда қазақ тілінің 7 сынып оқулығы мысалға алынды) қатысқан мүйізі қарағайдай ғылым докторы, әйел адам да болды. Ішкі мазмұны қазақ тілі оқулығынан гөрі, танымдық қосымша оқу құралына келіңкірейтін 7 сыныптың оқулығы жаңа бағдарламаның бағыттары мен принциптеріне толық сай келеді деуден танбады. Сонда қазақ тілін оқытудың дәстүрлі жүйесі, заңдылығы мен ережелері қайда дегенге тіпті шімірікпейді. Оған босқа уақыт бөлудің қажеті жоқ деп отыр. Ал енді Білім және ғылым министрлігінің өкілі мектеп оқулықтарын даярлауға баспалар арасында конкурс өткізіліп, солардың озық дегені мектеп бағдарламасына енгізіліп отырғандығын айтады. Тіпті күрделілігіне қарай ауыл мен қала мектептеріне жеке-жеке оқулық ұсынылған сыңайлы. Сонда бірыңғай оқу стандарты қайда қалады дегенге, бұл тұрғыда мұғалімдерге шығармашылық еркіндік берілген деген уәж айтады. Сонда әр мұғалім өз алдына оқытса, одан кейін қазіргі оқытудың деңгейін шамалай беріңіз. Ал біз Ата Заңымызға сәйкес жалпыға бірдей орта білім мемлекеттің қамқорлығында екенін ұмытпауымыз керек қой?

Бірінші сыныптың тілашар оқулығы «Сауат ашу» делініп, бұрынғы «Әліппенің» орнын басыпты. Онда Африканы, Скандинавия елдерін көрсет деген тәрізді мәтіндер жүр. Әлі әріп танымаған балдырғанға қойылып жатқан бұл не сұрақ? Аталған сұраққа білім министрлігінен келгендер жауап бере алмады. Оларда не болғанда да үкімет бағдарламасын қорғаштаудан артық мақсат жоқтығы көрініп тұрды. Қазақ тілін оқытудың қалыптасқан жүйесін сақтау, ұрпақ тағдырына бас ауыртып отырғандары байқалмайды. Әңгіменің тоқетері – қазіргі қазақ тілі оқулығы дәстүрлі ұлттық білім беру жүйесінен алшақ, әлемдік эксперименттер қапталында адасып бара жатқан түп-тамыры жоқ күлдібадам дүниеге ұқсайды. «Жаңа бағдарлама» деп, ұлттық негізден тамырын үзіп кеткен оқыту бағдарламасын қызғыштай қорыған жандардың жұртшылық жанайқайына самарқау қарауы қабырғаға бататын жай.

Бұдан шығатын қорытынды; қазіргі жаңа шыққан қазақ тілі оқулығын оқытуды дереу тоқтата тұрып, мәселеге мемлекеттік тексеріс жүргізілуі қажет. Қазақ тілі оқулығын жасақтау ісі тікелей мемлекеттің құзырына алынып, оған ғылыми атақтарын кеңес заманында қорғаған ғалымдар, тәжірибесі мол белгілі ұстаздар, ғылыми-зерттеу институттары қатыстырылып, қателікті дереу түзету шаралары қолға алынуы керек. Қажет болған жағдайда сол кеңес заманында қазақ тілін оқытудың негізін салған ұлт зиялыларының бұрынғы жазған оқулықтарының ғылыми негізі сақтала отырып, жаңа заман талаптарына қарай бейімделіп, баспадан қайта шығарылғаны жөн. Қатты айтты деп қаралай көрмеңіз, жанымыз ашығаннан ашы даусымызды шығаруға мәжбүрміз. Қазіргі қазақ тілі оқулығын жасақтауда жіберіліп отырған қателік жай қателік емес, қазақ тілін оқытудың ғылыми жүйесінен ауытқыған, зардабы қорқынышты үлкен ақау.

Аманкелді ШАХИН,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Батыс Қазақстан облысы

Математик атындағы аудитория ашылды

Жуырда Қостанай мемлекеттік педагогика университетінде тағылымды шара өтті. Математика ғылымдарының кандидаты, профессор Тобыл Дәулетбаевтың атындағы аудитория ашылды.

Нәзира ЖӘРІМБЕТ,
«Егемен Қазақстан»

Өңірдің білім беру саласында тынбай қызмет істеген Тобыл Есламғалиұлы дарынды математик ғана емес, білікті маман дайындауға аса жауапкершілікпен қарайтын жастардың тамаша ұстазы болатын. Ол кандидаттық диссертациясын 1979 жылы қорғағаннан кейін ұстаздық ете жүріп, ғылыми жұмыстардан қол үзген жоқ. Алайда араға түскен ажал оған докторлық диссертациясын аяқтатпай білікті ұстаз 2013 жылы қайтыс болды.

Аудиторияның ашылу салтанатында әріптестері мен шәкірттері Тобыл Дәулетбаевтың облыста ғана емес, республикада математикалық білім беру ісін дамытуға атсалысқанын айтты. Профессорлар Аманжол Күзембайұлы, Кәрібоз Жапаров, Жеңіснұр Құжыкеев Тобыл Есламғалиұлының талантты математик және ұстаз, жастарға білімді өмірмен байланыстыра білуді үйреткен кәсібилігін ерекше бөліп айтты.

«Оның адамгершілігі айналасына сәуле шашып тұрғандай болатын. Физика-математика пәндеріне балалар, жастар ынтасын оятудың өзі педагогикалық кәсібилікке келетін қасиет. Тобыл Есламғалиұлы өңірдегі көптеген математиктердің нағыз ұстазы болды», деді оның әріптес інісі, профессор Жеңіснұр Құжыкеев.

Тобыл Дәулетбаев Қостанай мемлекеттік педагогика институтында жоғары математика кафедрасын басқара жүріп, математиканы оқытуды жетілдіру бағытында тыңғылықты еңбек етті. Мұғалімдерге арнап 2 оқулық, 6 әдістемелік құрал жазды. Ол шәкірттерін ғылыммен айналысуға, математиканы оқытудың жолдарын іздестіруге, әдістемелерді ширата түсуге баулыды. Оның кафедрасынан оқытушылардың екеуі ғылым докторы, 20 оқытушы ғылым кандидаты атағын алды.

Ғалым-ұстаз атындағы аудиторияның ашылу салтанатына жиналғандар Тобыл Дәулетбаевтың ғылыми жұмыстары мен өмірінен дайындалған фотосуреттер көрмесін тамашалады.

ҚОСТАНАЙ

Жүрек донорының тапшылығы

ұлттық кардиохирургияда қалай шешімін тауып жатыр?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетінін айтқан болатын. Соның бір көрінісі – өткен айда Ұлттық кардиохирургия орталығы әлем бойынша алғаш рет жасанды жүрек имплантациясын жасады. Бұл еліміздің ғалымдарын ғана емес, дүние жүзі дәрігерлерін де жалт қаратқан жаңалық болды. Ілешала Астанада 18-19 қыркүйек күндері кардиология және кардиохирургия саласындағы ең соңғы ғылыми жобалар мен жасанды жүректі құрудағы инновациялық жобалар бойынша симпозиум өтіп, оған шетелдің 250-ге жуық кардиохирург ғалым қатысты. «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Юрий Пя заманауи әлемдік медицинаға соны серпіліс әкелген CARMAT толық жасанды жүрегін имплантациялау тәжірибесімен бөлісті.

Жүрек трансплантациясының жаңа әдісі – **жасанды жүрек қарыншасы.** Бұл бағдарлама клиника ашылған сәттен бері 7 жыл бойы қолданылып келеді. Медицинаға жүрек трансплантациясымен бірге енген бұл әдіс соңғы 20 жылда әлем бойынша қолданысқа ене бастады. «Бүгінде әлемде жүрек қарыншасы трансплантациясының халықаралық тізімінде жасанды құрылғылар имплантациясы салынған 15000 пациент бар. Бұл жасанды сол жақ қарынша, оң жақ қарыншаның астындағы ұстап тұратын тірек, жүрек алынып тасталып, орнына механикалық жүрек салынған операция. Сол жақ қарыншаның имплантациясы 7-8 жыл өмір сүруге мүмкіндік берсе, әлем тәжірибесінде ол имплантациямен 10-15 жыл өмір сүрген адамдар бар. Бірақ бізде бұл бағдарлама небәрі 7-8 жылдан бері қолданыста. Сондықтан ондай деректер әлі жоқ. Ал жаңағы 15000 науқастың 2%-іне механикалық жүрек салынған. Біздің клиникамызда осындай 3 операция жасалды. Донорларын күте алмауы мүмкін деген пациенттерге өмірлік көрсеткіштері бойынша механикалық жүрек орнатылды. Бірінші пациентке сегіз айдан соң, екінші пациентке бес айдан соң донор жүрегі трансплантацияланды. Бұл әлемдегі кардиохирургия бойынша Қазақстанның жасап отырған үлкен көмегі. Өйткені бүгінге дейін дүниежүзі бойынша ондай операциялар әлі жасалған жоқ», дейді М.Бекбосынова.

TAVI операциясы. Дәрігердің айтуынша, бұрын кардиохирургияда жүрек қақпақшаларына жасалған операциялардың барлығы төсті толық ашып жасалатын. Қазір мұндай операцияларды қантамыр арқылы жасауға мүмкіндік бар. «Мысалы, аорта қақпақшаларын қантамыр арқылы ғана ауыстыратын деңгейге жеттік. Бұрынғыдай тілудің қажеті жоқ, қантамыр арқылы жүрекке кіріп, қақпақшаны ауыстыра аламыз. Мұндай жағдайда пациент екі күннен соң клиникадан үйіне қайтады. Бұл әлемдік практика бүгінгі таңда Қазақстанға да жетті. Аорта қақпақшасына жасалатын операция TAVI деп аталады», деген клиника басшысының орынбасары Қазақстанда 3 жылдан бері осы әдіспен 150 шақты операция жасалғанын жеткізді.

CARMAT – жасанды жүрек. Ол Еуропалық Airbus SE аэроғарыштық және әуе қорғаныс концернімен ынтымақтастықта толығымен жасанды жүректі өңдейтін француздық компанияның (CARMAT SA) атымен аталған. «Жүректі CARMAT-қа ауыстыру үшін пациенттер медициналық көрсетілімдері ғана емес, анатомиялық ерекшеліктері бойынша да сәйкес келуі тиіс. Бұл аппарат орта бойлы, кең иықты адамдарға арналып жасалған. Бұл болашақтың аппараты деп ойлаймын. Осы тәсіл бойынша 10 пациентке Франциядан тыс, 6 пациентке Францияда операция жасалды. Яғни, әлемде осындай 16 операция жасалды. Біз осы пациенттердің 3-інің біреуіне жүрек трансплантациясын жасаған әлемдегі жалғыз ел болып табыламыз. Бұл аппарат біздің қадағалауымыз барысында физиологиялық тұрғыдан табиғи жүрекке жақын қасиеттерін көрсетті», дейді отандық мамандар.



Бізде балалар донорлығы бойынша заң жоқ

Аталған орталықта Балалар кардиологиясы және кардиохирургиясы бөлімі бар. Онда балаларды жүрек трансплантациясына дайындайды. «Бізде балалар донорлығы туралы заң жоқ. Яғни, балалар қайтыс болғаннан кейін олардың ағзаларын алуға рұқсат жоқ. Сондықтан біздің мемлекетімізде балалардың жүрегін трансплантациялау жасалмайды. Біз осы 6 жыл ішінде орындалған 68 трансплантация ішінде жүрек трансплантациясы жасалған 15, 17 жастағы жасөспірімдер бар. Оларға ересек адамның донорлық жүрегі салынды. Олар қазір ересек пациенттер тобында бақылауда. Бірақ біздің клиникамызда екі кішкентай балаға жасанды сол жақ қарыншаның трансплантациясы жасалды. Тараздық Жузель есімді қызға ота жасалғанына бір жыл болды. Ол 6 ай бойы біздің клиникамызда жатып, жасанды қарыншаны қолданып, Үндістандағы жүрек трансплантациясына кезегін күтті. Шетелге барып жүрек салдырған соң, қазір біздің орталықта бақылауда тұр. Жақында екінші пациентіміз 12 жастағы қыз балаға сол жақ қарынша трансплантациясы жасалды», дейді М.Бекбосынова.

Оңалту жұмысы ойдағыдай ма?

Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы оңалтудың тек бастапқы сатысын ғана жүргізеді. Оған пациенттердің көптігі себеп. «Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені орталық енді ғана ашылған кезде бізді пациенттерді оңалтудың соңғы сатысына шақыратын. Қазір біз оңалтудың тек бастапқы сатысын ғана жүргіземіз. Себебі кардиохирургиялық операцияға мұқтаждардың саны өте көп. Соңғы оңалтуды аймақтардың өздеріне қалдырдық. Әр аймақта жүрек трансплантациясынан, имплантациясынан кейін жауапты кардиолог мамандар бар. Оңалтудың ерте кезеңі, яғни пациентке операция жасалған уақытта науқаста қандай да бір асқынулар орын алса, біз бақылауымызда ұстаймыз», дейді маман.

Махаббат Сансызбайқызының айтуынша, оңалту стационарлық, амбулаториялық-емханалық кезең және санаторлық-курорттық емдеуден тұрады. Алайда біздің елде мұның барлығы толық жүзеге асып отырған жоқ. «Дамыған мемлекеттердің бәрінде, мәселен, Германияда инфаркке шалдыққан науқас толық сауығып кеткенше мемлекет еңбекақысын, сақтандыруды төлеп, жұмыс орнын сақтап қалады. Оңалту қызметі болуы қажет. Егер бізде оңалту кезеңдері жолға қойылса, пациенттер орталығымызға қайта оралып келіп отырады. Осы тұрғыда қазір Кәсіподақ ұйымдары тиісті жұмысты қолға алуы тиіс. Адамдарды оңалту, денсаулықты сақтау үшін санаторлық-курорттық аймақтар жөнге келтірілуде», дейді ол.



БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

Алғашқы медициналық көмектің сапасын арттырмақ

Мирас АСАН,
«Егемен Қазақстан»

Елімізде 500-ден аса медициналық көмек көрсететін ұйым бар

1978 жылы ДДҰ және ЮНИСЕФ-тің қолдауымен Алматы қаласында алғашқы дәрігерлік көмекті жетілдіруге арналған халықаралық конференция өткен болатын. Айтулы тарихи оқиғаға биыл 40 жыл толып отыр. «Алматы декларациясының» 40 жылдығы қарсаңында Республикалық алғашқы медициналық-санитарлық көмектің үздік тәжірибелік орталығында «Primary Health Care» ұлттық қауымдастығы» заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бірлестігі ашылды. Шарада мемлекеттік құрылымдар мен халықаралық ұйымдардың, кәсіби үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, аурухана басшылары бас қосты. Жиынды «Primary Helth Care» Ұлттық қауымдастығының президенті Төлебай Рахыпбеков ашып берді. Қауымдастық президентінің айтуынша, аталған ұйым еліміздегі әлеуметтік бағдарланған алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту мақсатында құрылған. Оның құрылуына сапалы, қолжетімді әрі үздіксіз денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру үшін, АМСК саласындағы тәжірибелі дәрігерлер, жеке кәсіпкерлер, емханалар, отбасылық денсаулық орталықтары, медициналық жоғары оқу орындары мен колледждерін біріктіру қажеттілігі себеп болған. «Қауымдастық мамандардың мүддесін қорғап қана қоймай, отбасылық медицина, медбикелік, әлеуметтік жұмыс, психология және қоғамдық денсаулық сақтау салаларында жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге мүмкіндік беріп, еліміздегі АМСК жүйесін жетілдіруге жағдай жасайды», дейді Т.Рахыпбеков.

Жаңа ұйым алғашқы медициналық-санитарлық көмектің сапасын арттыруға қатысты барлық түйткілді мәселелерді шешуге атсалыспақ. Қазір елімізде 500-ден аса медициналық көмек көрсететін ұйым болса, жыл басынан бері 9 млн-нан астам адам аталған ұйымдардың көмегіне жүгінген. «Primary Health Care» ұлттық қауымдастығы» басқарма төрағасы Роза Абзалова Денсаулық сақтау министрлігімен бірге «2018-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы АМСК дамытудың негізгі бағыттары туралы» маңызды құжат қабылданғанын айтады. Онда халықтың әл-ауқатын арттыру мен денсаулығын жақсарту бойынша негізгі мақсаттар айқындалған. «Қазіргі таңда елімізде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 524 ұйым болса, оның 370-і мемлекеттік және 154-і жеке меншік болып табылады. Осы ұйымдарда жалпы саны 6 205 отбасылық дәрігер қызмет етеді. Әрине тұтас бір мемлекетке бұл мамандардың саны аздық етеді. Орта есеппен бір отбасылық дәрігердің үлесіне екі мыңнан астам емделушіден келіп отыр. Біздің ұйым осы түйткілді шешіп, білікті дәрігерлер мен медбикелерді дайындауға атсалысады», дейді Р.Абзалова.

Жиында айтылғандай, елімізде алдағы уақытта тағы да 1500 дәрігерлік учаске ашылмақ. Мұндай медициналық ұйымдардың көптеп ашылуы ең алдымен саланы қағазбастылықтан құтқарады. Сонымен қатар көпқабатты үйлердің бірінші қабатынан емханалардың ашылуына да аталған ассоциация дәнекер болмақ.

«Біз қауымдастықтың және алғашқы медициналық-әлеуметтік көмектің басты нысаны ретінде науқастардан бөлек, дені сау адамдардың да ахуалын қадағалауды көздейміз. Болашақта емхана іздеп, қоғамдық көліктермен алысқа сабылудың қажеті болмайды. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша, енді жаңа шағын аудандар салынғанда, бой көтерген ғимараттың бірінші қабатынан шағын амбулаторияларды қоса салу жоспарланып отыр», дейді қауымдастық президенті Т.Рахыпбеков.

Қауымдастық құрамында отандық медицина майталмандарынан бөлек шетелдердің сарапшы мамандары бар. Сондай-ақ бірлестік дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Назарбаев университетпен меморандумға қол қойған. Қауымдастықтың жеке кәсіпкерлермен және заңды тұлғалармен бірігіп жұмыс істейтіндігін де айта кеткен жөн. Одан бөлек, өңірлерде 16 бөлімшесі ашылған ассоциацияның мақсаты – алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің бәсекелестігін арттыру. Ұлттық ассоциацияның Батыс Қазақстан облысы бойынша бөлімшесінің директоры Сәуле Булкашеваның сөзіне сүйенсек, өңірдегі үздік тәжірибе орталығы ретінде таңдалған №1 қалалық емхана алдағы уақытта өз жұмыстарына инновациялық технологиялар мен халықаралық жетістіктерді енгізіп, қауымдастық бөлімшесінің тікелей қатысуымен қызмет етеді. Сондай жұмыстардың бірі ретінде, аталған емханада 2017 жылғы 29 желтоқсанда «ҚР педиатрлық көмек көрсету стандарттарын бекіту туралы» №1027 бұйрық бойынша патронажды қызмет енгізілгендігін атап өтуге болады.

«Бұл медициналық ұйым патронажды қызметтің әдістемесін сынақтан өткізген бірден бір ұйым және еліміздің барлық орталықтарын оқытуды жоспарлауда. Қауымдастықтың «Әркімнің денсаулығына қамқорлық» деген ұраны ассоциация мүшелерінің алдына көптеген маңызды міндеттер жүктеп отыр. Бір сөзбен айтқанда, қауымдастық қызметі орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен басқа да мүдделі тарап өкілдерінің еліміздегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жетілдіру және дәйекті дамыту жөніндегі күш-жігерін біріктіруге бағытталатын болады», дейді С.Булкашева.

Шара барысында қатысушылардың назарына ұлттық және халықаралық сарапшылардың – алғашқы медициналық-санитарлық көмек саласындағы кәсіби мамандардың баяндамалары, сынамалы жобалардың нәтижелері ұсынылды.

Медицина элитасы Астанада бас қоспақ

Алдағы айда әлем назары тағы бір мәрте Астана төріне аумақ. Бұл жолы ДДҰ-ға мүше 190 мемлекеттің өкілдері елордаға маңызды тарихи құжатты, яғни XXI ғасырда әлемдегі АМСК жүйесін дамытуды айқындайтын «Астана декларациясын» қабылдау үшін жиналады. Құжатқа қол қою рәсімі 25-26 қазан күндері Қазақстан Үкіметі, ДДҰ мен ЮНИСЕФ-тің ұйымдастыруымен өтетін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша Ғаламдық конференция барысында болмақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жарты ғасырға жуық уақыт бұрын әлем халқына қолжетімді және сапалы денсаулық сақтау жүйесін ұсыну бойынша тың жаңалық алып келген Алматы декларациясы қабылданғаны мәлім. Осыған орай, алдағы өтетін конференция «Алматыдан басталған денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуға және тұрақты даму мақсаттарына» деген тақырыппен ұйымдастырылып отыр. Конференцияға 1200-ге жуық адам қатысады, олардың көпшілігі шетелден келетін қонақтар болмақ. Меймандар Алматы декларациясында айтылған міндеттердің орындалуын қадағалап, сонымен қатар АМСК саласындағы үздік идеялар және халықаралық тәжірибелермен алмасады деп күтілуде.

Алдағы конференция жайлы Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов та өз ойын білдірген болатын. «Бүгінде денсаулық сақтау жүйесі халықтың қартаюы, қоныс аударуы мен көшуі, созылмалы инфекциялық емес аурулардың артуы, азаматтардың әлеуметтік және экономикалық дамуындағы айырмашылық, жаһандану, цифрландыру сынды түрлі сынақтарды өткеріп келеді. Жоспарланып отырған жиында әлемдік медициналық қауымдастық қырық жыл бұрынғыдай түйткілді мәселелер мен мүмкіндіктерді есепке ала отырып, халықтың денсаулығын сақтау мақсатында алғашқы медициналық-санитарлық көмекті қолдау мен оған инвестиция құюдың маңызы мен рөлін талқылайды», деді министр.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Төрт емдеу нысаны күрделі жөндеуден өтті

Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданына қарасты төрт ауылдық округте фельдшерлік-акушерлік пункттер күрделі жөндеуден өтіп, бір күнде пайдалануға берілді.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Шыңғырлау ауданының 90 жылдығына орайлас келген бұл жаңалықты жергілікті тұрғындар қуанышпен қабылдап жатыр. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында жүзеге асқан осы істердің арқасында Ақтау, Шоқтыбай, Амангелді, Қарағаш ауылдарында дәрігерлік қызмет көрсету сапасы артатын болды. Осы төрт нысанның күрделі жөнделуіне 61 млн теңгеге жуық бюджет қаржысы бөлінген.

– Батыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасына 388 медициналық нысан қарайды. Солардың 270-і бейімделген жаңа ғимараттарда орналасқан. Енді қалған ғимараттарды да тиісті стандартқа сәйкестендіру міндеті тұр. Халықтың сапалы медициналық ем алуы үшін атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Мәселен, былтыр өңірде 81 нысанды күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасауға 103 млн теңге бөлінді. Оның ішінде осы аудандағы нысандар да бар еді. Биыл 593 млн теңге қаржыға 21 нысанды күрделі жөндеуді жоспарлап едік. Қазір 10 ғимаратта жөндеу аяқталды. Қалғаны да таяуда тапсырылады, – дейді осы оқиғаға арнайы келген Батыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Айзада Шүкірғалиева.

Шыңғырлау ауданының әкімі Альберт Есалиевтің сөзіне қарағанда, соңғы екі жыл ішінде аудандағы медпункт, фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) сынды алты нысан заман талабына сай жөнделген. Дәл қазір Ақшат ауылында мемлекет-жекеменшік әріптестігінің негізінде су жаңа ФАП ғимараты салынып жатыр. Ол жаңа жыл қарсаңында пайдалануға берілмек.

Батыс Қазақстан облысы

Қоғам жұмыла қарсы тұруы қажет

Астанада Қоғамдық даму министрлігі Қоғамдық келісім комитетінің ұйымдастыруымен «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелеріндегі қоғамдық институттардың рөлі» тақырыбында республикалық конференция өтті.

Венера ТҮГЕЛБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Алқалы жиынның басты мақсаты – министрліктің діни экстремизм мен терроризм көріністерінің алдын алу мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен, оның ішінде қоғаммен өзара іс-қимылды жетілдіру. Оған Қоғамдық даму вице-министрі Берік Арын, діни бірлестіктер, мүдделі мемлекеттік органдар, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен тұлғалармен алдын алу және оңалту саласында қызмет ететін үкіметтік емес ұйымдар, мәдениет және спорт саласындағы қоғамдық, жастар ұйымдарының және жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

Конференция барысында азаматтардың, оның ішінде жастардың деструктивті діни ағымға тартылу себептері мен механизмдері қарастырылып, теріс ағымдардың сипаты және басқа да мәселелер көтерілді.

Бүгінгі таңда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелерінде қоғамдық институттардың рөлі өте маңызды. Сол себепті Қоғамдық даму министрлігі қоғамдық институттармен бірлесе отырып, жиі пікір алмасып, сауатты сұхбат құрып тұрады. Бұл жолы да сол дәстүрден жаңылмай, қоғам пікір тыңдалып, ортақ үндес шаралар, ұсыныстар талқыланды. «Кез келген жат діни ағым, ланкестік және басқа да діни мәселелер өздігінен пайда болмайды, олардың астарында үлкен әлеуметтік-қоғамдық мәселелер, отбасындағы тәрбие мәселелері бар. Осы ретте мемлекет бұл мәселені өздігімен шеше алмайды. Сондықтан осы проблемалардың алдын алу, шешу үшін қоғам болып жұмылып, белсенді жұмыс атқаруымыз қажет. Қазірдің өзінде діни экстремизм мен ланкестіктің алдын алу мақсатында Қоғамдық даму министрлігі 29 үкіметтік емес ұйыммен бірлесе жұмыс атқарады. Олар түрлі сала бойынша нәтижелі жұмыс істеуде. Үкіметтік емес ұйымдар министрліктің тұрғындар арасында иррадикализация, профилактика, семинарлар ұйымдастыру, құқықтық және діни сауаттылықты арттыру жұмыстарына көмектеседі. «Ақниет» ұйымы діни экстремизм, терроризм баптарымен сотталған азаматтарды қоғамдық ортаға бейімдеу, оңалту жұмыстарын жүргізеді. «Терроргa қарсы комитет» ұйымы болса, мешіттегі жамағатқа арналған тактикалық жұмыстармен айналысады. «Уақып» қоры мешіт қызметкерлерін қайта дайындықтан өткізу бойынша жұмыс атқарады. Яғни министрлік әлеуметті толғандыратын мәселелерді анықтап, үкіметтік емес ұйымдар арасында мемлекеттік тапсырыспен жұмыс жүргізеді. Ал олардың біліктілігі арнайы комиссиямен анықталады. Бүгін де біз осы жұмыстарды одан әрі қалай кеңейтіп, жолға қоя аламыз деген мақсатта ұйымдар мен қор өкілдерімен пікір алмасып, талқылауға жиналдық», деді шараның ашылу барысында сөз алған Қоғамдық даму вице-министрі.

Экстремизм мен терроризмге қарсы тұру тек мемлекеттік органдардың ғана емес, тұтас қоғамның бірлесіп атсалысуын талап ететін өзекті мәселе. Министрлік азаматтық қоғаммен ашық сұхбатты одан әрі тереңдетіп, ынтымақтастықты дамыта түспек. Оған қоса мәселелерді сауатты ақпараттық сүйемелдеуді жолға қою кезек күттірмес мәселе. Дегенмен, қазіргі таңда елімізде діни ахуал тұрақты. Конфессияаралық қарым-қатынастар оң жағдайда дамып келе жатыр.

Діндар азаматтардың санаты арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу ерекшелігі туралы сессия барысында Қоғамдық келісім комитеті төрағасының міндетін атқарушы Балғабек Мырзаев қоғамдық институттардың конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтаудағы маңызына тоқталды. Ал Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы төрағасының орынбасары, наиб-мүфти Бауыржан Есмахан жат ағымдардың алдын алуда әлеуметтік желілердің маңыздылығына мән берді.

Конференцияның көтерген жүгінің салмақтылығы қоғамның назарын аударады. Азаматтарымыздың жат ағымның жетегіне еріп кетпесі үшін, мемлекет қауіпсіздігін нығайту мақсатында Қоғамдық даму министрлігі азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекет ету жүйесін жасақтауды одан әрі жалғастыра бермек.

АСТАНА

СӨЗ СОЙЫЛ

ӘЗІЛ-ОСПАҚ, СЫН-СЫҚАҚ

БІРДЕ...

Бір коньяк пен екі коньяк

Бір жолы жазушы Баянғали Әлімжановқа сатирик Көпен Әмірбектің немере туысы әрі құрдасы, фототілші Берсінбек Сәрсенов: «Көпенді сабап берсең, бір коньяк қоямын», – депті.

Сонда Баянғали: «Көпен екі коньяк қойса қайтем?» – деген екен.

Уылдырық пен тұмылдырық

Баянғалидың досы Рақымжан Отарбаев Атырауға барарында: «Мен саған уылдырық әкеліп беремін!» – депті. Содан Алматыға біраз кешігіп оралады. Сөйтсе, уылдырығымен әуежайда милиция ұстап, әрең құтылған екен. Сонда Баянғали:

«Досыңа әкелем деп уылдырық,
Кие жаздап қалдың-ау тұмылдырық!» – деген екен.

Ұрлап-жырлап...

Бір жолы бастықтардың бірі Баянғалиға: «Сен бірінші орынға ат мініп, кілем алып жүрсің, байитын болдың ғой!» – депті. Сонда Баянғали: «Үкіметті жегендей болмайды екен», – депті.

Тағы бір әкім: «Осы сен бір жерге барасың да, бір-екі ауыз өлең айтып, ат мініп, дүние алып келесің. Елден алып жатсың, алып жатсың...» – депті Баянғалиға. «Иә, аға, екеуміз де халықтан аламыз. Бірақ мен жырлап аламын, сіз ұрлап аласыз!» – депті сонда ақын.

Кішіпейіл шопыр

Бір күні Баянғалидың машинасына мінген бір тәжірибелі шопырлар: «Мынадай бұрылыста қайтесің? Мынадай қиылыста мына жағыңнан машиналар келіп қалса қайтесің? Қай жерде кім бірінші өтуі керек?» – деп сұрай беріпті. Сонда Баянғали: «Мен өзі кішіпейіл адаммын, ешкімнен таласпай, тоқтаймын да, бәрін өткізіп жіберемін. Олар кеткесін жол өзіме қалады ғой! – деген екен.

Көрген БІЛГЕНОВ

АСТАНА

Ойпырмай, ә!

Екі туыс бір бөтелкені алып ортаға,
Әңгімені былайша қуып отыр.
– Әмериканың фермерлері
Шеттерінен бай болады екен,
Ірілі-уақты техникасы сай болады екен.
Жанармайы да көп секілді,
Өндірмейтін нәрсесі де жоқ секілді.
Өздері болады екен ұқыпты,
Дүние жүзінде осылай
Бірінші орынға шығыпты.
– Ойпырмай, ә!
– Жапондар
Радиотехникадан мықты,
Теледидарлары жеп-жеңіл,
Қабырғаға іліп көреді екен тіпті.
– Ойпырмай, ә!
– Түріктер де епсекті,
Жиып алып жүн-жұрқа, тері-терсекті
Кереметтерді істейді,
Кілемдерінің бағасы,
Әлемдік базарда да түспейді.
– Ойпырмай, ә!
– Немістердің автокөлігі
Ойқы-шойқы жолында
Жылдам жүрсе де шыдайды,
Соғып алсаң да сынбайды дейді.
Түу, сапасын айтсай, сапасын,
Бұзылса бөлшек іздеп сандалмай,
Мінеді екен жаңасын.
– Ойпырмай, ә!
– Италиялықтар
Өнерді бағалайды дейді,
Озғанын күндеп,
Ақындарын сабамайды дейді.
– Ойпырмай, ә!
– Бразиялықтар
Аяқ допта алдына жан салмайды,
Бір доп тепкішінің өзі
Біздің команданы түгел алдайды.
– Ойпырмай, ә!
– Үндінің киносы-ай!..
– Ойпырмай, ә!
– Шіркін, Грузияның виносы-ай!..
– Ойпырмай, ә!
– Ал біздің қандастар ше?
– Е, жартысы өзге тілде сөйлейді,
Таңданумен шетелге,
Тауыса алмай жүр ғой, гөй-гөйді.
– Ойпырмай, ә!

Әупейдің жиырма бесі

«Қылмыңдаған жиырма бес,
Жылмыңдаған жиырма бес»
Деген өлеңнің әуені
Әупейдің есіне түсіп отыр,
Өйткені кеше 26-ға толғанын тойлап,
Басы қатып, беті ысып отыр.
Өйдөйт 25-тің кезінде
Әупекең жап-жақсы шарықтады,
Біреулер сыра таппай сандалғанда
Ақаңның өзіне тарықпады.
Жігіттің бір науқаны төбелес деп
Талайлармен алысты,
Талайлармен салысты.
Сол кезде мұны біреулер:
«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Талайды сабап, қан етіп,
Талайлардан жайрапты»,
Деп өлеңге де қосты.
Темекіні тартқанда
Түтіні қайтып шықпай қалатын еді,
Ондай кезде не болғанын
Өзі де ұқпай қалатын еді.
Билегенде би алаңының
Шығарыпты шаңын,
Ойламапты бірақ та
Үй болудың қамын.
«Не алған білім жоқ,
Не үйренген түгім жоқ,
Не орысша сөйлер сөзім,
Не қазақша тілім жоқ.
Аға деп үлкенді,
Іні деп кішіні сыйламаппын,
Дәлдумен жүріп,
Дұрыс қасиеттің бірін де жинамаппын»,
деп Әупей бүгінде
Өз басын өзі тоқпақтайды.

Нұрмахан ЕЛТАЙ

Қызылорда облысы

МОЙЫНДАУ

Бірнеше күн ішімдікті татып алмап едім – ыңқыл-сыңқылым сап тыйылып, денсаулық тәуір болған сияқты. Көңіл күй де көтеріңкі, ерте тұрып күні бойы сергек жүресің. Күш-қуат та арта түскен сияқты. Үйде де бедел-қасиет пайда болып, жалпы өмір ғажап бола бастағандай... қалай ойлайсың, осы үшін сыраханаға бас сұғып тартып кеп жіберсем бе екен?

– Сен құрылыста жұмыс істепсің ғой.
– Иә.
– Онда қандай маман болдың?
– Бәрін істейтінмін... Кірпіш тасыдым, цемент тасыдым, құм тасыдым.
– Ол жерден неге шығып кеттің?
– Үйімді салып болдым ғой.

Компьютерім сынып қалған болатын. Әйелім баланы қыдыртып кел деген соң қызымды жетектеп зоопаркке бағыт алдым. Жолда білгенім – қызым деп жетекке алғаным немерем екен...

Ұзақ ғұмыр кешкен сайын «еркек» деген сөздің түпмағынасы ерте гректердің «ақша» деген сөзіне барып тірелетініне көзім жетті...

ЖИЕННІҢ «ЖЕЛМАЯСЫ»

Өзді-өзі болып аталас жиен хабарласып оңаша кездесейік деп өтініш жасағанында, ойыма «Желке ас болмас, жиен ел болмас» деген мақалдың орала қалғанын жасырмаймын.

Зейнетке шығып зерігіп жүр емеспін бе, оның үстіне ылғи ат үстіндегі үлкен мекеменің басшысы шақырып отырса – айтқан уақытында, сілтеген жеріне сарт ете қалдым.

Кішігірім мейрамханада отырмыз. Тапсырыс беріп жатып жиен:

– Жүз грамыңыз қалып кеткен жоқ па? – деп қағытқан болды.

– Жеңгеңнің ол арманы әзірше орындалмай тұр, – дедім.

Ішіп-жеген болып, аз-маз халжағдай сұрасқан болып, жиен әңгімесін төтесінен бастады:

– Нағашы көке, қызметке ішетін, ішкенде түбін түсіретіндер керек... – дегенінде, ала берген «жүз грамыма» шашалып қала жаздадым.

– Көке, бүкпесіз шыным, заман басқа, қазір елдің көбі ішуді доғарған кез, әсіресе қызметте ішетіндер сап тыйылып тұрғаны, – деп таңдана қараған маған мән-жайды түсіндіре бастады.

– Ішетіндерге қызығамын, мәселен солар той-домалақтың сәні. Сілтеп алып әзіл-қалжыңмен отырған ортасын ойран-асыр етеді...

Тойып алып тайраңдай билеп, төңірегін ду-думан етеді... Мына сізде соның бір өкілісіз, өткен жылғы жиеншардың үйлену тойындағы ағыңыздан жарыла айтқан әзіл-әжуа, қағытпаларыңыз әлі есімде... Сондағы тиісе айтқан тікенек сөздеріңізді әлі ұмыта қойған жоқпын... Көке, айтарымның тоқетері – қызметтегі ұжымыма ішетіндер керек болып тұр... Бірен-саран «жасамыстар» зейнетке кетіп тынды. Бір-екеуі бар, олар ішкенмен аузы буылған өгіздер... Қанша сілтесе де бүлк етпейді-ау, бүлк етпейді. Олардың барынан жоғы, «мерасын» біледі, енді-енді «қалпына келе бастағанда» кетіп қалып, мысыңды басады... Жастарға сенім жоқ, ауыз тиген болады, сонысы «вино-сино» сияқты жеңіл желпі... қайтесің, заманына қарай – адамы, талғап ішеді, тартынып ішеді. Ішіп алып ырың-жырың болып отырған ортасын көрмейсің. Бәрі сауысқаннан сақ, бірін-бірі аңдыған асқан ақылдылар... Көпті көрген Бәкең марқұм қандай еді! «Ішірткісін» ішіп алып, айда кеп ойындағысын айтып, ойран-асыр етуші еді... Ондайда қызмет басшысы еді-ау дегенді ысырып қойып, айда кеп кемшілік-кетігінді жіпке тізіп түгендеп шығушы еді... О баста «мұнысы несі?!» деп оқыраңдағанмен, ойлана келіп, айтқанын сараптап көріп... не керек, айтқаны айдай анық болып, сабаңа түсіруші еді... – деп жиен сәл кідіріп:

– Алып отырсаңызшы, – деп алтыншы рөмкеге құйған болды.

Мен де үнсіз қалғанды жөн көрмей:

– «Арақ ішпейтіндер – не сараң, не арам», «Ішкен адамға Тобыл тобықтан, Байкал бақайдан келмейді», «Шарап ішкен мақау – сандуғашқа айналады», «Арақ атаңнан үлкен, шарап шешеңнен үлкен», «Арақ дегенде атам да басын көтеріпті», – деп мақалдап та жібердім.

Жиен шатып-бұтқан мақал сияқтыларыма қарық болып:

– Міне, дәп өзі! Қалай-қалай тауып айтқан ә! – деп риза кейіппен:

– Көке, «жаман сырын айтамын деп шынын айтады» демекші, өзіңізге өзімшелеп шынымды жайып салып отырмын... Тоқетері, қызметке кемі екі-үш ішкіш керек... әлбетте ішетін пенде ішкен бойда «өнерінің» шетін шығарып, қағытпасын астарлап айтып, біртіндеп «өнері» өрге озып бізге де жетіп, әйда кеп айды аспанға бір-ақ шығарса деймін-ау!.. Әсіресе кемшілігімізді бетке басып, олпы-солпылығымызды табаға сап қуырып өтсе... яғни айтқаны айдай анық болып, бетіміздің оты шықса, теріміз титіркеніп, маңдайдан ащы тер ағыл-тегіл ағытылса... өз басым риза болар едім! Ризашылығымды қолдан келер жақсылықтар жасап, үнемі құрмет көрсетумен болар едім, – дегені есімде, әрісі бұлыңғыр, ертесінде есеңгіреп орнымнан тұрсам, бәйбішем:

– Есалаң неме, сонша ес-түссіз ішкенің не! Қолтықтап әкелген жиеннен ұят-ай, онда не әкеңнің құны кетіп еді, аузыңнан ақ ит кіріп, көк ит шыққанда кірерге жер таппадым, – деді.

Екі күннен соң жиен шақыртып, белден басып мені кадр бөліміне қызметке қабылдап: «Көке, ұжымның ұйытқысы бола біліңіз, өзекті шаруаны өзіңізге сеніп тапсырдым», деп ойламаған жерден «желмаяға» мінгізіп айды аспанға бір-ақ шығарғаны...

Ерсұлтан МАҒЖАН

Алматы облысы

ФОТОӘЗІЛ

Сурет әлеуметтік желіден алынды

САЯСАТТАҒЫ СОЛАҚАЙ СӨЗ

Маршал Жуков Сталиннің кабинетінен шығып бара жатып: «Мұртты сайтан!» – деп күбірлейді.

Қабылдау бөлмесінде отырған Берия мұны қолмақол Сталинге жеткізеді.

– Шақыр! – дейді ол Берияға бірден.

Берия Жуковты алып келеді.

– Жолдас Жуков, сіз менің кабинетімнен шығып бара жатып: «Мұртты сайтан», – депсіз, кімді айттыңыз?

– Гитлерді! Одан басқа кімді айтушы едім, жолдас Сталин?

– Ал сіз кімді айтты деп ойладыңыз, жолдас Берия?..

* * *

Кеңес Одағын көп жыл басқарған Леонид Брежневтің шешесі баласының үйіне келіп, ондағы қымбат та аса бағалы бұйымдарды, өңі тұрмақ түсінде көрмеген мәшине секілді заттарды көріп жүріп:

– Балам-ай, егер де қызылдар қайтып келсе күніміз не болады-ай! – деп жылап жіберген екен.

* * *

Ұлыбритания елшілігіндегі сұрақ-жауап:

– Англиядан саяси баспана алу үшін не қажет екен?

– Еліңізден кемінде 100 миллион доллар ұрлап әкелсеңіз жетіп жатыр.



Мүйісті жүргізетін Берік САДЫР

Тың жобалар таныстырылды

Кеше Назарбаев Университетте Demo Day – стартапкомандалар, өнертапқыштар және инноваторларға арналған Astana Business Campus «ABC Quick Start» акселерациялық бағдарламасының қорытындысы бойынша жобалардың таныстырылымы өтті. Demo Day шеңберінде стартаптар инвесторларға және кең аудиторияға ABC Quick Start акселерациялық бағдарламасы бойынша қол жеткізген жұмыс нәтижелерін ортаға салды.

Рауан ҚАЙДАР,
«Егемен Қазақстан»

ABC Quick Start – бұл қысқа мерзімде стартапты тиімді дамытуға бағытталған қарқынды акселерация бағдарламасы. Бағдарлама аясында акселерацияға қатысушыларға тәлімгерлік, команданы жиынтықтау, стартап-жобаны ең басынан бастап ілгері жылжытуға үйрету, шетелдік нарықтарға шығу, ABC-I2BF Seed Fund – Назарбаев Университет қорынан инвестициялар алу мүмкіндігі, Назарбаев Университеттің серіктестеріне қосылу, Назарбаев Университеттің FabLab, DC Lab және басқа зертханаларын, сондай-ақ кеңселерін пайдалану мүмкіндігі қарастырылады.

Осы жылғы шілде айының аяғында бағдарламаға қатысуға келіп түскен 40-тан аса өтінімнің ішінен іріктеуге 13 стартап-жоба өткен. Жобалар энергетика, EdTech, ауыл шаруашылығы, медицина және басқа да технологиялық даму облысындағы анағұрлым өзекті салаларды қамтиды.

ABC Quick Start III акселерациялық бағдарламасына қатысушылардың қатарында бірнеше қызықты жоба бар. Айталық AgroGel – құмда және қуаң жерлерде өсімдіктер өсіруге арналған, кіріктірілген тыңайтқышы бар био-деградацияланатын гидрогель. Ал Alfred жобасы болса ғимараттардың энергоаудитін автоматты жүргізуге арналған сымсыз сенсорлық жүйелер жұмысын жетілдіруге бағытталған. Apgrooz – ритэйл компанияларға арналған жүк жөнелту үшін автомобильдер іздестіру бойынша онлайн маркет плейс болса, Blitz – өнеркәсіптік өндірістердің инженерлік персоналын оқытуға арналған сервисті жандандыруды көздейді. Farmily модульді гидропондық құрылғысы супермаркеттерде өсімдіктер өсіруге арналған.

Назарбаев Университеттің Технопарк базасында 6 апта бойы оқыту кезінде стартап-компаниялар тәлімгерлер мен сарапшылардың көмегімен жобаларды қарқынды дамытып, ірі коммерциялық келісімдерге қол жеткізді, инвест-ұсыныстар алды, сондай-ақ өз жобаларын әрі қарай табысты іске асыру үшін басты серіктестер тапты. Іс-шара аясында Astana Business Campus инновациялық кластері жобаларының көрмесі мен стартап-жобаларға арналған келісімдер мен меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Astana Business Campus-та инновациялық ортаны дамыту мақсатында бизнес инкубатор, бизнес акселератор, технопарк, коммерциялау кеңсесі, зерттеулерді сүйемелдеу кеңсесі, Digital Fabrication Laboratory, Digital Creativity Laboratory және «АстанаТехнополис» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді.

Жылу беру маусымына әзірлік басталды

Орталық коммуникациялар қызметінде суға шомылу маусымының аяқталуына, өрт қаупі кезеңінің өтуіне және жылу беру маусымына әзірлікке арналған баспасөз мәслихаты өтті. Оған Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин қатысты.

Венера ТҮГЕЛБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Юрий Ильиннің айтуынша, биылғы шомылу маусымы басталғаннан бері ІІМ облыс әкімдіктерімен және мүдделі органдармен тығыз жұмыс жасай отырып, тәжірибелік және профилактикалық іс-шаралар кешенін жүргізген. Су айдындарының қауіпті және күзетілмейтін учаскелерінде (дала жағажайлары) құтқарушылар Төтенше жағдайлар комитеті мобильді құтқару бекеттерін ұйымдастырып, шомылуға тыйым салынған жерлерді белгілеген. Сонымен қатар бұл жерлерде тыйым салу және ескерту белгілері орнатылған.

Биылғы суға шомылу маусымы кезеңінде 8 мыңнан астам рейд жүргізіліп, ішімдік ішкен және ортақ су пайдалану қағидаларын бұзған 2,5 мың азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Юрий Ильин қабылданып жатқан шараларға қарамастан, шомылуға арналмаған су айдындарында азаматтардың қаза болу фактілері кездескеніне тоқталып өтті. Олардың 85 проценті суға шомылу маусымының басында тіркелген. Бұл ретте айта кетер жайт, кейбір азаматтардың өз өміріне салғырт қарауы.

Жалпы, қаза болудың негізгі себептері көп. Олардың қатарында қатты ағыс, аяқ-қолдың құрысуы, балық аулау кезінде ережелерді сақтамау, мас күйінде шомылу, жүзе білмеу, балалардың үлкендердің бақылауынсыз суға түсуі сияқты себептер бар. Азаматтар өлімінің басым бөлігі суға түсуге жағдай жасалмаған орындарда тіркелген.

2018 жылы өрт қаупі туындайтын кезеңде алдын алу шараларының нәтижесінде орман өрті 38 процентке, ал дала өрті 3 есе азайған. Қауіпті кезең басталғаннан бастап, барлық орман алқаптарында жеке тұлғалардың келуіне және көлік құралдарының кіруіне шектеу қою бойынша жалпы саны 325 мобильді топ құрылып, олар 2 мыңға жуық рейд жүргізген. Соның нәтижесінде 177 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

2018-2019 жылдары жылу беру кезеңінде өрт санын азайту мақсатында азаматтық қорғау органдары іс-шаралар жоспарын бекіткен. Мәселен, 15 қыркүйектен бастап өрт қауіпсіздігі айлығы басталды. Бұл айлық шеңберінде комитеттің аумақтық бөлімшелерінің инженерлік-инспекторлық құрамы жергілікті тұрғындармен жылу беру маусымының аяқталуына дейін жоспарлы жұмысын жүргізе бермек.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті аумақтық департаменттерінің республикалық меншік объектілерін сату бойынша www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында аукцион өткізетіндігін хабарлайды

Республикалық меншік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2018 жылғы 11 қазанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Астана қаласының мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Астана қаласы, Әуезов көшесі, 14)

Сауда-саттық бағаны төмендету әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – Қазақстан Республикасы «Ұлттық қауіпсіздік комитеті» ММ, мекенжайы: Астана қаласы, Шолохов көш, 15А-үй, тел. 76-51-79

1. «Toyota Corolla» маркалы автокөлік, м/н Z196NS, шанақ №JTNBV58E302010707, 2007 ж.ш. Бастапқы бағасы – 1 499 400 теңге. Ең төменгі бағасы – 749 700 Кепілдік жарнасы – 224 910 теңге.

2. «Toyota Corolla» маркалы автокөлік, м/н Z194NS, шанақ №JTNBV58E302008438, 2007 ж.ш. Бастапқы бағасы – 1 320 696 теңге. Ең төменгі бағасы – 660 348. Кепілдік жарнасы – 198 105 теңге.

3. «Hyundai Sonata Gl» маркалы автокөлік, м/н Z737NS, шанақ №KMHET41C07A362701, 2007 ж.ш. Бастапқы бағасы – 1 403 159 теңге. Ең төменгі бағасы – 701 579,5 Кепілдік жарнасы – 210 474 теңге.

4. «Toyota Corolla» маркалы автокөлік, м/н Z212NS, шанақ №JTDBR22E673217225, 2007 ж.ш. Бастапқы бағасы – 1 589 976 теңге. Ең төменгі бағасы – 794 988. Кепілдік жарнасы – 238 497 теңге.

5. «Hyundai H1 sv» маркалы автокөлік, м/н Z205NS, шанақ №KMJWVH7W27U814913, 2007 ж.ш. Бастапқы бағасы – 2 794 800 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 397 400. Кепілдік жарнасы – 419 220 теңге.

Анықтама үшін телефондар: 8 (7172) 32-13-33, 32-44-82

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2018 жылғы 17 қазанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-де.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Өскемен қаласы, Тоқтаров көшесі, 35-үй, №405-кабинет)

Сауда-саттықтың бағасын төмендету әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «ҚР ІІМ Көліктегі ішкі істер департаменті» ММ, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Затаевич көшесі, 18/1-үй.

1. УАЗ-315195 маркалы автокөлігі, м/н F830KP, 2005 ж/ш, ШҚО, Шемонаиха ауданы, Шемонаиха қаласы, Панфилов көшесі, 4А-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 285000,00 теңге, ең төменгі бағасы – 142500,00 теңге, кепілдік жарнасы – 42750,00 теңге.

Теңгерім ұстаушы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) ШҚО Департаменті» РММ, ШҚО, Өскемен қаласы, Лихарев көшесі, 2-үй.

2. Chevrolet Lacetti маркалы автокөлігі, м/н 738 AP 16, 2008 ж/ш, ШҚО, Өскемен қаласы, Лихарев көшесі, 2-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 668000,00 теңге, ең төменгі бағасы – 334000,00 теңге, кепілдік жарнасы – 100200,00 теңге.

Сауда-саттықтың бағасын төмендету әдісімен ең төменгі бағасы белгіленбей аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Оралхан Бөкеев көшесі, 115-үй.

3. УРАЛ-4320 маркалы автокөлігі, м/н F 602 DS, 1987 ж/ш, ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Оралхан Бөкеев көшесі, 115-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 425000,00 теңге, кепілдік жарнасы – 63 750,00 теңге.

4. УАЗ-22069м маркалы автокөлігі, м/н F420AF, 2000 ж/ш, ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Оралхан Бөкеев көшесі, 115-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 206000,00 теңге, кепілдік жарнасы – 30 900,00 теңге.

5. УАЗ-31514 маркалы автокөлігі, м/н F 170 AS, 2003 ж/ш, ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Оралхан Бөкеев көшесі, 115-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 302000,00 теңге, кепілдік жарнасы – 45 300,00 теңге.

6. «Тайга-500» маркалы қарда жүргіш, м/н F 560 ABD, 2005 ж/ш, ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Оралхан Бөкеев көшесі, 115-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 240000,00 теңге, кепілдік жарнасы – 36 000,00 теңге.

Анықтама телефоны: 8 (7232) 26-87-15.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2018 жылғы 18 қазанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Ақтөбе қаласы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 33):

Сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «Ақтөбе обаға қарсы күрес стансасы» РММ, тел. 8 (7132) 98-29-59, 98-29-10.

1. УАЗ-31519-017 маркалы автокөлік, м/н 989AE04, 2003 ж.ш. Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Қарағұл Қонақбайұлы көшесі, 118-үй. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 285 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 142 500 теңге. Кепілдік жарнасы – 42 750 теңге.

Анықтама телефоны: 8 (7132) 54-44-54, 56-70-72.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2018 жыл 19 қазанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Астана қаласының мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Астана қаласы, Әуезов көшесі, 14)

Сауда-саттық бағаны төмендету әдісімен аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы», мекенжайы: Астана қаласы, Е 495 көшесі, 2-үй, тел: 87025894287.

1. «Mercedes-benz E – 280» маркалы автокөлік, м/н 615 BO01, шанақ №WDB2106631A758943, 1998 ж.ш. Бастапқы бағасы – 873 743 теңге. Ең төменгі бағасы – 436 871,5 теңге. Кепілдік жарнасы – 131 061 теңге.

Теңгерім ұстаушы – «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шаруашылық басқармасы» ШЖҚ РМК, мекенжайы: Астана қаласы, Бигельдинов көшесі, 10А, тел: 8(7172)32-46-06, 32-71-29.

2. «Mercedes-benz S 500» маркалы автокөлік, м/н 127RF01, шанақ №WDDNG71X39A242459, 2008 ж.ш. Бастапқы бағасы – 2 984 520 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 492 260 теңге. Кепілдік жарнасы – 447 678 теңге.

Теңгерім ұстаушы – «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК, мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10а, тел: 8(7172) 55-24-21, 8747 553 90 24, 8707 365 59 81.

3. «Toyota Hi Ace» маркалы автокөлік, м/н 593AO01, шанақ №JT141UHB707014448, 2004 ж.ш. Бастапқы бағасы – 1 417 147 теңге. Ең төменгі бағасы – 708 573,5 теңге. Кепілдік жарнасы – 212 572 теңге.

Анықтама үшін телефондар: 8 (7172) 32-13-33, 32-44-82

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: 2018 жылғы 23 қазанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Петропавл қ., Совет к-сі, 34)

Сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісімен ең төменгі бағасы белгіленбей аукционға қойылады:

Теңгерім ұстаушы – ҚР ИДМ Көлік комитеті «СҚО бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РММ, мекенжайы: Петропавл қ., Мир к-сі, 122. Тел.: 8(7152) 36-06-54.

1. «Тұлпар-2000» таразы өлшеу кешені (Ақтай КББ аспасы, стационарлық таразы жабдығы, «Ақтай» КББ жабдықтауының жобалы-сметалы құжаттамасы). Бастапқы (алғашқы) бағасы – 15 436 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 2 315 400 теңге.

Теңгерім ұстаушы – ҚР ДСМ ҚДСК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК, мекенжайы: Петропавл қ., Универсал к-сі, 3А. Тел.: 8(7152) 42-27-44.

2. «ВФЭ-2/0,9» дезинфекциялық камерасы, 2005 ж.ш. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 87 000 теңге. Кепілдік жарнасы – 13 050 теңге.

Анықтама үшін телефон: 8 (7152) 46-05-84.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бойынша (Байқоңыр қ., Королев даңғылы,33)

Сауда-саттықтың бағасын төмендету әдісімен аукционға қойылады.

1. №9 алаңдағы МКЗ (метал конструкция зауыты) кешені, объектінің құрамы: бақылау-өткізу бөлімінің бекеті – 15,6 ш.м., сорғы ғимараты – 76 ш.м., темір жол жолы – 0,128 км, МҚ қоймасы – 211,5 ш.м., дуал қақпасымен. Мекенжайы: Байқоңыр қаласы, 9-алаң. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 28 086 583 теңге. Ең төменгі бағасы – 14 043 292 теңге. Кепілдік жарнасы – 4 212 988 теңге.

Теңгерім ұстаушы – Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті «Инфракос» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, мекенжайы: Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Мир көшесі, 13а, телефон: 8(33622) 7-16-47, факс: 7-01-43.

«Байқоңыр» кешенінің жалдау мерзімінің кезеңінде Байқоңыр қаласының жер учаскелері жекешелендіруге жатпайды. Жер учаскесін пайдалануды ресімдеу Байқоңыр қаласының әкімшілігі басшысымен 2013 жылғы 28 мамырда бекітілген №62 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

2. №9 алаңдағы ЕБТ (ерітінді бетон торабы) кешені, объектінің құрамы: бақылау-өткізу бөлімінің орны – 38,3ш.м., әкімшілік ғимарат – 386,8ш.м., көлікжай – 478,2ш.м., көлікжай, металл өңдеу цехы-1034,8ш.м., қоршау қақпасымен. Мекенжайы: Байқоңыр қаласы, 9-алаң. Бастапқы (алғашқы) бағасы – 42 045 904 теңге. Ең төменгі бағасы – 21 022 952 теңге. Кепілдік жарнасы – 6 306 886 теңге.

Теңгерім ұстаушы – Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті «Инфракос» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, мекенжайы: Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Мир көшесі, 13а, телефон: 8(33622) 7-16-47, факс: 7-01-43.

«Байқоңыр» кешенінің жалдау мерзімінің кезеңінде Байқоңыр қаласының жер учаскелері жекешелендіруге жатпайды. Жер учаскесін пайдалануды ресімдеу Байқоңыр қаласының әкімшілігі басшысымен 2013 жылғы 28 мамырда бекітілген №62 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Анықтама үшін телефондар: 8 (33622) 7-43-92.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына төленеді: Кепілдік жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; БСН:050540004455; ТТК: 171; Кбе:16;

Банк атауы: «Қазақстан Халық банк» АҚ; ЖСК KZ946017111000000330; БСК: HSBKKZKX.

Назар аударыңыз! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін объект бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электронды хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукционды өткізу тәртібі:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы қағидаға сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электронды хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

Қазақстан Республикасы, 130505, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық селосы, Түмен Балтабасұлы көшесі №31/1. Шахта орта мектебі бойынша құрылған «Көмек-Ш» қоғамдық қорын БСН 110540016224 жабу туралы хабарлайды.

«Республика «Платежные системы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 17094000024324) Серіктестіктің жалғыз қатысушысы жарғылық капиталды азайту жөнінде шешім қабылдағаны туралы хабарлайды.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Республика «Платежные системы» (БИН 17094000024324) объявляет о принятии единственным участником Товарищества решения об уменьшении уставного капитала.

Утеряна Контрольно-кассовая машина. Регистрационный номер 620200136781, Порт MP-55B ФКZ версия ОФД. Заводской номер 010000007517. Год выпуска 2015. Дата постановки на учет: 27.04.2016 г. Принадлежащий ИП Тазалык. ИИН 921201450367

«Оптовый рынок Султан» ЖШС, БИН 030340005796, өзінің таратылатындығы туралы хабардар етеді. Арыз-шағымдар екі ай мерзім ішінде қаралады. Хабарласу тел: 87753417450.

Нәубат ҚАЛИЕВ

Отандық педагогиканың көрнекті өкілі, саяси ғылымдар докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің І шақырылымының депутаты Нәубат Қалиев 73-ке қараған шағында бақилық болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс біткен жылы шежірелі Семейдің Абай ауданы Сарыжал ауылында туған Нәукең майданнан кейінгі барлық қиындықты бастан өткеріп, жастай шыныққып, азамат болып жетілді. Семей пединститутын тәмамдаған соң, аудандағы атқарушы билік органдарында жауапты қызметтер атқарды. Жастардың көшбасшысы болды. 70-жылдардың басында Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасында оқып, ғылымға ден қойды. Өзі бітірген институтта дәріс оқып, кафедра меңгерді. Саяси үдерістерді жетік білетін тұлғаға айналды.

Нәубат Қалиұлының тағылымды еңбегі – ғасырдан астам тарихы бар, кезінде Жүсіпбек, Мұхтар, Қаныш, Әлкей сынды біртуарлар оқыған Семей педагогикалық училищесін (байырғы мұғалімдер семинариясы) ұзақ жылдар бойы абыройлы басқаруы еді. Демократия өрістеген тәуелсіздік жылдары ол осы рухани биіктен Парламентке депутат болып сайланды. Білімді, білікті, шешен Нәукең нағыз халық қалаулысы ретінде ел есінде қалды.

Профессор Н.Қалиев салмақты пікірі бар, салиқалы ғалым санатында республикаға беделді еді. Еліміздің жетекші оқу орны Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, түрлі мәдени-ғылыми шарада ғалымның салмақты ойымен көзі ашық барша қауым санасатын. Жазған еңбектері де жоғары бағаланды. Ол әркез зиялылық пен адамгершіліктің үлгісі бола білді.

Қаралы хабарға қабырғамыз қайыса отырып, марқұмның отбасына, туған-туыстарына, қалың әріптестеріне қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұжымы

«Егемен Қазақстан» РГ» АҚ ұжымы саяси ғылымдар докторы, профессор, газетіміздің белсенді авторы

Нәубат ҚАЛИЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты оның жақындары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ұжымы белгілі қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Шәріпұлы Оразалыға зайыбы

Зәуреш БОҚАСҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы Халықаралық білім беру корпорациясы Директорлар кеңесінің төрағасы Әмірлан Айдарбекұлы Құсайыновқа ағасы

Темірлан АЙДАРБЕКҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ҚазТрансГаз» АҚ басшылығы мен ұжымы «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының трансформация және даму жөніндегі орынбасары Ерқанат Уақбайұлы Темірхановқа інісі

Ермек Уақбайұлы УАҚБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Егеменнің» меншікті тілшісі марапатталды

Кеше «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер нарығындағы Қазақстан кәсіпкерлері туралы ең үздік материалдар үшін бұқаралық ақпарат құралдары арасында жарияланған республикалық конкурстың қорытындысын шығарып, жүлдегерлерін марапаттады.

atameken.kz

Осы конкурсқа қатысқан «Egemen Qazaqstan» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі Қалмаханбет Мұхаметқали баспасөзде жарық көрген үздік сараптамалық материал аталымында бірінші орынды жеңіп алды.

«Баспасөздегі үздік сараптамалық материал», «Телеарнадағы үздік репортаж», Интернет БАҚ-тағы үздік сараптамалық материал» және «Үздік радио-сюжет» аталымдары бойынша өткен конкурсқа биыл республикалық және өңірлік ақпарат құралдарының өкілдерінен 250-ге тарта материал келіп түсіпті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл рекордтық көрсеткіш. «Конкурсты алғаш жариялаған жылы барлығы 84 материал түскен еді. Биыл олардың саны 250-ден асты. Бұл дегеніміз, бизнес туралы жазу трендке айналғанын көрсетеді», деп атап өтті шара барысында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқа төрағасы хатшылығының басшысы Лаззат Рамазанова.

«Егемен-ақпарат»

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Дирижердің бақытты сәті

Суретті түсірген Болат ОМАРӘЛИЕВ

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Өзі де таланттан кенде тумаған Қанабек Байсейітовше айтқанда: «Ой, ол иттің тұла бойы толған дыбыс қой. Оның денесінен бір үзіп алып лақтырып тастасаң, ол-екеш оған дейін бүлкілдеп өлең айтып жатады» дейтін композитор Нұрғиса Тілендиевті бұл қазаққа таныстыру артық. Ән сала алмайды деген адамның өзі композитордың «Құстар әніне» келгенде, қалай шырқап кеткенін байқамай қалады.

Жаз өмірін, мәз өмірін
қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр
құс қайтып.
Зымырайды менің бала
кезімдей,
Бір жалт етіп өте шыққан,
өте шыққан сезімдей,

– деп тап осы сәтте-ақ сіздің де мұңды ыңылға басатыныңыз сөзсіз.

Орайы келіп тұрғанда, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бұл әннің қалай туғаны жайлы естелігіне орала кетуге болады.

«...Осындай көңілсіз күз күндерінің бірінде Нұрғиса киностудиядан қайтады. Күн кешкіріп қалған. Суық жел Арқа жақтан шығып алып, бұл шақта жапырағынан арылып, жіңішке бұтақтары сидиған-сидиған жұпыны теректерді сықырлатып майыстырып тұр. Панфилов паркін кесіп өтпек болып, қалалық музейдің биік мұнарлы үйіне тақап келе бергенде... композитордың көзі тырнаға түседі: үйірінен адасып қалған жалғыз тырна. Байғұс әлде ауру, әлде жаралы. Арғы жақтан қанатын сөлекет қағып, қатты жел астында бойын билей алмай қалбалақтап ұшып келіп, музей үйінің мұнарасына шаншылған ұзын сырықтың ұшар биігіне қона кетеді. Сол, сол-ақ екен, әлдеқайдан бір қарға шыға келеді. Оның барқылдаған байбаламын ести салысымен тез құлақтанған төніректегі қара қарғалар жан-жақтан пырылдап келе бастайды. Басында біреу болса, енді қара пәлелердің қарасы көбейіп, әне...екеуі, үшеу, төртеу... он, жиырма, отыз. «Терең батырады, көп қорқытады». Көп қарға үйірінен адасқан жалғыз тырнаға жабылып, қайта-қайта шүйілігіп төніп келіп, қанатымен қағады. Төсімен соғады. Ал жалғыз тырна көтеріліп ұшып кетуге әлдәрмені жоқ па, әйтеуір, қанаты салбырап, сырық ағашты аяғымен қысып, жанталасып жабыса түседі.

Композитор үйіне келеді. Еш нәрсеге зауқы жоқ. Көңілсіз. Тұнығын лайлаған көңілсіз ойды ұмытайын деп көзін жұмса да, жаңағы үйірінен адасып қалған жалғыз жаралы құс пен жаман қарғалар... қара қарғалар көңілінен кетпейді. Иә, сен қанша биік ұш, жылдам ұш, өнерлі бол, ажарлы бола бер тірлікте, әлдеқалай жазатайым үйіріннен адасып жалғыз қалсаң, басыңа қай-қайдағы қиындықтың бәрі түседі. Тіпті болмағанда, барқылдақ жаман қарғалар жиналып келіп жабылып, аспандағы аққуға да зәбір көрсетеді.

Композитор осы көріністен кейін «Құстар әнін» жазды».

Осының бәрін еске алғызып отырған қызылордалық фототілші Болат Омарәлиевтің жалғыз суреті.

– Қазіргі Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» Қазақ мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрі 1984 жылы Қызылордаға гастрольдік сапармен келді. Осы концертте халық қайталанбайтын ерекше дәуренді бастан кешті. Концерт кезінде «Құстар әні» орындалып, бүкіл зал бір кісідей қосыла шырқағанда дирижерлік етіп тұрған Нұрғиса ағамыз сахнадан түсіп кетіп, халықтың қақ ортасында дирижерлік жасап кетті, – дейді осы ғажайып сәтті тарихқа сыйлаған байырғы фототілші.

АЛМАТЫ

АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

Құсбегі қыздар

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Байөлкелік бүркітші қыз Айшолпан Нұрғайып қазақтың қасиетті ордасы Астанаға аттанған тұста, яғни қыркүйек айының 22-сі күні байөлкеліктер үшін ежелден бері қыран баптаушылардың ұйық мекені саналып келген «Қызыл қайың» ауылында құсбегі қыздар арасында жарыс ұйымдастырылды деп, хабарлайды моңғолиялық ақпарат көзі «МОНЦАМЭ» агенттігі.

Айшолпанның жетістігінен кейін аталмыш өлкеде балдағына құс қондырған қыздар көбейген. Жергілікті атқамінерлер бұл жолғы құсбегілер тойын өткен ғасырдың басында саятшылық өнерді игеруімен даңқы шыққан Қожамжар төренің қызы Алманың құрметіне орай өткізген көрінеді.

Саятшы апамыздың атын ұлықтау мақсатында есімі қойылған «Алматөбе» басында өткен қыз құсбегілер сайысына 8 және 16 жас аралығында 12 бойжеткен бүркітші қатысып, олар құсты қолға шақыру, шырғаға салу сияқты аталымдар бойынша сайысыпты. Ақырғы қорытындыда қызылқайыңдық бүркітші қыз Н.Сұлушаш үздік деп танылса, келесі жүлделі орындарға Б.Балдыр, С.Ақелік атты қарындастарымыз ие болыпты.

Суретті түсірген Нұрболат ӨНЕРХАН

ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ

Сатунда сайысқа түседі

Кеше Таиландтың Сатун қаласында жағажай волейболынан әлем чемпионатына іріктеу турнирі басталды.

28 қыркүйекке дейін созылатын айтулы жарыс барысында 16 мемлекеттен келген ерлердің 37 және 12 елден келген әйелдердің 27 командасы бақ сынауда. Құрлықтық деңгейдегі осы бәсекелер барысында ең көп ұпай қорын жиған жұптар келесі жылдың сәуір айында өтетін іріктеу кезеңінің шешуші сатысында күш сынасу құрметіне ие болады. Ал сол турнирде алғашқы төрт орынды иеленген командалар Гамбургте жалауы желбірейтін әлем чемпионатына жолдама алады.

Таиландта өтетін додада Қазақстаннан үш ерлер және үш әйелдер жұбы өнер көрсетеді. Олар – Алексей Сидоренко мен Александр Дьяченко, Дмитрий Яковлев пен Сергей Богату, Алексей Кулешов пен Александр Бабичев, Татьяна Машкова мен Ирина Цимбалова, Бақытгүл Самаликова мен Елизавета Еропкина және Алина Раченко мен Кристина Жук.

ДЗЮДО

Қос балуан да ұтылды

Дзюдодан Бакуде өтіп жатқан әлем чемпионатында тағы екі салмақ дәрежесінің жүлделері сарапқа салынды. Өкінішке қарай, жарыс жолына шыққан қос жерлесіміз де ұтылып қалды.

100 кило салмақта Виктор Демьяненкоға сенім артылған еді. Ол өзінің тұсаукесер кездесуінде Иван Ремаренкомен күш сынасты. Молдовада туып-өсіп, кейіннен Біріккен Араб Әмірліктеріне қоныс аударған 30 жастағы бұл балуан бұған дейін де біраз белестерді бағындырған болатын. Атап айтсақ, ол 2014 жылы Челябіде өткен әлем чемпионаты мен 2017 жылы Бакуде алауы тұтанған Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы ойындарында қола жүлдегер атанды. Осы азулы қарсыласқа жерлесіміздің әлі жетпеді.

78 кило салмақ дәрежесінде Зарина Райфова боз кілемге шықты. Алғашқы айналымда ол гвинеялық Мамадама Сюлланы сан соқтырғанымен, іле-шала франциялық Маделеин Малонгаға есе жіберді.

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

Мәскеуде жеңіске жетті

Құрлықтық хоккей лигасындағы (ҚХЛ) кезекті матчын Мәскеуде өткізген Астананың «Барысы» жергілікті «Динамоны» овертаймда 3:2 есебімен жеңді.

Бұл кездесу өте шиеленісті өтті. Бірінші кезеңде есеп ашылған жоқ. Үзілістен кейін канадалық легионер Мэттью Фрэттин «Барысты» алға шығарса, көп ұзамай Илья Никулин таразы басын теңестірді. Үшінші кезеңді айдын иелері екпінді шабуылдармен бастады. Нәтижесінде, бәсекенің 47-минутында Юусо Хиетанен нысананы дәл көздеп, «Мегаспорт» кешеніне жиналған көрермендерді бір қуантып тастады.

Алайда астаналықтар да қарап қалған жоқ. 53-минутта қорғаушы Кевин Даллмэн өз мүмкіндігін мүлт жібермеді. Негізгі уақытта жеңімпаз анықталмаған соң кездесу овертаймға ұласты. Бұл ретте жерлестеріміздің жолы болды. 64-минутта Мэттью Фрэттин тағы да мергендік танытып, өз командасына жеңіс сыйлады.

Қазіргі кезде «Барыс» «Шығыс» конференциясында 6-орында келеді. 9 кездесу өткізген астаналық клубтың еншісінде 11 ұпай бар.

Дайындаған
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Егемен Қазақстан»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Қамбар АХМЕТ
Думан АНАШ
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Мирас АСАН

Мәдениет және руханият бөлімі
Талғат БАТЫРХАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Интернет-редакция бөлімі
Құрманәлі ҚАЛМАХАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 10 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

© Материалдың жариялану ақысы төленген.
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**
ТАРАЛЫМЫ 206 459 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы
Венера ТҮГЕЛБАЙ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 29 маусым №142 Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндеріне және оларды есептеу әдістемесіне:

38-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;»;

7) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«осы тармақшаның екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген акцияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы №54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда (бұдан әрі – № 54 талаптар) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар және күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;»;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, осы тармақшаның алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, № 54 талаптарға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;»;

43-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Нормативтердің 42-тармағында көрсетілген әртараптандыру нормативтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаға, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және ұлттық басқарушы холдингтерге тиесілі бағалы қағаздарына қолданылмайды.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есебі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін электрондық форматта табыс етеді.

Есепті күндегі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) және бас бухгалтері (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) қол қояды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және сақтандыру тобында сақталады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің электрондық форматта табыс етілетін деректерінің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкес келуін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) және бас бухгалтері (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) қамтамасыз етеді.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарда:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;».

2. «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде:

57-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

2. Әдістеме ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілуі мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін (бұдан әрі – жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері) айқындау үшін бірыңғай тәсілді қалыптастыру және жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерлерді пайдалану шарттары мен ерекшеліктеріне байланысты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бірлескен ұсыныстарын тұжырымдау мақсатында әзірленді.

3. Осы Әдістемеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аймақтылық коэффициенті – жер учаскелерінің республика аумағындағы табиғи жағдайлар бойынша аймақтарда орналасуын көрсететін коэффициент;

2) жермен қамтамасыз етілу коэффициенті – жалпы республика бойынша ұқсас көрсеткішке қатысты экономикалық белсенді ауыл халқының бір бірлігіне есептегендегі, нақты облыстың әкімшілік ауданы бойынша ауыл шаруашылығы алқаптары (егістік, шабындықтар, жайылымдар) алаңының мөлшерін көрсететін коэффициент;

3) жер учаскесі – жер қатынастары субъектілеріне белгіленген тәртіппен бекітіліп берілген, тұйықталған шекарамен бөлінген жердің бөлігі;

4) жер учаскесінің шекті (ең жоғары) мөлшері – ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша (егістік, шабындық, жайылым) бір әкімшілік ауданның шегінде өндірістің оңтайлы құрылымын ескере отырып, жерлерді тиімді пайдалануға арналған жер учаскесінің мөлшері;

5) суландырылу коэффициенті – әкімшілік ауданның аумағындағы табиғи жағдайлар бойынша аймақтарда су көздерінің барлығын көрсететін коэффициент;

6) үлестес тұлға – мемлекеттік емес заңды тұлғаға қатысты еншілес болып табылатын немесе тәуелді акционерлік қоғам болып танылатын ұйым.

2-тарау. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін айқындау

4. Осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері облыстың әрбір әкімшілік ауданы, облыстық және республикалық маңызы бар қала, астана (бұдан әрі – аудан) бойынша жер учаскелерінің базалық шекті алаңдарын ауыл шаруашылығы алқаптарының түріне қарай жермен қамтамасыз етілу, аймақтық және жайылымдардың суландырылу коэффициенттеріне көбейту жолымен есептелінеді.

5. Алқаптар түрлері бойынша ауданның жер учаскелерінің базалық шекті алаңы алқаптар түрлері (егістік, шабындықтар, жайылымдар) бойынша жеке-жеке, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлердегі ауданның ауылдық округінің орташа алаңынан мынадай мөлшерде айқындалады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін – бес пайыз;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына және оның үлестік тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін – жиырма бес пайыз.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлердің орташа алаңы аудандағы ауылдық округ алқаптарының түрлері (егістік, шабындықтар, жайылымдар) бойынша жеке-жеке, аудандағы алқаптардың аталған түрлерінің жалпы алаңын аудандағы ауылдық округтердің санына бөлу жолымен есептеледі.

6. Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін есептеген кезде қолданылатын түзету коэффициенттері (жермен қамтамасыз етілу, табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтары бойынша аймақтылық, жайылымдардың суландырылуы) осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

7. Суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары бойынша жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін есептеу кезінде белгіленген мөлшерлерге қосымша мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

жерасты суларының тереңдігі: тұщы су - 3 метрден асатын, минералды су - 6 метрден астатын тұзданбаған топыраққа - 0,7;

жерасты суларының тереңдігі: аз минералданған су 3-6 метр болатын аз тұзданған топыраққа - 0,8;

жерасты суларының тереңдігі: минералданған су 3 метрден төмен болатын орташа және қатты тұзданған топыраққа - 0,9.

8. Бұл ретте аудан шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының (егістік, шабындықтар, жайылымдар) түрлері бойынша есептелген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері ауданның ауылдық округі алқаптарының (егістік, шабындықтар, жайылымдар) түрлері бойынша жеке-жеке ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлердің орташа алаңының елу пайызынан аспайды.

Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда, ол ауданның ауылдық округі алқаптарының (егістік, шабындықтар, жайылымдар) түрлері бойынша жеке-жеке ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлердің орташа алаңының елу пайызы мөлшерінде алынады.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін – Қазақстан Республикасының азаматында, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасы мен оның үлестес тұлғаларында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін айқындау әдістемесіне 1-қосымша

Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін есептеу

Егістік бойынша:

$М_{ең\ жоғ.\ шк/заңды\ тұлға} = БША_{шк/заңды\ тұлға} \times К_{жер} \times К_{айм.}$

$БША_{шк} = S_{егістік} / N_{ауылдық\ округтер} \times 5\ \%$

$БША_{заңды\ тұлға} = S_{егістік} / N_{ауылдық\ округтер} \times 25\ \%$

Шабындықтар бойынша:

$М_{ең\ жоғ.\ шк/заңды\ тұлға} = БША_{шк/заңды\ тұлға} \times К_{жер} \times К_{айм.}$

$БША_{шк} = S_{шабындық} / N_{ауылдық\ округтер} \times 5\ \%$

$БША_{заңды\ тұлға} = S_{шабындық} / N_{ауылдық\ округтер} \times 25\ \%$

Жайылымдар бойынша:

$М_{ең\ жоғ.\ шк/заңды\ тұлға} = БША_{шк/заңды\ тұлға} \times К_{жер} \times К_{айм.} \times К_{суланд.}$

$БША_{шк} = S_{жайылым} / N_{ауылдық\ округтер} \times 5\ \%$

$БША_{заңды\ тұлға} = S_{жайылым} / N_{ауылдық\ округтер} \times 25\ \%,$

мұнда:

$М_{ең\ жоғ.\ шк/заңды\ тұлға}$ – жоғарылатын және төмендететін коэффициенттерді ескере отырып, бір шаруа немесе фермер қожалығына немесе мемлекеттік емес заңды тұлға мен оның үлестес тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілетін алқап түрлері бойынша жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері, гектар;

$БША_{шк/заңды\ тұлға}$ – бір шаруа немесе фермер қожалығына немесе мемлекеттік емес заңды тұлға мен оның үлестес тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілетін ауданның базалық шекті алаңы;

$К_{жер}$ – жермен қамтамасыз етілу коэффициенті;

$К_{суланд.}$ – суландырылу коэффициенті;

$К_{айм.}$ – аймақтылық коэффициенті;

$S_{егістік,}$ $S_{шабындық,}$ $S_{жайылым}$ – ауданның ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлерінің ауыл шаруашылығы алқаптары (егістік, шабындықтар, жайылымдар) алаңы;

$N_{ауылдық\ округтер}$ – аудан аумағындағы ауылдық округтер саны.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін – Қазақстан Республикасының азаматында, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасы мен оның үлестес тұлғаларында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін айқындау әдістемесіне 2-қосымша

Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін есептеген кезде қолданылатын түзету коэффициенттері (жермен қамтамасыз етілу, табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтары бойынша аймақтылық, жайылымдардың суландырылуы)

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауыл шаруашылығы алқаптарының (егістік, шабындықтар, жайылымдар) түрлері бойынша ауданның жермен қамтамасыз етілу коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$К_{ауд.\ жер} = (S_{(егістік,\ шабындық,\ жайылым)} / С_{эконом.\ белсенді\ ауыл\ халқы}) / К_{республика\ жер,}$

мұнда:

$К_{ауд.\ жер}$ – жермен қамтамасыз етілу коэффициенті;

* $К_{республика\ жер}$ – республиканың жермен қамтамасыз етілу коэффициенті (ескертпеге сәйкес тұрақты шама);

$S_{(егістік,\ шабындық,\ жайылым)}$ – ауданның ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлерінің ауыл шаруашылығы алқаптары (егістік, шабындық, жайылым) алаңы;

$С_{эконом.\ белсенді\ ауыл\ халқы}$ – ауданның экономикалық белсенді ауыл халқының саны, адам.

Республика бойынша жермен қамтамасыз етілу коэффициенті:

Ауыл шаруашылығы алқаптарының атауы	Коэффициент
егістік	6,46
шабындық	1,1
жайылым	38,2

Аталған коэффициенттер Қазақстан Республикасы жер теңгерімінің деректері бойынша республика және облыстың бір ауданының (қаланың) шегінде бірыңғай нормативтік көрсеткіштерді және есепті кезеңнің басталуына сәйкес келетін ресми статистикалық ақпаратты қолдану арқылы, республиканың ауыл шаруашылығы мақсатындағы және босалқы жерлерінің ауыл шаруашылығы алқаптары (алқаптар түрі бойынша) алаңының белсенді ауыл халқының 1 бірлігіне арақатынасы ретінде есептелген.

2. Табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтары бойынша аймақтылық және жайылымдардың суландырылу коэффициенттерінің мәні:

Табиғи-ауыл шаруашылығы аймағының атауы	Коэффициент
табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтары бойынша аймақтылық	
орманды дала және дала	1,3
қуаң дала	1,1
шөлейтті және шөлді	1,0
тау етегі-шөлді-дала	1,1
тау етегі-шөлді	1,2
таулы-далалы және таулы	1,3
жайылымдардың суландырылуы	
орманды дала және дала	0,88
қуаң дала	1,08
шөлейтті және шөлді	0,92
тау етегі-шөлді-далалық	1,76
тау етегі-шөлді	1,92
таулы-далалы және таулы	1,5

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17365 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 27 тамыз №359 Астана қаласы

Жер комиссиясы туралы үлгі ережені бекіту туралы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 14-бабы 1–тармағының 2-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жер комиссиясы туралы үлгі ереже осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 тамыздағы №359 бұйрығымен бекітілген

Жер комиссиясы туралы үлгі ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер комиссиясы туралы үлгі ереже (бұдан әрі – Үлгі ереже) 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 2-3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Жер комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумағында құзыреті шегінде тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссия өзінің жұмысын ашықтық, жариялылық, алқалылық және әділдік қағидаттарында ұйымдастырады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2-тарау. Комиссияның функциялары мен құқықтары

4. Комиссияның функциялары жер учаскелеріне құқықтар беру туралы (шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурс жеңімпазын айқындау туралы), жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы және су қорының жерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарау және қорытындылар дайындау болып табылады.

5. Комиссия өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан жер учаскесінің бары немесе жоғы туралы, жер учаскесіне ауыртпалық туралы, заңды тұлғалардың жарғылық капиталында шетелдіктердің үлесі бары немесе жоғы туралы, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің пайдаланылу режимі туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

3-тарау. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

7. Комиссия құрамы Кодекстің 43-бабына сәйкес айқындалады.

8. Комиссия төрағасы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің жер мәселеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

9. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы Үлгі ережеде Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Комиссия төрағасы:

1) отырысты шақырады;

2) Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

3) Комиссияның жұмысын жоспарлайды;

4) Комиссия отырыстарына төрағалық етеді.

11. Комиссия мүшелері:

1) ұсынылған материалдармен танысады;

2) Комиссия отырысында қаралуы тиіс мәселелерді қарайды және тиісті шешім шығаруға қатысады;

3) отырыстарға қатысу жөніндегі өз өкілеттігін басқа адамға бермейді.

12. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия отырысының күн тәртібін жасайды;

2) Комиссия мүшелеріне Комисия отырысының өтетін күні мен орны туралы хабарлайды;

3) отырысты өткізуге қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады, комиссия отырысының хаттамасын және комиссия отырысының қорытындысын ресімдейді;

4) Комиссия мүшесі болып табылмайды.

13. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары саласындағы тиісті уәкілетті органы Комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс органы) болып табылады.

Комиссия хатшысының міндеттері Жұмыс органының маманына жүктеледі.

14. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ өткізілетін күнін, уақыты мен орнын Комиссия төрағасы айқындайды.

15. Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін қалыптастыруды, Комиссия мүшелерін шақыруды, Комиссия қорытындыларының жобаларын және басқа да қажетті іс-шараларды Жұмыс орган қамтамасыз етеді.

16. Комиссия отырысы, егер оған оның құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Бұл ретте қоғамдық кеңестер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысу саны қатысып отырған жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде елу пайызын құруы тиіс. Жер комиссиясының мүшелері оның отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

17. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысушы жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен айқындалады және егер жер комиссиясы мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе шешім қабылданды деп саналады.

18. Комиссия отырысы міндетті түрде аудио, бейнежазба құралдарының көмегімен жазылады. Жер комиссиясының отырысын аудио, бейнежазба құралдарының көмегімен жазуды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

19. Комиссияның қорытындысы бес жұмыс күні ішінде Жұмыс органы сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстарды Комиссияға берген уақыттан бастап хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады.

20. Комиссияның оң қорытындысының бір данасы бес жұмыс күні ішінде оның жерге орналастыру жобасын дайындауы үшін өтініш берушіге беріледі.

4-тарау. Қорытынды ережелер

21. Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Сотқа арыз берілгенде Комиссияның хаттамалық шешімінің орындалуы тоқтатылады.

22. Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісті әкімнің аппаратына жүктеледі.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17400 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 3 шілде №276 Астана қаласы

«Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 7-тармағына және 6-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11745 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жәрдемақы ай сайын ағымдағы ай үшін және Заңда белгіленген мөлшерде оны алуға құқық туындаған күннен бастап жәрдемақы тағайындалған шарттардың сақталуы кезеңіне төленеді.

Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айын қоса алғанға дейін төленеді.

Жәрдемақы алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда жәрдемақы төлеу кеткен айын қоса алғанға дейін жүргізіледі.»;

6-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде Заңның 4-бабының 1-1), 7), 8), 8-1) тармақшаларында көрсетілген адамдар мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 223 Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен тұрғылықты жері бойынша МӘС бөлімшесіне жүгінеді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Төлемді қалпына келтіру үшін негіздеме болып табылатын мән-жайлар туындаған жағдайда Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің электрондық шешім жобасымен қоса ұсынылған құжаттармен ЭІМ-ні дайындауы және оны жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның бекітуі тоқтатыла тұрған күннен бастап не қалпына келтіруге құқық туындаған күннен бастап жүргізіледі.».

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ.Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі М.ӘБІЛҚАСЫМОВА

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
______________ Д. Абаев
2018 жылғы 23 шілде

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі ______________ С. Жасұзақов
2018 жылғы 17 шілде

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі ______________ Қ. Қасымов
2018 жылғы 12 шілде

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17270 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 20 шілде №313 Астана қаласы

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 5 мамырдағы №320 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7) бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11426 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларында:

2-тармақта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) еңбекке қабілетті адам (отбасының еңбекке қабілетті мүшесі) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды және (немесе) екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа дейінгі адам немесе отбасы мүшесі;»;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға.»;

6-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасы, егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейін асырауындағылар орта, техникалық және кәсіптік ортадан кейінгі білім беру, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын болып табылса, оқу орнынан жылына бір рет сұратылады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын еңбекке қабілетті отбасы мүшелері өтінішке қосымша:

«Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11342 болып тіркелген) мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс іздеуші адам ретінде тіркелуге өтінішті;

еңбек қызметін растайтын құжатты (бар болса);

білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжатты (бар болса) ұсынады.

Он алты жасқа толмаған адамның атынан ата-анасының немесе оның заңды өкілдерінің біреуінің еңбек қызметін жүзеге асыруға келісімі туралы еркін нысанда жазылған өтініш ұсынылады.

Үшінші адамның атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті және қажетті құжаттарды беруі атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар адамның нотариат куәландырған сенімхаты бойынша жүргізіледі.

Өтініш беруші құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқада ұсынады.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Атаулы әлеуметтік көмек мөлшері отбасы құрамы (немесе) жиынтық табысы өзгерген жағдайда көрсетілген мән-жайлар орын алған күннен бастап қайта есептеледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің немесе оны алу құқығының өзгеруіне негіз болатын мән-жайлар туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Орталықты, ал ауылдық жерде әкімді аталған мән-жайлар туралы хабардар етеді.

Алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақытында хабардар етпеген кезде, көмек мөлшері көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен бастап, бірақ оны тағайындау күнінен ерте емес қайта есептеледі, ал өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға әкелген дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны анықталған жағдайда адамға (отбасыға) атаулы әлеуметтік көмек төлеу оның тағайындалған кезеңіне тоқтатылады.»;

20-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі жеті жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартсыз ақшалай көмек өтініш жасалған айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындайды және ай сайын төленеді»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Шартты ақшалай көмек жалғызілікті немесе жалғыз тұратын еңбекке қабілетті күнкөрісі төмен адамдарға, сондай-ақ өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар табысы аз отбасыларға ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі.

Шартты ақшалай көмекті уәкілетті орган әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзіміне (алты айға) өтініш жасалған айдан бастап тағайындайды және әлеуметтік келісімшартта белгіленген кезеңге ай сайын немесе бір рет төленеді.

Біржолғы шартты ақшалай көмек үш айда бір рет төленеді.

Біржолғы төлем әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты іс-шараларға, жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құстарды және басқаларды сатып алуға), дара кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға (бұрын алған қарыздарды өтеуді, тұрғын үй сатып алуды қоспағанда) ғана қолданылады.»;

28-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) 18 жасқа дейінгі балаларды, кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын бітірген уақытына дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдарды және отбасы мүшелерінің жеті жасқа дейінгі балаға күтімді жүзеге асыратын бір мүшесін қоспағанда бір ай ішінде әлеуметтік келісімшарт қолданысының қалған кезеңіне 50%-пайызға қысқартылады;»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Уәкілетті орган шартты ақшалай көмектің мөлшерін азайту туралы шешім шығарғаннан кейін әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің қайта орындалмағаны анықталған кезде Орталық бір жұмыс күні ішінде:

әлеуметтік келісімшартты бұзу туралы қорытынды дайындайды;

«2) 18 жасқа дейінгі балаларды, кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын бітірген уақытына дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдарды және отбасы мүшелерінің жеті жасқа дейінгі балаға күтімді жүзеге асыратын бір мүшесін қоспағанда, отбасыға берілетін шартты ақшалай көмекті тоқтату туралы электрондық шешім жобасын қалыптастырады.

отбасыға берілетін шартты ақшалай көмекті тоқтату туралы электрондық шешім жобасын әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерінің бұзылуы туралы қорытындымен қоса осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті органға жолдайды;

алушыны осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелердің алғаш рет (қайтадан) орындалмағаны туралы хабардар етеді.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Мынадай:

1) отбасы мүшелерін әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралардың мерзімін ұзарту қажеттілігі;

2) әлеуметтік келісімшарттың қолданылу кезеңі аяқталған кезге еңбекке қабілетті адамдарға (отбасының еңбекке қабілетті мүшелеріне) қатысты қолданылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының мерзімдері аяқталмаған;

3) еңбекке қабілетті адам (отбасының еңбекке қабілетті мүшелері) әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін өзіне (өздеріне) байланысты емес себептер (екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік, жазатайым оқиға, дүлей зілзала) бойынша орындамаған);

4) жеке қосалқы шаруашылықты және (немесе) дара кәсіпкерлік қызметті дамытудың жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қолдаудың қажеттілігі болған жағдайларда, оны қосымша алты айға дейін ұзарту мүмкіндігімен алты айға жасалады.

Әлеуметтік келісімшартты ұзарту туралы шешімді уәкілетті орган өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты негізінде және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның ұсынымын ескере отырып, әлеуметтік келісімшарттың қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей қабылдайды.

Әлеуметтік келісімшарт ұзартылған кезде шартты ақшалай көмектің мөлшері қайта қаралмайды.».

10-қосымшасының:

Халықты жұмыспен қамтудың белсенді шаралары тізбесінің 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының «Профилактикалық медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидалары мен кезеңділігін белгілеу туралы» 2009 жылғы 10 қарашадағы № 685 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5918 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Скрининг ұйымдастыру бекіту туралы ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 9 қыркүйектегі №704 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6490 болып тіркелген) сәйкес скринингтік қаралудан өту;».

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарлаалар басқармасының назарына жеткізуді;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) 2) 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ.Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі М.ӘБІЛҚАСЫМОВА

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі ______________ Д. Абаев
2018 жылғы 25 шілде

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі ______________ Е. Біртанов
2018 жылғы 27 шілде

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17269 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 13 тамыз №348 Астана қаласы

«Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабы 27) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12597 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 21 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларында:

«Металл өңдеу» деген 1.1-кіші бөлімде:

10-тармақ алып тасталсын;

12, 13, 14, 15, 16 және 17-тармақтар алып тасталсын;

«Құрылыс, монтаждау және құрылыс-жөндеу жұмыстары» деген 1.2-кіші бөлімде:

24, 25 және 26-тармақтар алып тасталсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Жер қазушы»;

28-тармақ алып тасталсын;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Кессоншы, кессоншы-аппаратшы, кессоншы-үңгілеуші, кессоншы-электрмонтаждаушы»;

33, 35, 36, 38, 39 және 40-тармақтар алып тасталсын;

«Тау-кен жұмыстары» деген 1.3-кіші бөлімде:

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Мұнай мен газ ұңғымаларын пайдалану және барлау ұңғымаларын бұрғылаушы»;

64-тармақ алып тасталсын;

«Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар» деген 1.4-кіші бөлімде:

70 және 71-тармақтар алып тасталсын;

88, 89, 90 және 91-тармақтар алып тасталсын;

«Түсті металлургия» деген 1.6-кіші бөлімде:

146-тармақ алып тасталсын;

155, 156 және 157-тармақтар алып тасталсын;

«Лакбояу өндірісі» деген 1.11-кіші бөлім алып тасталсын;

«Резеңкені қайта өңдеу» деген 1.12-кіші бөлім алып тасталсын;

«Целлюлоза, қағаз, картон және олардан бұйым жасау өндірісі» деген 1.14-кіші бөлімде:

203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212 және 213-тармақтар алып тасталсын;

215, 216, 217, 218, 219 және 220-тармақтар алып тасталсын;

«Тас өңдеу және тастан құйылатын бұйымдар өндірісі» деген 1.16-кіші бөлімде:

223 және 224-тармақтар алып тасталсын;

228-тармақ алып тасталсын;

«Тоқыма және жеңіл өнеркәсіп» деген 1.20-кіші бөлімде:

236, 237, 238, 239, 240, 241 және 242-тармақтар алып тасталсын;

«Тамақ өнеркәсібі» деген 1.21-кіші бөлімде:

245, 246 және 247-тармақтар алып тасталсын;

«Өзен көлігі» деген 1.23-кіші бөлімде:

257-тармақ алып тасталсын;

258-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«258. Қатты отынмен жұмыс істейтін кемелердің қазан қондырғыларының машинисі (от жағушысы)»;

«Полиграфия өндірісі» деген 1.24-кіші бөлім алып тасталсын;

«Экономиканың барлық салаларына ортақ жұмысшы кәсіптері» деген 1.25-кіші бөлімде:

270-тармақ алып тасталсын;

278-тармақ алып тасталсын;

285-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б.Әлтаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі М.ӘБІЛҚАСЫМОВА

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17375 болып енгізілді.